

БАС РЕДАКТОР

С.Ж. ПИРӘЛИЕВ

**Абай атындағы ҚазҰПУ ректоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор,
ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі**

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Нуриев М.А. - Абай ат. ҚазҰПУ, Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ҒЗИ директоры, ҚР Жоғары мектебіне еңбегі сіңген қызметкер, профессор, бас редактордың бірінші орынбасары;

Сейсенбаева Ж.А. Абай ат. ҚазҰПУ, Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ҒЗИ директорының орынбасары, ф.ғ.к., жауапты редактор;

Айдемір Окай - Ыстамбұл университетінің байланыс факультетінің деканы, профессор;

Әлмұхамбетов Б.А. - Абай ат. ҚазҰПУ, көркем-сурет факультетінің деканы, пед.ғ.д., профессор;

Байсабаев Б.А. - ф.ғ.к., Ж.Баласағұн атындағы Қырғыз Ұлттық университетінің доценті

Бейсенова Ә.С. - Абай ат. ҚазҰПУ-дың «География және экологиядан ғылыми-әдістемелік орталығының» меңгерушісі, геогр.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА акедемигі;

Бөлеев Қ - Тараз мемлекеттік педагогикалық институтының «Педагогика және этнопедагогика» кафедрасының меңгерушісі, пед.ғ.д., профессор;

Ғаббасов С. - жазушы, КСРО Денсаулық сақтау ісінің үздігі, медицина және педагогика ғылымдарының докторы, профессор;

Есполов Т.И. – Қазақ ұлттық аграрлық университетінің ректоры, э.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі;

Исамидинов И.Ч. – Жүсіп Баласағұн ат. Қырғыз ұлттық университетінің ректоры, пед.ғ.д., профессор;

Иманбаева С.Т. - Абай ат. ҚазҰПУ, «Ұлттық тәрбие және өзін-өзі тану» кафедрасының меңгерушісі, пед.ғ.д., профессор;

Кирабаев С.С. - ф.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі;

Мардахаев Л.В. - Ресей Мемлекеттік әлеуметтік университетінің «Әлеуметтік және отбасы педагогикасы» кафедрасының меңгерушісі, пед.ғ.д., профессор;

Михайлова Н.Б. - пс.ғ.к., доцент, Халықаралық білім және ғылыми ақпараттандыру орталығының директоры (Германия);

Молдабеков Ж.Ж. - филос.ғ.д., әл-Фараби ат. ҚазҰУ «Мәдени-антропология» кафедрасының профессоры;

Мұтанов Ғ.М. - әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің ректоры, тех.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА құрметті мүшесі;

Нәрібаев К.Н. - ҚР ҰҒА қоғамдық және гуманитарлық бөлімше төрағасының орынбасары, э.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі;

Нөкетәева Д.Ж. - Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің ректоры, ед.ғ.к.;

Сманов Б.Ө. - аппарат жетекшісі, Абай ат. ҚазҰПУ профессоры, пед.ғ.д., ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, Халықаралық педагогикалық білім беру (Ресей) және Халықаралық Айтматов (Қырғызстан) академияларының академигі;

Шаханова Р.Ә. - Абай ат. ҚазҰПУ-дың Магистратура және PhD докторантура институтының филология мамандықтары кафедрасының меңгерушісі пед.ғ.д., профессор, ХПБҒА мүше-корреспонденті.

ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР

С.Ж. ПРАЛИЕВ

**Ректор КазНПУ имени Абая, доктор педагогических наук, профессор,
член-корреспондент НАН РК**

СОСТАВ РЕДАКЦИОННОГО СОВЕТА:

Нуриев М.А. - директор НИИ по Формированию интеллектуальной нации КазНПУ им. Абая, Заслуженный работник высшей школы РК, профессор, первый заместитель главного редактора;

Сейсенбаева Ж.А. - зам. директора НИИ по Формированию интеллектуальной нации КазНПУ им. Абая, к.ф.н., ответственный редактор;

Айдемир Окай - декан факультета связи университета Стамбул, профессор;

Альмухамбетов Б.А. - декан художественно-графического факультета КазНПУ им. Абая, д.пед.н., профессор;

Байсабаев Б.А. - к.ф.н., доцент Кыргызского Национального университета им. Ж.Баласагына;

Бейсенова А.С. - руководитель научно-методического центра по географии и экологии КазНПУ им.Абая, д.пед.н., профессор, академик НАН РК;

Болеев К. - зав. кафедрой «Педагогика и этнопедагогика» Таразского государственного педагогического института, д.пед.н., профессор; .

Габбасов С. - писатель, Заслуженный работник здравоохранения КСРО, доктор медицинских и педагогических наук, профессор;

Есполов Т.И. - ректор Казахского национального аграрного университета, д.э.н., профессор, академик НАН РК;

Исамидинов И.Ч. - ректор Кыргызского национального университета имени Ж.Баласагына, д.пед.н., профессор;

Иманбаева СТ. - зав. кафедрой национального воспитания и самопознания КазНПУ им. Абая, д.пед.н., профессор;

Кирабаев С.С. - д.ф.н., профессор, академик НАН РК;

Мардахаев Л.В. - заведующий кафедрой социальной и семейной педагогики Российского государственного социального университета, д.пед.н., профессор;

Михайлова Н.Б. - директор центра международного образования и научной информатизации (Германия), к.пс.н., доцент;

Молдабеков Ж.Ж. - профессор кафедры культурной антропологии КазНУ им. Аль-Фараби, д.филос.н.;

Мутанов Г.М. - ректор Казахского Национального университета имени аль-Фараби, д.тех.н., профессор, почетный член НАН РК;

Нарибаев К.Н. - зам.председателя отделения общественных и гуманитарных наук НАН РК, д.э.н., профессор, академик НАН РК;

Нукетаева Д.Ж. - ректор Казахского Государственного женского педагогического университета, к.пед.н.;

Сманов Б.О. - руководитель аппарата Казахского национального педагогического университета имени Абая, д.пед.н., профессор КазНПУ имени Абая, член-корреспондент НАН РК, академик Международной академии наук педагогического образования (Россия), Международной Айтматовской академии (Кыргызская Республика);

Шаханова Р.А. - зав.кафедрой филологических специальностей Института Магистратуры и PhD докторантуры КазНПУ им. Абая, д.пед.н., профессор, член-корреспондент МАН-ПО.

EDITOR-IN-CHIEF

S.ZH. PRALIEV

**the rector of KazNPU named after Abai, the doctor of pedagogical sciences, the professor,
corresponding-member of the NAS RK**

EDITORIAL STAFF:

Nuriev M.A. - the director of scientific research institute of Intellectual Formation nation of KazNPU named after Abai, the deserved worker of the higher school of the RK, the professor, first deputy chief editor;

Seysenbaeva Zh.A. - the deputy director of scientific research institute of Intellectual Formation Nation of KazNPU named after Abai, the candidate of philological science, the managing editor;

Aydemir Okay - dean of the Faculty of Communications Istanbul University, the professor;

Almukhambetov B.A. - the dean of art-graphic faculty KazNPU named after Abai, the doctor of pedagogical sciences, the professor, the academician of the National Knowledge Academy named after YAltynsarina;

Baisabaev BA. - the candidate of philological science, the docent Kyrgyz National University named by Zh. Balasagyn;

Beysenova A.S. - the chair of sud department «the scientifically-methodical centre on geography and ecology» the doctor of pedagogical sciences, the professor, academician of the NAS RK;

Boleev K. - the university chair of "Pedagogics and ethnopedagogics" of Taraz State Pedagogical Institute, the doctor of pedagogical science, professor;

Gabbasov C. - the writer, the deserved worker of public health services KSRO, the doctor of medical and pedagogical sciences, the professor;

Espolov T.I. - the rector of Kazakh national agrarian university, the doctor of economical sciences, the professor, the academician of the NAS RK;

Isamidinov I.Ch. - rektor of Kyrgyz National University named by Zh. Balasagyn, doctor of pedagogical sciences;

Imanbaeva S.T. - Head of the Department of "national education and samoponaniya" KazNPU them. Abaya, the doctor of pedagogical sciences, the professor;

Kirabaev S.S. - the doctor of philology, the academician of the NAS RK;

Mardahaev L.V. - Head of the Department of Social and Family Pedagogy of the Russian State Social University, doctor of pedagogical sciences, professor;

Mikhailova N.B. - Ph.D., Associate Professor, Director, Center for International Education and Information Science (Germany);

Moldabekov Zh.Zh. - the academician of social academy, the academician of Academy International acmyology, the doctor of philosophic sciences, the professor of the chair "Cultural anthropology" of KazNU named after Al-Farabi;

Mutanov G.M. - the rector of the Kazakh National University named after Al-Farabi, the doctor of technical science, the professor, honorary member of the NAS RK;

Naribaev K.N. - vice-chairman of separation of social and humanitarian sciences of NAS RK, the doctor of economics, the professor, academician of the NAS RK;

Nuketaeva D.Zh. - rector of Kazakh State Female Pedagogical University, the candidate of pedagogical sciences;

Smanov B.U. - head of the office of the Kazakh national pedagogical university of a name of Abay, doctor of pedagogical sciences, professor KazNPU of a name of Abay, corresponding member of National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan, academician of the International academy of Sciences of pedagogical education (Russia), International Aytmatovsky academy (Kyrgyz Republic);

Shahanova R.A. - the university chair of philological specialties of PhD studies and magistracy Institute of KazNPU named after Abai, the doctor of pedagogical sciences, the professor, corresponding-member of the IASPE.

Меншік иесі: Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Журнал Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2010 жылдың
4-ші ақпанында тіркеліп, №10674-Ж кәулігі берілді.

© Абай атындағы ҚазҰПУ, 2014



Университет жаңа ғасыр талабына сай сапалы білім беріп, жаһандық бәсекеге қабілетті мамандар әзірлеуі тиіс. Бұл білім сапасын арттыруға ықпал етіп, оқу орны түлектерінің кәсіби өсуіне, өмірде табысты болуына жол ашады

*Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қ.А. Иасауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік университетінің оқытушылар құрамы және
студенттерімен кездесуінде сөйлеген сөзі. Түркістан қаласы, 24 мамыр 2010 жыл.*

Ә.Табылды

ҚР білім беру ісінің қызметкері, профессор

Қазіргі жаһандану заманында елім, жерім, тілім деп соққан жүрегі бар, зейінді де зерделі жастар тәрбиелеген жағдайда ғана Қазақ елінің келешегі кемел болатыны анық. Осы тұрғыда профессор Әдібай Табылдың Қазақ Республикасының Білім және Ғылым Министрлігі Мектепке дейінгі және орта білім департаментінің ұсынуы бойынша (№Ж-Т-Т-52\1.23,08.2013ж.) факультативтік немесе тәрбие сағаты формасына негізделген «Әдептік сабақтар» оқу құралының тағылымдық, тәрбиелік мәні зор. Осы себепті, журналымыздың бұл жолғы санына аталмыш кітаптан сабақ түрлерінен үзінді беруді жөн көрдік.

ҰЛТЖАНДЫЛЫҚ – ӘДЕПТЕН

5 - сынып

Мақалада тағылымы мол, жастарға өнеге берерлік игі қасиеттерді таратып көрсеткен. Сонымен қатар, ұлтжандылық-әдептен, ұжымшылдық-әдеп, іскерлік-әдептен, әділеттілік-әдептен сынды адам бойындағы асыл қасиеттерді жеке-жеке тақырыпшаларға бөліп, адам баласына тек жақсылық жасауды уағыздап, ұрпағын жақсылыққа, әдептілікке, өскелең келешек санасына ұлттық намыс пен еңбекшілдік қасиеттерді сіңіруді насихаттаған.

Түйін сөздер: ұлтжандылық, әдеп, ұжымшылдық, іскерлік, әділеттілік, ұлттық намыс, жастар, қасиет.

Данная статья посвящена месту и роли духовно-нравственного воспитания среди молодежи. Акцентируя свой интерес на духовном кризисе, патриотизме, этике, переживаемом современным обществом, автор подчеркивает человеческие качества такие как доброта и трудолюбие, честность которые мы должны прививать у подрастающего поколения.

Ключевые слова: патриотизм, профессионализм, молодежь, качество, доброта, честность.

This article is sanctified to the place and role of spiritually-moral education among young people. Accenting the interest on the spiritual crisis, patriotism, ethics, experienced by modern society, an author underlines human qualities such as kindness and industriousness, honesty that we must to inoculate at a growing generation.

Keywords: patriotism, professionalism, young people, quality, kindness, honesty.

Қазақ халқының ұлттық ерекшеліктері, ұлттық салт-дәстүрлері мен мәдениеті жеке тұлғаның жанын жадыратып, жүзін нұрландырады. Сондықтан, өз ұлтын (қазақ ұлтын) сүймейтін пенде болмайды. «Халқын сүймегеннің қары сынсын», «у ішсең, руыңмен», «Отаның үшін отқа түс, - күймейсің», «ер ел үшін туады, ел үшін өледі», «қарға тамырлы қазақ» деген мақалдар ұлтжандылықты бейнелейді. «Қазақпыз - әлемге танықпыз. Азатпыз ерлікпен алыппыз» деп, мақтанамын.

Ұлтжанды қазақ ең әуелі ұлттық тілді жоғары бағалайды, ұлттық әдебиетті, мәдениетті сүйеді. «Ана тілім – байлығым. Сана, білім, айбыным» деп, ол ұлттық тілді қастерлеп, шешендікке бейім болады.

Ұлтжандылық – ұлтшылдық, яғни тек өз ұлтын сүйіп, басқа ұлттарды жек көретін тұлға емес, нағыз адами асыл қасиеттерді игерген тұлғаның беделді белгісі.

Ұлтжанды тұлғаның қозғаушы күші – ұлттық намыс. Ұлттық намыс – ержүрек, қайырымды, мейірімді, өнерпаз, шешен

қазақ халқының ғасырлар бойғы қайсарлық күрестері мен қажырлы еңбектері арқылы қалыптасқан ұлттық тірегі. Ержүрек, жеңімпаз, әмбебап халықтың ғаламға танытқан биік туы – ұлттық намыс әрбір тұлғаның жүрегіне орнап, қанына сіңген құдіретті қуат.

Ұлтжандылық — перзенттік парызды өтеудің ұлттық белгісі: әрбір ұлттың перзенті өз ұлтын сүймесе, оған қызмет етпесе, ол ұлтжанды емес, яғни ол отансыз, опасыз жан. Басқа ұлттық ортада өсіп, өз елін, ұлттық тілін білмейтін тұлға – ұлттың өкілі емес. Ол өз халқына қызмет ете алмайды, қазақпен қаны бір болғанмен жаны бөлек тұлға ұлтын танымай, мәнгүрт болып өседі.

Мына тақпақты жаттап ал:

МЕН - ҚАЗАҚПЫН

Мен – ерлікпен азатпын–
Мейірімді қазақпын.

Ешбір ұлтты бөлмеймін:
-Енші берем, кел!- деймін.

Досты сүйем танып мен:
Доспын барлық халықпен.

Берік достық, бірлігім,
Бекем елдік тірлігім.

Көрсін әлем ел ісін-
Бірлігімнің жемісін.

Мен қазақпын – ұлымын:
Сыйласқанның құлымын..

Мына тапсырманы жазуша орында:

1. Ұлтшылдық және ұлтжандылық туралы түсінік жаз.
2. Ұлттық намыс туралы түсінік жаз.

Ұжымшылдық - әдеп

«Көп түкірсе – көл», «Көпке топырақ шашпа», «Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді»,

«Жұптасып көтерген жүк жеңіл», «Көппен көрген – ұлы той», «Көп көтереді, терең батырады» дейді қазақ халқы.

Қоғамда ұжымды ардақтап, оның мақсаттары мен дәстүрлерін бұлжытпай орындау - әдептілік, адами қадірлі қасиет. «Жалғыз жүріп жол тапқанша, көппен жүріп адас», деп қазақ халқымыз ұжымшыл болуды ертеден уағыздап келеді.

Ең әуелі ұжымның әрбір мүшесі ұжымдық жауапкершілікті берік сақтауға міндетті. Ұжымдық жауапкершілікті жеке бастың тіршілігінен жоғары қою – ләзім. Жалпы ұжымдық міндеттер мен мақсаттар жеке тұлғаға үлестемей, тұтастық жауапкершілікті жүктейді.

Ұжымдағы дәлдік дәстүр әрбір іс-әрекетті белгіленген уақытта орындауды талап етеді. Уақытты пайдаланудың дәлдік дәстүрі ұжымдағы тәртіптілік әдебін қалыптастырады.

Ұжымдағы қамқорлық дәстүрі ұжым мүшелерінің бір-біріне қамқорлық жасау әрекетін міндеттейді және қалыптастырады. Ұжымдық қамқорлықтың түрлері көп, ол ұжымдасқан топтың қасиетті борышы болып табылады.

Ұжымдық салтанат жеке тұлғалардың ынта – ықыласы мен еңбектенуі арқылы өз нәтижелерін береді.

Әсіресе, ұжым өнерпаздығы, еңбекшілдігі ұжымшылдық қасиет арқылы өрнекті, өнегелі жемістерін береді. Жеке тұлғаның өнерпаздық, еңбекшілдік қасиеті өз ұжымында дамиды.

Ұжымдағы зерттегіштік, білімдарлық дәстүрлер арқылы жеке тұлғаның біліктілігі дамып, қалыптасады.

Ұжымдық тәрбие жеке тұлғаны ұжымшылдыққа баулу арқылы, оның адамгершілігін, еңбексүйгіштігін, әдептілігін, көпшілігін қалыптастырады.

Мына тақпақты жаттап ал:

ҰЙЫМШЫЛ ЕЛ - ҚАЗАҚ ХАЛҚЫ

«Бірлік болмай, тірлік болмас»,
Бірлес бізбен, бірік, жолдас:
Атқарылып мақсатымыз,
Аталады жақсы атымыз.

Қамқор болып бір-біріне,
Қандас достар бірігуде:

Еңбек тойы, қызығы да -
Еңбекшінің ұжымында.

Ұлы мақсат иелері
Ұжымына сүйенеді:

Ұжымшыл ер: ғажап салты:
Ұйымшыл ел – қазақ халқы,

Тапсырма:

1. Ұжым туралы өз түсінігіңді жаз.
2. Сен ұжымның қандай тапсырмасын орындап жүрсің?

Іскерлік – әдептен

Жеке тұлғаның іс-әрекеттегі білімдарлығы, шеберлігі, әмбебаптығы, көрегенділігі, тәжірибесі жетікті екендігі, тындырымдылығы – бәрі бірігіп, іскерлік деп аталады.

Іс - әрекеттегі білімдарлық оқығаны мен тоқығаны мол жеке тұлғаның өз білімін іске асыра білетін қабілетінің қайырымын көрсетеді. Алған білімін (теориялық) іс - әрекетте (практикада) іске асыра білу – білімдарлықтың әдептілік белгісі.

Жеке тұлғаның іске шеберлігі оның іс-әрекеттегі ынта – ықыласы, қызығуы, құштарлығы, құлшынуы арқылы қалыптасады да, ол алған ісін тиянақты әдеппен өз дәрежесінде орындайды.

Іскерліктегі әдеп көбінесе әмбебап білгірліктен айқын көрінеді. Мысалы компьютермен жұмыс істеу үшін жеке тұлға электротехниканы, радиотехниканы, жазу ережелерін, өз мамандығын жан-жақты жақсы біліп, пайдалану керек.

Іскерлік көрегенділікпен, әдеппен де байланысты. «Көрген көргенін істейді, көсеу

түрткенін істейді», «Ата көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер» деп қазақ халқы көрегенділіктің тәрбиелік, тәжірибелік мәні зор екенін, мұрагерлік мәнін көрсетеді.

Іскерліктің нәтижелігі, көбінесе, жеке тұлғаның іс тәжірибесіне байланысты. Іскер болу үшін, тәжірибелік іс-әрекеттер жеткілікті болу керек. «Үйрен де жирен» дейді халық. Үйрену мақсатын намыспен қаруландырып, іс нәтижесін көрген адам қуанышқа бөленіп, талап пен еңбек арқылы бақытқа жететіне сенеді.

Іскерліктен әдептілік, мәдениеттілік көрінеді де, ол адамдықты танытады.

Мына тапқыты жаттап ал:

ІСТІҢ ЖӨНІН БІЛІП АЛ

Істің жөнін білмесең,
Іркілесің күнде сен.

Іске керек шеберлік:
Іскерлік пен өнер – құт.

Шынықтырып күшінді,
Шыңдап үйрен ісінді.
Іскер болып, білім ал:
Істің жөнін біліп ал.

Тапсырма:

1. Іскерлік туралы өз пікіріңді жаз.
2. Істі қалай үйрену керек?

Әділеттілік - әдептен

Өтірік айтпау, шындықты танып, оны қорғау, әділетті болу, адамға жақсылық ойлау, әр нәрсені бағалай білу қағидалары іс - әрекет арқылы жеке тұлғаның санасында әдеп болып қалыптасады да, оның әдепті адамдық бейнесін көрсетеді.

«Өтіріктің құйрығы бір – ақ тұтам», «Өтірік сөз өрге бастырмайды», «Өтірікшінің шын сөзі зая кетеді» деп, халық әділеттіліктің қас дұшпаны өтірік екенін жас ұрпаққа жастайынан түсіндіріп, оларды шыншылдық әдепке тәрбиелейді. «Өтірік, өсек, мал шашпақ» сияқты «дұшпандардан» аулақ болуды уағыздайды Абай дана.

Халық шындықты тани білуді және оны қорғай білуді насихаттап, шындық - әділеттіліктің, әдептіліктің тірегі екенін дәлелдеп көрсетеді. «Міншіл болма, шыншыл бол», «Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ», «Шындық бас жармаса да, тас жарады» деген халық сөзі шындық, әділеттілік арқылы мақсатқа, жеңіске жетуге болатынын дәлелдейді. Ұрпақты әділеттілікке тәрбиелеу үшін, халық шындық үшін күресудің тәсілдерін үйретеді. Әделетті болу – шыншыл болудың ұлттық әдептілік көрінісі. Шындық – сыбайластыққа қарсы күрестің күрмеусіз құралы.

Әділеттілік әдебі адам баласына тек жақсылық ойлаудан да айқын көрінеді. Күншіл, қараниет адам ешқашан да әділетті болмайды. Сондықтан халық ондай адамдардан аулақ болуды, адам баласына тек жақсылық жасауды уағыздап, ұрпағын жақсылыққа, әдептілікке тәрбиелейді.

Әділеттілік әдебі әр нәрсені әділ бағалай білуден де көрінеді. Іс-әрекеттің, құндылықтың әділ бағасын бере білмеген адам әділетті емес. Әділетсіз адамның

жалған сөзі, баянсыз бағасы – дұшпандық. Ол жазасын тартады.

Мына тақпақты жаттап ал:

ӘДІЛ БОЛЫП ӘДЕТТЕН

Әділ адам - шын мықты
Әділ айтар шындықты.

Шындықты дәл көре біл:
Шын бағасын бере біл.

Артық сөзді көпіріп,
Айта салма лепіріп.

Әлемдегі құндық та -
Әділдік пен шындықта.

Әділеттік - әдептен:
Әділ болып әдеттен.

Тапсырма:

«Әдепті жан әділетті болады» деп, ол туралы түсінігінді жаз.

«Шындық», «әділеттілік» деген сөздерге түсінік жаз.

Тәрбиелеу дегеніміз – халықтардың бойына білімге негізделген этикалық игіліктер мен өнерлерді дарыту деген сөз

әл-Фараби.



ӘОЖ 8.82.4

С.Ғаббасов

*Жазушы, медицина және педагогика ғылымдарының докторы,
КСРО денсаулық сақтау ісінің үздігі, профессор, Қазақстанның Еңбек сіңірген
қайраткері, ШҚО-сы, Зайсан ауданының құрметті азаматы, Махамбет атындағы
сыйлықтың лауреаты, Халықаралық Нострадамус атындағы академияның
толық мүшесі – Академик*

ӨТКЕН КҮНДЕ – БЕЛГІ БАР

Автор мақалада артта қалған күндерінен болашақ ұрпақтың алдағы атар тандарына сабақ болардай тағылымы мол, өткен күндердегі ұстаздары – академик И.Қарақұлов, профессор К.Өтегенова, профессор Қ.Макиров, профессор Х.Мырзалиевадай ғұламаларды еске алып, 100 жылдықтарына арнап қалам тербеген.

Түйін сөздер: жазушы, өткен күн, ұстаз, тәрбие, болашақ, ұждан.

Данную статью автор посвящает столетию со дня рождения таким педагогам как академику И. Каракулову, профессору К. Утегеновой, профессору К. Макирову, профессору Х.Мырзалиевой которые после себя оставили бессмертные труды.

Ключевые слова: писатель, педагог, воспитание, труд, будущее.

This article author to the to dedicate century from the day of birth to such teachers as academician I. Karakulov, professor K. Utegenov, professor K. Makirov, to the professor K. Mirzagaliev that after itself left immortal labours.

Keywords: writer, teacher, education, labour, future.

Мұңлы арман. Алматының мамыражай жазы. Бұл кезде аласапыран апаты мен қасіреті мол болған, XX-шы ғасыр да ортасынан ауып бара жатқан. Не түрлі кесіптерді басынан кешкен Кеңес елі де, екінші дүниежүзілік соғыс лаңынан енді-енді көтеріле бастаған. Сол кездегі мектеп бітірген Ұландар, Комунисттік партияның шақыруымен, ауыл шаруашылығында екі жыл жұмыс істеп, 1959 жылы оқу орындарына түсуге талаптану да еді. Мен де осы жылы, мұңға толы, құпиялы сәби арманымды арқалап, адам дәрігері боламақшы боп Алматыға келген едім. Сірә, мына астарлы сөздерден, оқырманда әртүрлі сауалдар тууы да мүмкін ау;

Иә ә, неге мұңға толы?..

Неге құпиялы сәби арман?..

Неге, дәрігерлікті таңдайды? – дейтін, сауалдардың сырын аша кеткен жөн сияқты.

Өйткені, мұның өзі – бүкіл тағдырымның кілті десемде болады...

Иә ә., шынында да, бұл – қапалы да, қапырықты уақиға еді?! Соғыс алапаты жаңа бітіп, менің жеті жасар шағымда, екі бірдей ағаларым; бірі – он тоғыз жасында; екіншісі – он жеті жасында, он-ақ күн аралап дүние салған болатын. Әсіресе, Совет бек атты ағатайым қайтқанда, еңіреген жасым тоқтамай, шошына жүрексінемде шымалдықтың арғы жағында жатқан мәйітке кірдім де, бетін ашқан бойы мелшиіп тұрып қалғандағы бала сезімді, дәл басып айту қиын. Сонда, Өлімнен – шошынсам да, Ажалмен – күресуді, келешек арманымдай серт беріп шыққандай едім. Міне сол, мұңға толы, құпиялы арман, Алматының дәрігерлік институтына әкеп тұр. Болмаса, жетінші кластан бастап – шағын суреттеме, өлең тақпақтарым аудан және облыс газеттерінде

жариялана бастаған болатын. Осыған қарамастан, менің бар арманым – дәрігер болып, мезгілсіз келетін ажалмен – күресу еді. Бірақ, мұның асу бермес қиындығы, шет тілінің сынағы болатын. Өйткені, орта мектепте шала-пала неміс тілін оқыған едік...

«Адамда – тағдыр бар» дегенге қалай сенбессіз?! Шынымды айтсам, неміс тілінен сауатым жоқ болатын. Әйтеуір, Нартәуекел!..

Бұл кезде бодандаушылардың да ары оянып, ұяты беттерін күйдірді ме? Қалай десекте, бұл жылдары қазақ мектебін бітіргендер сынақты – қазақ тілінде тапсыра бастаған. Негізгі пәндері химия мен физиканы өте жақсы тапсырып, шошынып жүргенім орыс пен неміс тілдері болатын. Орыс тілінен сұқбаттасу болса, неміс тілінен – сынақ тапсыртады екен. «Тәуекел түбі – жел қайық» дегендей сынаққа кіріп белет алсам, Алланың сәті болар, жаттап алған «Am tich – за столом» дейтін, шағын тақырыптың қолыма түскеніне не дерсіз? Бұл келмесе, мүлдем қараң едім ғой. Міне, алланың жарылқауымен, осылайша дәрігерлік институтқа түстім. Жалпы, дәрігерлік мамандықтың оқуы да қиын, қызметі онанда бетер жауапты екенін ерекше айтқан жөн. Оның үстіне, дәрігерлік мамандық та, жазушы, акын, суретші, композитор тәрізді, адам жаратылысында осыған орай табиғи қабілеті болуы шарт?! Кеңес елінде ескерілмейтін бір қателік осы болатын! Диплом алғанның бәрі – жақсы дәрігер бола алмайды. Өйткені, адамның тегін де, бақсы балгерлік негізі болуы қажет.

Мединститутқа түстім! Ендігі мәселе, жатпай тұрмай сабақ оқу?!.. Әйтпесе, бірінші курстың аяғында бес факультеттен 190 200-ден қазақ балалары орыс тіліндегі оқуды игере алмай институттан шығып қалады екен. Осыны естіген біздер тәулігіне 3-4 сағат қана ұйықтап, күні-түні сабақ жаттаймыз. Әсіресе, біліп тұрған химия мен физиканы орысша айтып бере алмай қиналатынымызды айтсаңызшы?! Сонда ғана бодандық – құлдық – теңсіздік – дегеннің не екенін түсіне бастадық. Өз елің де өз тілің де сөйлей алмаудың қасіретін шектік...

Оқудағы үлгірімім жақсы болғандықтан, екінші курстан институттың комсомол комитетіне тартты. Бұл қоғамдық көзқарасымды тереңдетіп, азаматтық санама ықпал еткені рас. Көп нәрсеге көзіміз ашыла бастады. Өртүрлі жайды ашық көтеріп, уақыт тынысын аңғару байқалатын. Мәселен, институт басшылығын да, партком да, не деканаттар да бірде бір қазақ кадрінің көрінбеуі, өз отанындағы кемсінудің көрінісіндей сезілетін. Тіпті мұны, тұңғыш рет институт көлемінде көтерген де, комитет комсомолы болды. Себебі, осы жылдар да, комсомол комитеттеріне батыл да еркін қимылдауға нұсқау беріліп, «жастар мәселесін – жастар өздері шешсін» дейтін бағдарлама өмірге еніп жатқан. Бұл жастардың белсенділігін көтеріп, институтта да, жатаханада да, жаңаша қимыл-әрекеттердің ұйтқысы болды. Осындай жаңашылдықпен дүниеге келген жақсы істің бірі, институттың жанынан ұйымдастырылған - Көркемөнерпаздар ұжымы болды. Мұнда музыка құралдарының; домбыра, баян, қобыз, күйсандық, сыбызғы, шертер, хор – үйірмелері жұмыс істей бастады. Институттың комсомол ұйымының жетекшілігімен жасалған көптеген жақсы істер, тек институтта ғана емес, аудан мен қала көлемінде де айтыла басталды. Мединститутының ұлт аспаптар оркесторы мен әншілері республикаға да белгілі бола бастады. Кешегі Татьяналарымыз осы кезде шыққан. Олардың домбырамен қазақтың халық әндерін нақышына келтіре орындағандарын, көпшілік қауым ыстық ықластарымен қабылдаған еді. Осылайша, институт комсомол комитетінің беделі артып, аудандық деңгейдегі құқұқ берілген соң, оның І-ші және ІІ-ші хатшылары айлық алып қызмет істеді. Бұл кезде, 1964 1965 жылдары, мен комсомол ұйымының І ші хатшысы қызыметін атқарған едім. Осы жылдары институт жанынан Мәншүктің музейі ашылып, бодандықтан бұйығып қалған жастардың еңсесін көтеруге көп әсерін тигізді...

Мединституттағы өзгерістер. Бұл өзгерістердің пәрменді болуына жетекшілік ет-

кен, осы жылдары Москваның 2-ші медицина институтынан – Алматы институтына ғылым жөніндегі проректоры боп келген профессор Қуаныш Аманбайұлы Макировтың орны бөлек болатын. Бұл адам гвардия полковнигі, кезінде Тегаран конференциясына қатысқан, аса білімді де өткір адам еді. Профессор Қ.А. Макировтың ақылдасып кеңесетін адамы, бұрын екі дүркін республикада денсаулық сақтау министрі болған, атақты академик Ишанбай Қарақұлұлы Қарақұлов еді. Бірақ, бұлар кезкелген іске – жабық басшылық етті де, біздер – жастар ұйымы мәселені ашық жүргізушілер болдық. Осы тұста істелген шаруаларды қысқаша айтсақ, 1962–1963 оқу жылы – институттағы оқу ісінің проректоры – профессор А.А. Сүлейменов тағайындалды, институттың парткомы – доцент М. Құнантаев сайланды, емдеу факультетінің деканы – доцент А.Ғ. Серғазин, балалар факультетінің деканы доцент М.Ғ. Сейтқамзин, стоматология факультетінің деканы – Қ.Ш. Шакеновтер бекітіліп, міне бұлар тұңғыш басшылыққа келген қазақ мамандары болды. Бұл – бүкіл медицина саласындағы жаңа леп, аса батыл жаңалық деуге болады. Ендігі ең ауыр шаруа, көктем келісімен балалардай шулап, институтпен қоштасатын қазақ жастарының мәселесі еді. Бұл мәселені шешу үшін, мамандыққа қатысы жоқ, бірінші курстегі физика, химия, тарих, политэкономия, ғылыми коммунизм – пәндерін қазақша оқытуды көтере бастадық. Өлі де, жоғарыдағылар – жабық істеп, бұл мәселені де ашық көтерушілер, комсомол комитетіндегі біздер едік. Комсомол ұйымының І-ші хатшысы ретінде, менің артымда КГБ ның аға литинанты жүрді. Бірақ, оның «қортынды анықтамасында» қазақ группасын ашудың қажеттігін айтып, қаржы жағынан үкіметке ұлан асыр пайдасы мол екені түсіндіріліпті. Өйткені, бір жыл оқып шығып қалатын 190–200 студенттің әрқайсысына миллиондаған қаржы шашылады екен. Мұны институт бойынша талқылап, бес факультеттің әрқайсысына үш группадан, жоғарыда көрсетілген пән-

дерді қазақша оқытатын он бес группа эксперимент ретінде ашылатын болды. Бұл шешімнің пайдасы келесі жылы ақ көрініп, институттан бар болғаны 10-ға да жетпейтін балалар шығарылды. Оның көпшілігі тәртіп бұзған студенттер еді. Біздің батыл жасалған инновациямыз – бүкіл қала бойынша, аса үлкен сенсация болды. Көп ұзамай осы пәндердің кафедра меңгерушілері де, екі тілді білуге тиісті болып, барлығына қазақ тілді ғалымдар басшылық ете бастады. Әйтседе, мұның бәрі оп оңай, ыңшыңсыз жүріп жатқан жоқ. Әсіресе, орыс тілділерге ұнамайтындықтан, институтта әртүрлі сөздер де көп. Бірақ, фактінің аты – факті емес пе, болған істің жақсылығын көріп күмілжігендерімен, күнкілдеп қазақша оқытудан үрейленетіндерін ашық айтып жүрді...

Көтеріле бастаған келесі бір мәселе, институтта қазақ докторларының дайындалмай жатқаны болатын. Мұны жыл сайын институттың партия жиналыстарында, сол профессорлардың өздері жиі көтеріп жүрді. Бірақ, орысы да, қазағы да шуылдасады да, түк болмағандай қоя салады. Тіпті, жиналыстан кейін, мүлдем ұмытып та кететін. Әйтседе, институтқа «Орталық ғылыми лаборатория» (ЦНЛ) қажеттігі де, тіпті жылда айтылатын «докторантуралық демалыс» беру де, сөз бұйдадан асалмай жүргені анық. Бұл мәселелердің жыл сайын институттың жалпы жиналысында айтылғанымен, не себептен шешілмей келе жатқаны жайлы, ректоратта тіс жарып әңгіме қозғағысы келмейтін. Мұның себептерін естуге, әсіресе биылғы жиналыста жас коммунистер тағыда белсенділік көрсетті. Бірақ оларға нақты жауап берген ешкімде болған жоқ. Көп жылдар бойы, тым ұзақ уақыт институттың ректоры болған Р.И.Самаринның орнына келген, денсаулық министрінің орынтағын ауыстырған С.Р. Қарынбаев та, мұны шешуге асықпайтын тәрізді. Сондықтан болар, бұл мәселе бірде, комсомол комитетінің бюросында қаралып, қызу талқыға түскені жайлы әңгіме институт көлемінде айтыла басталды...

Үлкен жарылыс. Биылғы 1964-ші жылдың күзі де қарқынды басталып кетті. Бұл кезде институттың комсомол ұйымының беделі асқақтап тұрған. Әсіресе, былтырғы күзде «Тың штабын» комсомол комитеті өз иелігіне алып, бұрынғыдай әр факультетке басшылыққа бөлінген ұстаздар тобы (проф. Сереткин, доцент Русаков, подполковник Кривушин, доцент Котов, ассистент Утешов) түгелімен, «тың штабының» бастығына бағынатын болды. Совет аудандық партия комитеті мен комсомол ұйымы «тың штабын» басқаратын адамның кандидатурасын өздерінің бюросында қарап, институттың комсомол ұйымының І-ші хатшысы, емдеу факультетінің 6-шы курс студенті Совет-Хан Ғаббасовты тағайындаған болатын. Сол жылы институт студенттері Целиноград облысының үш ауданына (Баранқұл, Қорғалжы, Еркіншілік) бөлініп, еңбек семестрін жемісті аяқтап, үш ауданның да ауыспалы қызыл туларын жеңіп әкелген еді. Бұлармен қатар егін жинасқан, Москваның – МАИ, Киевтің – Политех институттарынан көш ілгері озып, еңбек және тәртіп көрсеткіштерімен, бүкіл обылыс көлемінде үлгілі атанды. Сол кездегі Целиноград обкомның І-ші хатшысы С.Б.Ниязбековтың тікелей қамқорлығы арқасында, медицина институтының көп студенттері марапатталып, «тың штабын» басқарған С.Ғаббасовқа «Тың және тыңайған жерді игеру» медалі Кеңес Одағы Президумының шешімімен тапсырылды. Алматы медицина институты өз студенттерінің бұл табысын, қала мен аудан партия комсомол басшыларын шақыра отырып, тың жерінен жеңіп әкелген үш бірдей туды сахнаның төріне желбірете жайып, салтанатты түрде мерекелі кештерін өткізді. Міне осындай аброймен жұмыс істеп жатқан институттың комсомол ұйымымен ректорат пен партком да қоян қолтық жұмыс істеуге үйрене бастаған. Институттағы студент мәселелерін түгелдей комсомол ұйымы өздері шешетін жағдайға жеткен болатын. Тіпті, ірі қалалардағы (Москва, Ленинград, Киев, Львов т.б.) мақсатты асперантураларға

жіберуді де, алдымен комсомол комитеті қарап ұсынатын еді. Комсомол ұйымының мұндай беделі, бүкіл студенттер қауымының белсенділігін күшейте түсті. Студенттер арасындағы оқу үлгірімі мен тәртібі бұрын соңды болып көрмеген жетістіктерге жетті. Жастармен жұмыс жүргізу мәселесі жайында, басқа институттардан іс тәжірибе алмасуға келетін қонақтар да көбейе түсті. Осылайша мамыражай күй кешіп жатқан институтта, үлкен жарылыстың сипатына тән, мынадай бір уақиға басталып кетті. Ол бастабында жайбарахат күйі, былайша өрбіген еді...

Бір күні институтта болған жалпы партия жиналысынан кейін, Лениндік степендият, комсомол комитетінің акедем-секторын басқаратын Коля Хван үш бетке жуық жазылған мақаланы әкеп көрсетті. Бұл кешегі партия жиналысында сөз болған, баяғы – ЦНЛ – докторантура – кадр мәселесі жайында жазылыпты. Мақаланы Коля екеуміз қарап шыққан соң, ақылдасу үшін проректор Қ.А. Макиров пен профессор И.Қ.Қарақұловқа жазылған материалды әкеп көрсеттік. Олар танысқаннан кейін, біздерді шақыратын болып шығарып салды. Бірер апта өткен соң академик И.Қ.Қарақұловтың кабинетінде – проректор профессор Қ.А.Макиров, Коля Хван және Мен – төртеуміз мақаладағы мәселелерді пысықтауға жиналды. Мақаланың көлемі екі еседей өсіп, машинкаға бастырылып қойған екен.

Сөз бастаған профессор Қ.А.Макиров:

Құрметті бауырларым Совет Хан мен Коля, сіздердің азаматтық белсенділіктеріңізге алғыс айтамын. Көптеген жақсы істерді атқарып та жүрсіздер?! Мынау көтеріп отырған проблема, бұрынғылардың қай қайсысынан да, маңызды да күрделі екені рас. Көрсетілген мәселелер, тек фактімен ғана жазылуы керек. Сондықтан, мен біраз нәрселерді өзгертіп, біраз дүниелерді қосып жазғанды жөн көрдім. Мінеки, оқышы? – деп Коляға ұсынды. Қыбыр етпей төртеуміз де тыңдадық?! Пікірді алдымен бастаған Ишекең:

Барлығыда айтылып жүрген мәселелер екен. Жақсы жазылыпты?! Ешкімнің атына жалған сын айтылмаған. Көтеріліп отырған проблеманың қажеттігі сөзсіз! Іске сәт! – деп сөзін аяқтады.

Біздер де келістік. «Мақала» деудің орнына, «Ашық хат» деп «Правда» газетіне жіберілетін болды.

Бірінші – менің аты жөнім, екінші – Коля Хван жазылатын болды. Азды көпті өзгерістерді түзетіп, ертең дайындалысымен-ақ жіберілетін боп шешілді. Осылайша, бұл шаруа да іске қосылып кетті. Тағдыры қалай болатынын келешек көрсетеді...

Зымырап өтіп жатқан уақыт. Қысқы каникульдан оралып жатырмыз. Аңадағы біздер жіберген хаттан еш хабар жоқ. Мен биыл институтымды бітіретіндіктен, комсомол ұйымының есепті жиналысына қызу әзірлену үстіндеміз. Мұны жақында барып, Алматы қалалық комсомол ұйымының І ші хатшысы Оразбаев Темірланмен ақылдасып та көрдім. Ең басты мәселе, олардан менің орныма қазақ тағайындалуын сұрадым. Бұл мәселеге биыл парткомның хатшысы болып сайланған А.С. Колдашовтың қарсылығы барын айттым. Қызуқанды Темірлан:

Комсомол хатшылығына кімді қоюды комсомол ұйымы өзі шешеді. Саспа! Өзің ұсынатын кандидатураны әзірлей бер?! – деп желпінткендей болды.

Мен, сонда да уақыттың тығыздығын айтып:

Өйтседе, кешіріңіз?! Қазір уақыт тауып Ғибат ағамызға (Мырзағалиев) кіріп шықсақ жақсы болар еді. Обком комсомолдың бастасын алсақ, ешкімде қарсы бола қоймас, деп өтіндім. Темірлан бірден Ғибатпен сөйлесті де; Жүр кеттік, деді. Ғибат ағамыз қолдайтындығын және А.С.Колдашовпен өзі сөйлесетінін айтып, біздерді шығарып салды. Осылай келіскеннен кейін, ффрамацептикалық факультеттің комсомол ұйымын басқарып жүрген Кеңесбай Үшбаевты шақыртып едім, оны аптекар етіп, «Шелектің» аптекасына бөліп жіберіпті. Осы мәселемен институттың ректоры С.Р. Қарынбаевпен сөйлесіп едім,

ол ақылдасуға А.С. Колдашовты шақыртты. Текетіреске толы ұзақ әңгімеден кейін, олар менің пікіріме келіскендей болып, К. Үшбаевты дайындауға рұхсат алдым. Өзі пысық та намыскер, білетіні мол Кеңесбай Үшбаев, алдағы комсомол ұйымының конференциясын әзірлесуге кірісіп кетті. Оның институтты бітіріп, қолының босағаны, тіпті біздер үшін жақсы болды. Дайындық жұмыстарын дөңгелетіп жіберді. Сөйтіп, 1965 ші жылдың ақпан айының аяғына таман, Кеңесбай Үшбаевты – Алматы медицина институты комсомол ұйымының І ші хатшысы етіп тағайындап, арқалаған ауыр жүгімнен құтылып, қолымның босағанына ерекше қуандым. Өйткені, алда бес сабақтан мемлекеттік сынақты тапсыру тұрған болатын...

Біздерге Кеңесбай Үшбаевты таңдау, шын мәнінде өте сәтті болып шықты. Оның келешек үрдістері мен берген жетістіктері республикалық деңгейге дейін көтеріліп кетті. Ол институттың комсомол ұйымын басқара жүріп, фармация ғылымдарының кандидаттығын қорғап, Льбовтағы атақты профессор В.Ф. Краморенкодан докторантурасын жемісті аяқтап, тұңғыш фармация ғылымдарының докторы атағын алды. Әсіресе, қоғамдық жұмыстағы белсенділігінің арқасында, Алматы медицина институтының проректоры және ректоры қызметтерін атқарды. Көп жылдар Республикадағы аптека басқармасының төрағасы болып, қазір жаңа қоғамның бағдарымен, бүкіл мемлекетіміздегі Фармация өндірісін жетілдіріп отыр. Республикадағы алдыналу медицина академиясының академигі, ел-жұртына қайырымды кәсіпкер ретінде де танымал. Туған ауылына салдырған Мектебі мен Мешіті жерлестерінің аялап ұстап отырған мақтаныштары десе болады...

Қазақтың төл күнтізбесі бойынша, жылбасы Наурыз да келген еді. Бірақ ол кезде, Наурыз мерекесі деген атымен жоқ болатын. «Туған ай тураған етпен бірдей» дегендей, наурыздыңда ортасынан ауа бастаған. Күн бірден жылынды да қала ішіндегі қар кетіп,

сәнді Алматымыз тазарып та үлгірген еді. Осы күндері сол баяғы «Правда» газетіне жіберген «Ашық хат» ректоратқа келіпті. Бүгін оны біздерге проректор Қ.А. Макиров хабардар етті. Міне, осы күннен бастап, артыс тартыс басталды десе болады. Ертеңінде ректорат пен парткомның біріккен бюросын шақырып, хатта айтылған мәселерді талқылауға кірісті. Арнайы шақырылған адамдар; барлығыда белгілі мәселелер ғой, баяғыда ақ шешілуге тиісті еді десіп жайбарахат талқыламақ сыңай танытты. Бірақ, парткомның хатшысы А.С.Колдашов пен ректор С.Р.Қарынбаев екеулері, жастар тым асқақтап кетті дегенді сылтауратып, әңгіме төркінін мүлдем басқа арнаға салуға ыңғай танытты. Осыны байқасымен-ақ, институтта соңғы жылдары болып жатқан жаңалықтарды жақтырмайтындар бірден бас көтеріп гулей жөнелді. Тіпті олар проректор Макиров пен академик Қарақұловты «жастарды бұзушы» ретінде кінәлай да бастады. Міне осылай аса өткір дау дамайлар өрбіп, жиналыс түннің бір уағында әрең бітті. Ұзақ сонар тартысқа түскен сөздерді термелемей ақ, бюроның қортынды шешімі былай болды;

Институттың бұрынғы комсомол ұйымының І-ші хатшысы, 6-шы курс студенті С.Ғаббасов – партия қатарынан шығарылсын;

Профессорлер И.Қ.Қарақұлов, Қ.А. Макиров және асперант К.Хван – документтеріне жазылып қатаң сөгіс жариялансын;

Дауысқа қойылғанда 2-дауыс басымдықпен жоғарыдағы ұсыныстар қабылданды.

Мінеки, осылайша институтқа қажет және бірнеше жылдан бері көтеріліп келе жатқан мәселені, кертартпа тәкәппар топтар ушықтырып жіберді. Парткомның шешімі көп ұзамай аудандық бюрода талқыланып, онда да болар-болмас басымдықпен бекітілді. Енді біздер бұл шешімнің дұрыс еместігін айтып Алматы обкомына қағаз түсірдік. Обкомға жаңадан келіп жатқан Асанбай Асқаровты, жұрт ерекше батылдығы мен шешімділігін айтып аңыз етісіп жүр. Шынында да, біздің мәселені қараған алғашқы

отырыста, онан шыққан Колдашов көзі жасаурап аса көңілсіз шықты. Содан едірендеп жүрген институттағы топтардың да еңселері түсіп қалғандай болатын. Әйтседе, обкомның да нақты шешімі тым ұзарып кетті...

Алтыншы курстің студенттері мемлекеттік сынаққа қызу әзірлік үстінде. Кейбір ұзын құлақтан жеткен хабарлар бойынша, қарсы топтағылар мені госэкзаменнен құлатпақ көрінеді. Осыны айтып, жақында профессор Қ.А. Макировке кіріп шықтым. Бұл сыбысты ол да естіген тәрізді. Сондықтан болар жылдам шешім қабылдап, түстен кейін сағат 16 да келуімді сұрады. Белгіленген уақытта кірсем, емдеу факультетінің деканы А.Ғ.Серғазин, қазақ халқының мақтанышына айналып кеткен қыздары, профессорлар Камила Досқызы Өтегенова мен Хадиша Мырзалиқызы Мырзалиева және академик И.Қ. Қарақұловтар жиналып отыр екен. Барлығыда менің қадыр тұтар ұстаздарым болатын. Олар жылы шыраймен қарсы алып, үш адамнан (А.Серғазин, К.Өтегенова, Х.Мырзалиева) бақылаушы құрғандарын айтты. Олар менің сынақтарыма міндетті түрде қатынасып отыратындықтарын ескертті. Маған аса ұқыпты дайындалуды тапсырды. Жүзіме жадырай қараған Камила-апамыз; Ештемеден де жасқан ба?! Бауырым сені біздер мақтан тұтамыз. Осы отырған үшеумізде, сенің әділетсіздік көрмеуіңе кепілдік береміз, деп сөзін аяқтады. Расында да профессор Камила Досқызы Өтегенованы мединституты түгіл, бүкіл республика деңгейінде құрмет ететініне сан рет куәгер болғаным бар. Сондай адамның сөзінен кейін, Қуекеңнің кабинетінен қанаттанып шықтым.

Бірір күннен кейін мені қорғаушы топтың құрылғаны жайында да, институтта гулеген әңгімелер де айтылып жүрді. Мені сынақтан құлатпақ топтың әрекеті, «имансыздық пиғыл» ретінде танылып, комсомол жастар арасында да талқыланып, белгілі болды. Осының барлығы да, қарсы топтың еңсесін түсіріп жібергендей еді. Әйтеуір, не креек, мемлекеттік экзаменнің төртеуін – беске,

біреуін – төртке тапсырып, мен де аман-есен институтымды бітірдім. Камила-апамыз бірде-бір экзаменді жібермей қатынасып жүрді. Қазір маған, мұның өзі бір ғажап уақыт тәрізді көрінеді. Өйткені, кешегі Кеңес үкіметі заманын да, қоғамда тәртіп пен әділет болатын ...

Шиленістің шыңы. Қарқынды бастаған обкомның шешімі мүлдем сиыр құймышақтанып кетті. Себебі, Асанбайдың екі қызы да мединститутында оқитынын естідік. Созылып кеткен істі профессор Қ.А. Макиров Қазақстан Коммунистік партиясының орталық комитетіне түсірді. Оның соншама саясаткер терең білімділігі осы тұста әбден көрінді.

Орталық комитеттің екінші хатшысы Титов басқарған отырыста, Куекеңнің әр сөзі маржандай төгіліп, жарты сағат көлемінде қарсы топтың қателігі түгіл, жас комунистердің көтеріп отырған мәселелері, тек қолдауды ғана емес, дереу шешуді талап ететінін айтты. Бюроның өзінде бірнеше адам қолдап сөйлегендіктен болар, отырыс онша ұзаққа созылмай, біздердің көтеріп отырған проблемамыздың дұрыстығын таныды. Қаралған істі теріс бағытқа түсіргендері үшін, қарсы топқа ауызша ескерту жасалды.

Ең кереметі, осы бір жарым жылға созылған уақыт ішінде орталық ғылыми лаборатория (ЦНЛ) жұмыс істеп, қазақтың тоғыз ғалымы (Бірімжанова, Сәтбаева, Сәулебекова, Серғазин, Имашев, Михайлов, Қабылов т.б.) докторлық диссертацияларын қорғады...

Курстастарымның барлығыда жолдамаларын алып ауылдарына аттанып кеткелі қашан?! Менің жұмыс орным әлі де шешіле қойған жоқ. Қазір барлығымыз осы мәселемен шұғылданып жүрміз. Бірақ, дұрыс шеше қоятын министірліктің де ыңғайы байқалар емес. Сондықтан, шағын өтінішімді жазып алып, Д.А. Қонаевтың қабылдауына келдім. Ол кезде пратия билетімен еш кедергісіз барлық жерге кіре беретін едік. Қазіргі Астана алаңында орналасқан ғимараттың Төле би көшесі жағына қарайтын қанатында, Димекеннің кабинеті төртінші қабатта болатын.

Әлі есімде, атшаптырымдай қабылдау бөлмесінде отырған орта жастағы орыс әйелі, не жайында келгенімді сұрап білді де, қатарындағы есікті нұсқап, І-ші хатшының көмекшісіне баруымды сұрады. Соншама жылы жүзбен қабылдаған адамға ризашылығымды білдірдім де, нұсқаған есіктің алдына кеп қарасам, үлкен етіп «Бекежанов Дүйсетай» деп жазып қойыпты. Маған қарап отырған хатшы-әйел ымдаған соң, батылдана түсіп есікті қақтым. Іштен жәй ғана «да» деген дауыс естілді. Есікті ашып аттаған күйі сәлем беріп тұрып қалдым. Орнынан созыла көтерілген ол, енгезердей сұңғақ денелі ел ағасы жасына келіп қалған азамат екен. Оның адамға жылы қарайтын қызылшырайлы ақсары өңі сүйкімді көрінді. Ол төрдегі орнынан тұрып, маған орындық ұсынды да, өзі қарсыма отырды. Шаруамды айта бастап едім, барлық жағдайды да білетінін ескертті.

Ол жүзіме тіктей қарап; Мұндай шаруаға неге араластың? – деді.

Мен біреуге күйе жаққаным жоқ. Өтірік те айтпадым. Халыққа қажет, өмір шындығын көтердім, деп ойлаймын. Орнынан тұрып кеткен ол;

Өмір шындығы... өмір шындығы, дейсің ғой.

Иә ә, аға.

Жаным ау, институтты бітіргенің кеше ғана, он екі де бір гүлің ашылмаған баласың, қыршыныңнан қиылып түссең қайтпексің?

Қиылсам да, қиналсам да қайтейін?! Астым да – тағым, бауырым да – балам, қолтығымда - портфелім жоқ. Сірә, мұндай істі – біз сияқтылар көтеретін шығар... Мырс етіп күлген ол;

Сіз сияқты тағым да бағым да жоқ, деп отырсың ба? Заманыңа қара, алды-артыңды ойлау керек. Сенің өмірбаяныңды да көргемін. «Жетіммін» деп желіге бер ме? Бұдан былай сақ бол! Бұл жолы, саған көмектесейін, деді. Алдындағы телефонды алып, әлдекімге Димекеннің атынан «бұйрық» беріп жатты.

Маған жылы жүзбен қарап;

Аман бол, хабарласып тұр. Бүгін барлық

мәселенді шешеді. Қазір. Тоқтағали ағаңа бар, күтіп отыр, деді. Орнымнан сең соққан балықтай ауыр қозғалып тұрдым да;

Алла жарылқасын, ардақты аға! – деп, жанарым жасаурай түсіп, алғысымды айттым.

Бә-ре-кел-ді, азамат бол! – деп қолын ұсынды. Хош айтыстық...

Баспалдақтан түсіп келе жатсам, төменде Токтекеңнің өзі күтіп тұр. Бұл кісіде Коля екеуміз бұрын бір рет болғанбыз. Онда ол; Он саусақтарыңды дұрыс санай алмай жүріп, докторанттардың саны не теңдерің, деп мазақтаған еді. Енді міне, баспалдақтан күтіп ап, қолын ұсынған ол; Иә ә, бауырым кел, жүр кабинетке барайық, деді. Ол келе орынбасарын шақырып, бірден денсаулық министріне тапсырма берді. Міне, өмір деген қалай?! Орынбасарына істің дұрыс шешілуін үнемі қадағалап отыруды тапсырды. Маған бұрылып; Қазір бірден министрлікке бар, деді. Мен орнымнан тұрып; Кімге барамын, деп едім, қолымды алып қоштасты да;

Күтіп алады, деді. Болып жатқан құбылыстың бәрі түсім сияқты. Өзімді өзім білмеймін, дедектей басып денсаулық министрлігіне келдім. О-о, тоба?! Есік алдында министрдің орынбасары Халық Мұсабайұлы, өзі күтіп тұр. Ол мені иығымнан құшақтап; Жастар, сендер біздің келешегімізсіңдер, деп көпшік қоя бастады. Естігеніме өзім сенбей бетіне қарасам, бұрынғы кездескендегі ажуа-мазақтың ізі жоқ. Мені ертіп кабинетіне кірді. Біраз ақыл айтты, мақтады, келешек жайлы сөз қозғады. Содан, жұмысқа қалаған жеріңе жіберетінін айтты. Тек, бір ғана өтінішім; Министрге кіріп алғысыңды айтып кет, - деді. Менің барғым келмегеніне қарамай, хатшысына ертіп сонда жіберді. Келген бойда министрдің хатшысы ішке енгізді.

Үлкен кабинеттің төрінде қарғадай боп қалқайып отырған, министр Н.О. Сеньков сәлемді алмастан; - Ә-ә, Ғаббасов дейтін, сен екенсің ғой. Жалпы сендей адамды бүкіл Қазақстан аймағынан аластау керек, деді. Қалай тебініп алдына жетіп барғанымды өзімде білмеймін; Қазақстанға қауыпты

мен емес, Сіз?! Себебі, мынандай заманда ауылдың денсаулық сақтау жүйесін аздырып отырсыз, дедім. Менің мұндай сұс көрсететінімді күтпесе керек, жапақтай қарап; Қалай, қалай?-деді.

Солай! Бұл шындық. Бүкіл Кеңес елі бойынша Қазақстан туберкулезден бірінші орынға шығып отыр. Бұған тікелей кінәлі – Сіз! – дедім де жылдам басып шығып кеттім.

Қайттан келіп орынбасардың алдындағы хатшы қыздан «жұмыс жолдамасын» алдым да үйге қайттым. Менің сұранысым бойынша І-ші қалалық клиникаға ординатор-хирург болып қызметке орналастым. Бірден жедел хирургияда істеп, нағыз хирургияның іс-тәжірибедегі қолданысына тап болдым. Практикалық медицинада, ғылыми ізденіспен сырттай шұғылданып, бірден асперантураға қабылдамайтын заңы бар. Сондықтан, профессор Қ.А. Макировтың кеңесі бойынша, хирургия мен микробиологияны сабақтастыратын тақырып іздестіре бастадым.


Қуаныш Аманбайұлы бір күні өзі басшылық ететін микробиология кафедрасына шақыртып, менің өзім істеп жүрген ауруханадағы хирургия кафедрасының меңгерушісі профессор М.И. Брякинмен келісіп қойғанын айтты. Міне осылайша, екі профессор жетекшілігімен «сырттай ғылыми ізденуші» ретінде тақырыбымды бекітіп берді. Сөйтіп, 1971 жылы Қырғыз елінде кандидаттық диссертациямды қорғап, үш-төрт айдан кейін дипломымды алдым. Қырғыз еліндегі бірінші оппонентім – атағы КСРО-ға белгілі, академик Иса Қонайұлы Ахунбаев болған еді. Кандидаттық атақты алысымен-ақ, Қазақтың ғылыми-зерттеу экспериментальді-хирургия институтына, әуелі кіші, көп ұзамай аға ғылыми қызметкер болып жұмысқа ауыстым. Бұл институты сол кезде, атақты академик А. Сызғанов басқаратын.

Баяғыда екі ағамның бірінен соң бірі өліп, стресске ұшырағанмен, ажалмен күреспек боп медицинаға келгенімді жоғарыда айтқан едім. Сірә, ажалмен күресудің өзі, ауыр шаруа екені күн өткен сайын аңғарыла түсті.

Сол қиялдың әсерімен қалам алып, көп-

1987 жылы – «КСРО денсаулық сақтау ісінің үздігі» атанып, 1988 жылы – «Зайсан ауданының құрметті азаматы» мен «Махамбет сыйлығының лауреаты» берілді. Осылайша, өмір қиыншылықтарынан жасқанбай тіршіліктің ащысы мен тәттісін де көрудеміз...

24.07. 2007ж



М.А. Нуриев

Ж.Б. Кдыралиева

Интеллектуалды ұлт қалыптастыру F3И experti

Мақалада білім алушылардың шығармашылық қабілетін дамыту жолдары, өмірдің барлық саласына белсенді, оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастырудың сан-түрлі әдіс-тәсілдері, еркін жан-жақты тұлға жетілдіру жолдары қарастырылған.

Түйін сөздер: оқушы, дарынды, қоғам, шығармашылық, қабілет.

В статье рассмотрены различные методы организации учебно-воспитательного процесса учеников, активных во всех отраслях жизни, способных к искусственной деятельности, свободную разностороннюю личность.

Ключевые слова: Ученик, талантливый, общество, творчество, способность.

The different methods of organization of educational educator process of students, active in all industries of life, apt at artificial activity, free scalene personality, are considered in the article.

Keywords: *schoolboy, talented, society, work, ability.*

Қоғамның даму деңгейінің биік сатыға көтерілуі мемлекеттің табиғи және адами ресурстарына, саяси-экономикалық ұстанымдарына байланысты. Адами ресурстардың әлеуметтік көрсеткіштерімен бірге тұлғалық қасиеттері және шығармашылық қабілеттері мемлекеттің басты қазыналарының бірі болып есептелетіні баршаға мәлім.

Егер тарихты жасайтын жеке тұлға екенін мойындайтын болсақ, бір мемлекеттің ғана емес, әлемнің дамуына да ықпал ете алатынына дәлелдер баршылық. Жеке тұлғаның дамуына үлес қосу, шығармашылығының өрлеуіне жағдай жасау мемлекеттік қажеттілік.

Адам баласы әр түрлі қабілеттермен дүние есігін ашады. Адамның есейіп қоғамда өз орнын табу үшін білім, бейім және дағды қажет. Олардың заман талабына сай шындалуы үшін әр пенденің бойындағы қабілеттерге баса назар аудару қажеттілігі әлеуметтің сұраныстың негізі. Әр мемлекет өз азаматтарының жалпы және арнайы білім алып, осы салада бейімі мен дағдысын қалыптастыруға жағдай жасайды. Ал жеке тұлғалық қабілетті дамыту, соның ішінде шығармашылық қабілеттерге назар аудару адамның өзі, ата-анасы, білім ордасы жауапты [1]. Ол жауапкершілік мемлекетте өмір сүретін азаматтың тұлғалық қабілеттері арқылы өз орнын табумен қатар мемлекеттің дамуына да үлес қосу қажеттілігінен туындайды.

«Өткенге қарап басымызды иеміз, ертеңге қарап білек сыбанамыз» демекші, бүгінгі бала-ертеңгі азамат. Сондықтан әр оқытушының алдындағы ізгі мұраты - әр баланың «менін» ашу, сол «менді» шығармашылық тұлғаға жетелеу. Ең басты міндеті - рухани бай, жан-жақты дамыған дарынды тұлға қалыптастыру. Шығармашылық дегеніміздің өзі ізденімпаздықтан туады. Яғни, баланың өзіне деген сенімін туғызу, өзінен шығармашылық қасиет іздете білуі, өзін-өзі тануға ұмтылуы, ізденуі. Өмірде дұрыс жол табу үшін дұрыс ой түйіп, өздігінен сапалы, дәлелді шешімдер қабылдай білуге үйренуі.

Бұл сөздің төркіні этимологиясына көз жүгіртсек, «шығару», «ойлап табу» дегенге келіп саяды. Демек жаңа нәрсе ойлап табу, сол арқылы жетістікке қол жеткізу деп түсіну керек. Философиялық сөздікте «шығармашылық қайталанбайтын тарихи-қоғамдық мәні бар, жоғары сападағы жаңалық ашатын іс-әрекет» [2], - деп түсіндіріледі. Бірақ, мұндай туынды жасауда адамның қабілеттері тең келе бермейтіні хақ. Бұның барлығы табиғи, психологиялық қабілеттілікке байланысты болып келеді. Шығармашылық психологиясына нақтырақ зер салсақ, шығармашылық психологиясындағы шығармашылық қабілеттердің құрылымы:

1 Беймәлім мәселелерді шешу жолын өзгелерден бұрын қабылдау

2 Бейімдік тәжірибесін жаңа міндеттер орындағанда қолдана білу

3 Қажетті деп таныған ақпаратты ойға сақтау қабілеттілігі


4 Жаңа мәліметтерді жинақталған білім қорына жүйелей білу

5 Идеяларды тұжырымдай білу

6 Шығармашылық қиялдау

Осы аталған шығармашылық қабілеттерді дамыту арнайы жағдаяттарға байланысты. Мысалы, баланың жан-жақтылығын, өнерін іс-шараларға қатысу барысында байқауға болады. Іс-шараларға орындаушы ретінде ғана қатысып қоймай, күш-жігерін толық жұмсап саяси-бұхаралық, көркем-шығармашылық шараларға деректі материалдар жинастырып, сахналастыру үшін өңдеуге араласып белсенді ат салысу қажет.


Келесі жағдаят еркіндік берумен байланысты. Шығармашылық біреудің сөзімен дарымайды, кеңесші, тәрбиеші, жаттықтырушы болуы мүмкін. Көп нәрсе баланың қабілеттілігінен туындайды. Оқытушының рөлі ізденістерде жақсы кеңесші, кез келген бағдарды сапалы түрде бере алатын маман болуы шарт. Сонымен қоса, оқушыларды шығармашылыққа баулуда педагог мынадай жағдайларды ескеру қажет.



Яғни, оқушылардың белсенділігі мен танымдық іс-әрекеттері арқылы шығармашылығын дамыту, қажетті жағдайда айрықша шешім қабылдай алатын жеке тұлғаны дайындау оқытушы алдында тұрған үлкен міндет екені белгілі. Уақыт талабына сай балалардың шығармашылық қабілетін дамыту үшін, оқытудың жаңа ақпараттық технологиясын пайдаланған жөн. Баланың қиялын дамытып, ойын ілгері жетектеуде, түрлі лингвистикалық жаттығулардың да

рөлі зор. Сабақ үстінде материалды салыстырып қарама-қарсы қою әдісі арқылы да ұғындыру өз нәтижесін береді [3].

Педагог сабақта әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып, балалардың ұсыныс пікірлерін еркін айтқызып, ойларын ұштауға өздеріне деген сенімін арттыруға мүмкіндік туғызып отыру қажет. Әдіс-тәсіл көмегімен өткізген әрбір оқу іс-әрекеті оқушылардың ойлауын және қиялын, ойын дамытып, оларды сөйлеуге үйретеді. Олар мынадай:



Ал сабақтан тыс уақытта оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытудың жұмыс түрлері.

Әр түрлі кездесулер өткізу.

◆ Әр түрлі тақырыптарда сайыс, пікірталастар өткізіп, алған әсерлері бойынша шығарма жазу.

◆ Балаларға арналған журналдарға жаздырып, оны сабақ кезінде үнемі пайдалану.

◆ Әрбір оқылып отырған шығармалардың авторлары туралы толық мағлұмат жинау.

Осы аталған жұмыстарды үнемі балалармен жүргізу арқылы, оқушы бойындағы қабілеттерді дамытып, олардың өшуіне жол бермеу педагог міндеті. Бірақ, бүгінгі күнгі оқушы зейіні тұрақсыз, импульсивті, қабылдау мүмкіндіктері де әр түрлі болады. Дегенмен де, әр баланың бір нәрсеге бейімі болары хақ. Бейімділік-оянып келе жатқан қабілеттің алғашқы белгісі. Мысалы, басқалардан бұрын балалардың көркемдік дарындылығын музыка саласындағы, одан соң сурет салуда байқауға болады. Ғылым саласында бәрінен гөрі математикаға дарындылық тезірек байқалады. Баланың жалпы ақыл-ой деңгейі мен неғұрлым арнайы қабілеттіліктің көркемдігі арасында алшақтық болатын жағдайлар аз емес. Ақыл-ой қабілеті тым ерте дамыған, ерекше айқын жетістіктерге жеткен балаларды вундеркинды деп атайды. Алайда, баланың тіпті ең үздік деген жетістіктерінің өзі болашақ таланттың жеткілікті кепілі бола алмайды. Туа біткен бейімділіктер индивидуалдық психологиялық ерекшеліктердің қалыптасуының күрделі процесінің бір шарты ғана, оның бәрі қоршаған ортаға байланысты. Балада ерекше қабілеттіліктер болуының нышандары оның

жасынан ажырағысыз: олар көбіне кемелдену қарқынына және жастық өзгерістерге байланысты.

Қабілетті балалардың дамуының теңелуіне жол беруге болмайды. Мұндай балалардың оқу жүктемесі, оқыту және тәрбиелеу нысандары олардың мүмкіндіктеріне сай келуі тиіс. Бала бойындағы қабілеттілікті дамытуда жанұя өте маңызды орын алады, соның ішінде:

- жанұя құрылымы мен оның эмоционалды климаты;
- бала мен ата-ана арасындағы қарым-қатынас стильдері;
- ата-аналардың бала дарындылығына қатынасы.

Жанұяда басты мәселенің бірі – баланың тіршілік әрекетін ұйымдастыру, яғни, баланың күн ырғағы, міндеттері, қойылатын талаптар, оның үй еңбегіне қатысуы, оқу-әрекеті бос уақытын ұйымдастырулары жатады. Барлық уақытта да, өсіп келе жатқан өскелең ұрпақтың қабілеті, дарындылығының өрбуі ата-насының білімі және мәдени деңгейінің жоғары болуына да, байланысты. Сондай-ақ, жанұяда бір-біріне деген қарым-қатынас, өзара үйелмендік, тұрмыстық жағдай, жағымды оң атмосфераның да тигізер ықпалы мол. Өйткені, болашақ дарынды азамат әлеуметтену жолындағы алғашқы қадамын осы отбасынан бастау алады, соның ішінде ата-ананың мейірім, шапағатынан, олардың өмір сүру салтынан, дүниетанымдық, адамгершілік, әлеуметтік-саяси құндылықтарынан дариыды. Жанұя – болашақ ұрпақтың әлеуметтену жолындағы алғашқы қадамын жасайтын бастапқы адым. Сол үшін де баланың қабілетті болуы жанұяға тікелей қатысты.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Көшербаев Ж.А. Тәрбие мен білім берудің заманауи мәселелері. – Алматы, 2011.-225б.
- 2 Намазбаева Ж.И. Психология/Оқулық. – Алматы, 2005. - 430б
- 3 Джарымбетова А.Е. <http://referat911.ru/Psihologiya/oushylardy-shyarmashyly-abletn-arttyru-baytynday/157208-2193176-place1.html>

УДК 37.022

М.А. Нуриев

Директор НИИ Формирования интеллектуальной нации, профессор

Д.М. Советканова, А.Е. Садыкова

Магистры педагогических наук

ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ ТЕХНОЛОГИИ ПРОЕКТНОГО ОБУЧЕНИЯ

В данной статье рассматриваются важности применения проектной работы в обучении, а также основные требования к ним. Этапы разработки плана работы с проектными методами. Основная цель и задача учителя в проектной методике.

Ключевые слова: *метод, проект, студент, обучение, формирование, креативность, адаптивность, целеустремленность.*

Бұл мақалада жобалап оқыту технологиясының теориялық негізі және оны білім беру жүйесіне енгізудің маңызы берілген. Оқыту барысында жобалап оқыту әдісін қолданудағы басты арнайы талаптары, құрастырудың кезеңдері мен мұғалімнің негізгі алдыға қоятын мақсат, міндеттері де ұсынылған.

Түйін сөздер: *әдіс, жоба, студент, оқыту, қалыптастыру, бейімдеу, бағыттау.*

In this article the main requirements to them are considered importance of application of the project work in training, and also. Development stages of the plan of work with design methods. A main objective and a task teachers in a design method.

Keywords: *method, project, student, training, formation, creativity, adaptability, commitment.*

Все, что я познаю, я знаю, для чего это мне надо и где и как я могу эти знания применить, - вот основной тезис современного понимания метода проектов, который и привлекает многие образовательные системы, стремящиеся найти разумный баланс между академическими знаниями и прагматическими умениями. В современном мире все больше и больше актуализируются проблема повышения качества профессиональной подготовки специалистов. Современная система образования, которая удовлетворяла потребности индустриального общества и качественно способствовала его успехам, в данный момент все больше противоречит потребностям развивающегося информационно-индустриального общества, которое предъявляет спрос на образование и про-

фессиональную подготовку в более разнообразных формах по сравнению с существующими. Современное общество должно стать таким, чтобы ему были доступны новейшие информационные технологии, имелся доступ для связей во всем мире с постоянной потребностью к новым знаниям и технологиям. Благополучное развитие общества требует и развития всей системы образования.

Естественно, качественно новая система образования обязана базироваться на новых технологиях преподавания, составляющих базовую основу профессиональной психофизиологической готовности членов общества.

Так Г.М. Соловьев заметил, что образовательная система обязательно предполагает три основных фактора: информацию, вклю-

чающую концепцию и принципы, на которые опирается система (научность, доступность, перспективность, последовательность, трансформация стратегий и др.); инструментальную (орудия труда, программное и учебно-методическое обеспечение, учебные помещения и др.); социальную (кадры и их готовность к реализации цели).

Все три составляющие технологии взаимосвязаны и зависимы: изменение одной влечет за собой изменение двух других. Трудность задач, поставленных перед образованием, затрудняет весь образовательный процесс, который может быть качественно внедрен в систему образования, где важную неотъемлемую часть будут иметь новые педагогические технологии.

Улучшение качества преподавания по новым информационным технологиям и использование их в учебном процессе, позволяет студентам действовать более активно в процессе обучения, а преподавателям – иметь обратную связь. В связи с жесткой конкуренцией на рынке труда возрастают требования к выпускникам вузов при устройстве на работу. Ведь сегодня выпускник должен обладать не только фундаментальными знаниями по специальности, но и многими наиболее востребованными можно критическое мышление, личностными качествами, среди которых выделить креативность, адаптивность, целеустремленность, способность к профессиональному росту и др. Для успешной профессиональной деятельности необходимо владение современными информационно-коммуникационными технологиями, новыми методами разработки учебных программ и др.

В основе всех этих навыков лежит проектное обучение. Рассматривая эту тему, мы непосредственно задаем вопрос, с какой целью мы используем проектное обучение в вузах? Для чего мы изучаем этот вид обучения? Так как, проектное обучение не новизна в науке, многие ученые в своих научных книгах используют этот метод обучения. По мнению В.В. Гузеева, смысл «проектного обучения»

заключается в том, что педагог представляет исходные данные и очерчивает планируемые результаты учебной задачи; учащиеся самостоятельно намечают промежуточные задачи, ищут пути их решения, действуют, сравнивают полученное с требуемым, корректируют деятельность. Как мы отметили, основной целью «проектного обучения» является то, что студенты совместно с преподавателями узнают из-за чего, случилась та или иная ситуация, суть проблемы. Что в дальнейшем помогает студентам найти легкий путь к решению. Работа над проектом начинается с определения проблемы, выявления затруднений, обоснования актуальности, анализа изученности, формулирования темы проекта, а также определения проблемы, формулирования гипотезы о результатах и путях их достижения, определения цели проекта и поэтапных задач.

Этапами разработки плана работы являются: 1. Определение сроков выполнения проекта, составление плана и графика промежуточной отчетности; 2. Выбор средств и методов выполнения. 3. Обсуждение критериев оценки качества проекта и способа оценивания. 4. Выбор способа оформления результатов и сценария презентации. 5. Выбор формы работы (индивидуальной, групповой), распределение обязанностей.

Реализация проекта: Сбор, анализ и обобщение информации из разных источников; проведение исследования, выполнение расчетов; подготовка наглядно-графического материала (графиков, диаграмм, таблиц, схем, фотографий, видеоматериалов и т.д.); оформление материалов для презентации; контроль и коррекция промежуточных результатов; рефлексия: обсуждение процесса и итогов работы, групповых и личностных достижений.

Современные студенты достаточно динамичны, обладают активной жизненной позицией. Однако в наш век информатизации студенты пересыщены потоками информации. И не всегда те способы подачи информации, которые были действенны для предыдущих

поколений, будут также действенны при изучении современного материала современными детьми. Мы все понимаем, что наша основная задача как педагогов не только снабдить обучающихся определённым набором знаний, обучить их основным способам и алгоритмам деятельности, но и научить ориентироваться в сложных потоках инфор-

мации, умению ставить своевременные и наиболее актуальные вопросы и самостоятельно получать на них обоснованные ответы. Один из знаменитых ученых из США, является Хоуард Барроуз, который предлагает следующую модель процесса: где поэтапно задают задачи, и делают выводы. Этот процесс состоит из 5 этапов.

	Задачи	Итоги
1	<i>Студенты читают и решают проблему, используя имеющиеся знания.</i>	<i>В ходе этого процесса, студенты обнаруживают, что они не достаточно знакомы с этой проблемой. Неправильные представления могут быть исправлены в обсуждении проблемы</i>
2	<i>Студенты обсуждают и анализируют проблему, используя предварительные знания и доступные ресурсы</i>	<i>Развитие познавательных навыков для решения проблемы</i>
3	<i>Когда студенты решают то, что они должны знать и где они могли бы лучше всего найти информацию. Они решают, какие ресурсы использовать (люди, опубликованные работы, и т.д.).</i>	<i>И этот этап дает им самонаправленное исследование, где каждый студент находит пути решения.</i>
4	<i>Студенты пересматривают проблему с новой информацией и знаниями, приобретенными во время самоисследования.</i>	<i>Студенты готовы к организованному решению.</i>
5	<i>Студенты должны думать, каким образом, и что они изучили? И что это добавило к их знанию и пониманию этой ситуации.</i>	<i>Оценить свою и коллективную работу</i>

Основная задача учителя в проектном методе заключается в следующем:

- задать методы в проектном задании.
- организовать коллективное или групповое обсуждение, какими методами можно решить каждую из задач проекта, поставленных при разработке проектного задания.
- представить в наглядной форме перечень всевозможных методов, применяемых в проектной деятельности, из которого учащиеся могут выбрать и обсудить в группе их эффективность при решении той или иной задачи.

Учащиеся должны знать, что при проектировании могут использоваться методы:

- изучение и анализ литературных источников;
- теоретическое моделирование и обобщение;

• различного рода опросы: анкетирование, интервью, собеседование; запросы через интернет;

- наблюдение по специальной программе;
- опыты и эксперименты;
- статистические методы обработки данных.

Еще один разработчик метода проектов, американский профессор Коллингс предложил первую в мире классификацию учебных проектов которые могли бы применяться и найти свое место в образовательном процессе высшей школы.

Проекты игр - различные игры, народные танцы, драматические постановки и т.п. Цель - участие детей в групповой деятельности.

Экскурсионные проекты - целесообразное изучение проблем, связанных с окружающей природой и общественной жизнью.

Повествовательные проекты, цель которых - получить удовольствие от рассказа в самой разнообразной форме - устной, письменной, вокальной (песня), музыкальной (игра на рояле).

Конструктивные проекты - создание конкретного, полезного продукта: изготовление кроличьей ловушки, строительство сцены для школьного театра и т.п.

Смена концепции вызывает лавинообразный процесс локальных изменений в системе образования в целом и в каждом ее звене в отдельности. Каждый учитель может внести свой вклад в совершенствование нашего образования, применяя новые приемы и методы обучения.

Возникает вопрос: «Зачем нужны такие серьезные перемены в обучении?», «Почему нельзя обойтись прежними, проверенными временем методами?» Ответ очевиден: потому что новая ситуация требует новых подходов. Если студент сумеет справиться с работой над учебным проектом, можно надеяться, что в настоящей взрослой жизни он окажется более приспособленным: сумеет планировать собственную деятельность, ориентироваться в разнообразных ситуациях, совместно работать с различными людьми, т.е. адаптироваться к меняющимся условиям.

Изучая «проектное обучение» мы понимаем, что мы уже используем элементы

«проектного обучения» в вузах, что делает учебу интересной и насыщенной. Мы видим положительный результат многочисленных исследований, благодаря которым мы стараемся по возможности больше пользоваться пусть и не целиком, но элементами этого обучения.

Очевидно, что учить нужно именно тому, что может пригодиться, только тогда наши выпускники смогут достойно представлять достижения отечественного образования. «В последнее время в список социальных потребностей (ясно, что этот список далеко не сформирован окончательно) попали следующие необходимые сегодня качества личности: владение универсальными способами деятельности, владение коммуникативными навыками, навыками коллективного труда, владение специфическими навыками учебного труда (способность к самообразованию), нормы и эталоны социальной жизнедеятельности (воспитанность). Если студент будет обладать указанными свойствами, то он будет, с большой долей вероятности, реализован в современном обществе. Вместе с тем, такое образование будет обладать новым качеством, ибо оно другое, новое по сравнению с тем, что реализуется в предметно-нормативной модели образования и используется в представленных подходах к оценке его качества».

ЛИТЕРАТУРА

- 1 Кукушин В.С., Болдырева-Вараксина А.В. Педагогика начального образования. – М., 2005.
- 2 Новые педагогические и информационные технологии в системе образования. / Под ред. Е.С. Полат. – М., 2000.
- 3 Пахомова Н.Ю. Проектное обучение – что это? // Методист, №1, 2004. - с. 42.
- 4 Современная гимназия: взгляд теоретика и практика./Под ред. Е.С. Полат. – М., 2000.
- 5 Управление проектами в современной организации: Стандарты. Технологии. Персонал. – М., 2004.
- 6 <http://ldt.stanford.edu/~jeepark/PBL/inclassview.htm>

Қ.Бөлеев

*педагогика ғылымдарының докторы, Ұлттық Білім академиясының академигі,
Тараз инновациялық-гуманитарлық университетінің профессоры*

ҚАЗАҚТЫҢ ХАЛЫҚТЫҚ АСТРОНОМИЯСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУ ЖАЙЫ

Мақалада қазақ ғалымдарының қазақтың халық педагогикасының құрамдас бөлігі халықтық астрономиясының зерттелу жайы және оны ғылыми-жаратылыстану пәндерін оқыту үрдісінде ұлттық тәрбие беруде пайдалану жолдары көрсетілген.

Түйін сөздер: *төрт түлік мал, халықтық астрономия, халықтық күнтізбе, фольклор, астрология, халықтық метеорология, ұлттық тәрбие.*

В статье рассматриваются исследования казахских ученых по народной астрономии как одной из составных частей казахской народной педагогики и ее использование в национальном воспитании учащихся в процессе преподавания естественно-научных дисциплин.

Ключевые слова: *скотоводство, народная астрономия, народный календарь, астрология, фольклор, народная метеорология, национальное воспитание.*

In the article researches of the Kazakh scientists are examined on folk astronomy as one of component parts of Kazakh folk pedagogics and her use in national education of in the process of teaching naturally scientific disciplines of students.

Keywords: *cattle breeding, folk astronomy, folk calendar, astrology, folklore, folk meteorology, national education.*

Қазақ халқы ұлан-байтақ кең далада дәстүрді шаруашылығы мал бағумен, күндерін кең табиғат аясында мал өсірумен, түндерін жұлдызды аспан астында мал күзетінде өткізумен, табиғат құбылыстарын бақылаудан туған халықтың сан ғасырлық тәжірибелерін жинап, оларды қорыту арқылы жұлдызды аспан туралы астрономиялық түсініктері мен білімдерін жүйелеп, халықтың астрономиясын жасаған. Осылайша халқымыз негізгі планеталар мен жұлдыздардың аттарын жақсы білген, олар туралы ертегілер, өлең-жырлар, аңыздар мен мақал-мәтелдер және жұмбақтар шығарған, халық арасында ауа райымен және уақыт есебімен шұғылданатын есепшілер пайда болған. Сондықтан да қазақ халқы қазіргі ғылыми астрономияның тууына негіз қалаған деп толық айтуға болады.

Қазақтың халықтық астрономиясына шетелдік ғалымдар В.В. Радлов, А.И. Левшин, Г.Н. Потанин, Ф. Куфтин, сондай-ақ қазақ ғалымдары Ш. Уәлиханов, Ө. Диваев үлкен мән беріп, оны көп уақыт әр жерден жинастырып, теріп өз еңбектерін жазып қалдырғаны мәлім.

Сондықтан бүгінгі таңда сол дүние жүзілік маңызы бар айрықша құнды халық мұрасы – халықтық астрономия жайындағы тарихи, ауыз және жазба әдебиеттерді жинастырып, оны халықтық педагогика тұрғысынан талдап, жүйеге келтіріп, еліміздегі қазіргі үздіксіз білім беру жүйесіне ендіру арқылы жеке тұлғаға ұлттық тәрбие беруде кеңінен пайдалануымыз керек, әрі қажет деп санаймын.

Қазақтың халықтық астрономиясын зерттеумен кеңістік дәуірінде қазақ ғалымдары

Х.Әбішев, М.Исқаков, М.Машанов, Ғ.Ақпанбек, М.Құдайқұлов, А.Сейдімбек, М.Қазбеков, С.Кенжеахметұлы, Қ.Ғ.Аронов, Д.Аман, Қ.Нұрсұлтанов, т.б. айналысып, бірнеше жеке еңбектер жарық көрді. Енді сол еңбектерге мазмұндық талдау жасап, көпшілік қауымға, әсіресе оқу және тәрбие мәселелермен шұғылданып жүрген ұстаздарға таныстыруды жөн көрдім.

Қазақтың халық астрономиясы бойынша тұңғыш зерттеу 1949 жылы Қазақ ССР Ғылым академиясы баспасынан астроном Хасен Әбішевтің «Қазақтың халық ауыз әдебиетіндегі астрономия мен ауа райының элементтері» атты ғылыми-көпшілікке арналған еңбегі [1]. Ол төрт бөлімнен тұратын нағыз ғылыми жұмыс.

Еңбектің мазмұнымен таныса отырып, қазақтың халықтық астрономиясы қазіргі ғылыми астрономияның қайнар көзі және негізі болғанына көз жеткізуге болады. Мысалы, кітаптың бірінші бөлімінде қазақтардың аспан денелері туралы аңыздарында, мақалдар мен мәтелдерінде олардың көшпелі мал шаруашылық өмірінде кең көрініс бергені туралы, қатты боранды қыс айларында малды бағудың қиындығы, көктемге қарай малдың арықтап, «қыс қысыл, жаз жазыл» мақалының мәні түсіндіріледі. Қатты суық, ұзақ қыстан соң мал қырылып, «жұт» болуы, жұрттың «көк қоян жұт», «қырғын тауық жұт», «доңыз жұт» түрлері, олардың неге солай аталуы туралы айтылады.

Қазақтың шаруашылық өмірі жыл мезгілдеріне қарай өзгеріп отыратыны, сондықтан уақыт санаудың аспан шырақтарына тұрақты бақылаумен байланыстылығы көшпенді халыққа ауа райының өзгерісін алдын ала болжау қажеттігін туғызғаны сөз болған. Кітаптың екінші бөлімінде қазақтың жыл атаулары жан-жануарлардың атымен аталуы, 12 жылдың «мүшел» жүйесінің пайда болуы, ол туралы аңыздар, әр айдың аттары, мысалы, қаңтар, ақпан, наурыз, көкек, мамыр, маусым, тамыз, қыркүйек, қазан, қараша, желтоқсан – неге осылай аталғаны, жыл басын «Наурыз» айынан бастап сынала-

тыны нақты ауыз әдебиетіндегі көріністері арқылы түсіндірілген.

Үшінші бөлімінде қазақтың планеталар, жұлдыздар мен шоқжұлдыздар туралы білімдері, неге олардың аттары сол аталған қызықты аңыздар, әңгімелер, мақал-мәтелдер арқылы, қазақтардың арасында аспан денелерінің әр айдағы қозғалыстары, түрлеріндегі өзгерістеріне қарай бақылаушы – есепшілердің болжаулары баяндалған. Ал кітапшаның төртінші бөлімінде аспан денелерінің қозғалысын, жан-жануарларды бақылау арқылы есепшілердің ауа райын болжауы, алдағы қыстың, көктемнің, жаз бен күздің сипаттарын есепшілердің анықтауы туралы сөз еткен.

Физик-ғалым Х.Әбішев ондаған жылдар бойы Абай атындағы Қазақтың педагогикалық институтында студенттерге астрономия пәнінен дәріс оқып, өзінің мол ғылыми және практикалық жұмысында қазақтың халық астрономиясын насихаттап, халықтық мұраны ардақтаумен өмір кешті. Соңына 1959 жылы қазақ мемлекеттік баспасынан «Халық астрономиясы» оқу құралы, сондай-ақ 1962, 1966 және 2009 жылдары жарық көрген «Аспан сыры» атты кітабын мұра етіп қалдырды [2, 3].

Х.Әбішевтің «Халық астрономиясы» атты кітабында автор астрономия ғылымының қол жеткен табыстарымен шама келгенше халқымызды таныстыра отырып, сонымен бірге аспан шырақтары жайындағы қазақ халқының көп жылғы тәжірибесін де пайдаланған. Бұл кітапты кезінде студенттер оқу құралы ретінде кеңінен пайдаланды, ол қазақ тілінде астрономия ғылымы бойынша тұңғыш жарық көрген еңбек еді.

Оқу құралы кіріспеден, он алты тараудан, барлығы 183 параграфтан тұрады. Кіріспеде астрономия нені зерттейді, оның дамуы мен қолданылуы, қазақ халқының астрономиялық түсініктері жайында айтылады.

Тарауларда аспан сферасы, оның айналасы, Жердің бірінші басты қозғалысы, Күннің көрінерлік жылдық қозғалысы, Жердің

екінші басты қозғалысы, уақытты өлшеу, практикалық астрономия негіздері, Күн системасы мен планеталардың қозғалысы, Ай қозғалысы, Жер қозғалысы, құрылысы, магнит өрісі, атмосферасы, ауа райы туралы түсінік, Бүкіл әлемдік тартылыс заңы, теориялық астрономияның кейбір мәселелері, астрофизиканың аспаптары мен методтары, планеталар және олардың серіктері, Кометалар мен метеорлар, Жұлдыздар, Әлемнің құрылысы және космогония мәселелері қарастырылған. Барлық мәселелерде қазақтың халықтық астрономияның элементтері беріліп отырған, оның ғылыми астрономияның бастамасы екені көрсетілген.

Х.Әбішевтің «Аспан сыры» кітабы астрономиялық ұғымдары және оның мәні жайында жоғарыда аталған еңбектерін онан әрі толықтырып, жалғастырып, сабақтастырып, әрі оны тереңдетіп, көпшілікке түсінікті тілмен қызықты етіп баяндаған. Сондықтан ол үш рет өңделіп шығарылды.

Сонымен, Х.Әбішев - Қазақстанда қазақтың халықтық астрономиясы мен ғылыми астрономияны зерттеуші, әрі насихаттаушы тұңғыш ғалым астроном.

Математик ғалым-педагог М.Исқақов көп жылдар қазақ календарын зерттеп, 1960 жылы «Қазақтың байырғы календары» атты еңбегін шығарды. Онда Қазақстан тарихынан қысқаша мағлұматтар, қазақ календарының зерттеле бастауы, зодиак, тоғыс, азаматтық ойлар, мүшел ой және реттік ай, ай мен күн аттары, календарды зерттеген Орта Азия мен Қазақстанның ұлы астрономдары және қазақ тілінде басылып шыққан календарлар, мүшел есебі: мүшел ұғымы, мүшелдегі хайуандар, жұт және календарь, мүшелдің шығуы туралы халықтық түсініктерді қызық етіп баяндаған [4]. Сонымен қатар М.Исқақов дүниежүзі халықтарының да календарын зерттеп «Халық календары» атты кітабын 1963 жылы Қазақ мемлекет баспасынан шығарды [5]. Бұл кітап 1980 және 2009 жылы екі рет халықтың сұрануы бойынша жарық көрді.

М.Исқақовтың «Халық календары» атты еңбегі алғы сөзден, төрт тараудан, қосымшадан тұратын, көлемі - 211 бет, 43 суретпен безендірілген.

Кітап көпшілікке арналып, жеңіл тілмен қызықты жазылған.

Алғы сөзде календарды жасаушы халық екені, календарь – халықтың зор мәдени табысы, рухани байлығы және өмір өзегі екені айтылған.

Бірінші тарау «Қазіргі жалпыевропалық календардың негіздері» деп аталып, онда уақыт және календарь, календардың анықтамасы, тәуліктер, айлар, жылдар, замандар, хронология, ескі және жаңа стиль және сағаттар туралы; екіншісі «Ежелгі халықтардың календарлары» атты тарауда табиғи, ежелгі Мысыр, Вавилон, Қытай, Үнді, парсы, грек, рим, араб, славян, орыс, хорезм, француз революциясының календарларына сипаттама берілген, үшінші «Қазақ календарының негіздері» атты тарауда қазақ календарының зерттеуі, зодиак, тоғыс, азаматтық, мүшелдік және реттік айлар, Ай және Күн аттары, қазақ тілінде басылып шыққан календарлар мазмұндалған, ал «Мүшел есебі» атты төртінші тарауда мүшел ұғымы, ондағы хайуандар, жұт және календарь, мүшелдің шығуы туралы баяндалған.

Автор календарды орта мектеп пен педагогикалық училищенің оқу-тәрбие үрдісіне ендіріп, нәтижесінде «Жалпы білім беретін мектеп пен педагогтік училищеде календарды оқыту» тақырыбына 1964 жылы кандидаттық диссертация қорғап, педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесіне ие болды [6].

Сонымен, М.Исқақов - Қазақстанда жалпы дүниежүзілік календарды, қазақ календарын зерттеуші тұңғыш математик, әрі ғалым-педагог болған.

М.Аяпұлының құрастыруымен «Қазақ халқының мұрасынан» атты кітапшада қазақ халқының тұрмыс тіршілігі мен әдет-ғұрыпы, салт-санасына байланысты туған жыл санақтары мен болжамы, ұғымдары, аспан әлеміндегі Күн мен Ай, Жұлдыздар

туралы кейбір аңыз-әңгімелер, осыған орай амалдар мен тоғыстар, жаңа жыл - Наурыз, жыл қайыру жөніндегі ой-түсініктер сөз болған. Бұлар шығыс халықтарында айтылатын әр алуан ой-болжамдармен салыстырыла баяндалады [7].

Ғалым-педагог М.Құдайқұлов өзінің лекторлық жұмыс тәжірибесінің негізінде аспан денелері туралы қызықты материалдарды пайдаланып, 1962 жылы «Ғылым және дін аспан денелері туралы» атты көпшілікке арналған ғылыми-әдебиет шығарған [8].

Кітапшада ғылым және дін, Күн, планеталар: Меркурий, Шолпан, Жер, Марс, Юпитер, Сатурн, Уран, Нептун, Плутон, жасанды аспан денелері, астероидтар, «Құйрықты жұлдыздар», аспан тастары, Жұлдыздар мен галактикалар, аспан денелері туралы соңғы ғылыми жаңалықтарға сүйене отырып, ел арасындағы діни уағыздарды сынап, сондай-ақ аспан денелері туралы халықтық түсініктерді де келтіріп отырған.

Әмбебап-ғалым А.Машанов пен Ж.Машанованың «Ғажайып от ошағында» атты кітабында ғылыми астрономия мен халықтың астрономиялық көзқарастары жөнінде мәліметтер берілген. Әсіресе онда қазақ халқының ауыз әдебиетінің туындыларындағы астрономиялық қиялдар, аңыздар, даналық есептері, археологиялық жазбалардың астрономиялық жаңалықтары, халқымыздың космологиялық ұғымдарының даму тарихы, Орта Азия және Шығыстың кейбір елдеріндегі мәдени-астрономиялық мирастар, ұлы ғалым әл-Фарабидің астрономиялық зерттеулерінің негізінде әңгімеленеді. Нақтырақ айтсақ, еңбекте аспантанудың анығы мен танығы, қазақ халқының аспан ертегілері, мүшел есебінің тарихи-астрономиялық дәйектері, әлемдік археологиядағы астрономиялық жаңалақтар, астрономиялық болжам өнерінің ертегісі, қазақ халқының аспан ертегілері, әл-Фарабидің сан аттары, темір саны туралы мағлұматтар сөз болған [9].

Ғалым-философ Ғ.Ақпанбектің «Қазақтардың дүниетанымы» атты еңбегінде қазақ

халқының танымдық мұраларын (сәулет өнері, ою-өрнек, киіз үй жасау, ертегі-аңыз, салт-сана, әдет-ғұрып, адам, ғарыш) ойтаразысынан өткізіп, олардың адам баласының ақыл-парасатына, көзқарасына, сана-сезіміне, тәлім-тәрбиесіне күші әсер ететінін, табиғат құбылыстарының, оның ішінде астрономиялық құбылыстардың сырларын ғылыми негізде түсіндіреді [10].

Тілші-ғалым Қ.Ғ.Аронов «Қазақ тіліндегі халықтық космонимдердің этнолингвистикалық табиғаты» тақырыбына орындалған кандидаттық диссертациясында аспан шырақтарының аттары туралы ғылымды космонимика деп атайтынын, халықтық космонимдерді тақырыптық жағынан таныстыру, халықтық космонимдердің лексика-грамматикалық ерекшеліктері мен номинациялық принциптері, халықтық космонимдердің этнолингвистикалық сипаттамасы, халықтық космонимдерге байланысты фразеологизмдер мен мақал-мәтелдерге сипаттамалар берген [11].

Тарихшы Қытай Халық Республикасындағы қазақ ғалымы Нығмет Мыңжани «Қазақтың қысқаша тарихы» атты оқу құралында қазақ халқының рухани мәдениетін, қазақ халқының аспан әлемі туралы түсініктері мен байырғы қазақ күнтізбесі туралы көне қытай, араб, парсы, түрік, монғол жазба деректері мен шежіре жылнамаларына сүйене отырып, тарихи тұрғыдан баяндаған [12].

Қазақ этнограф-ғалымдары А.Сейдімбек, С.Кенжеахметұлы, М.Қазбеков этнографиялық материалдардағы қазақ халқының аспан денелері туралы ой-пікірлеріне тоқталған.

А.Сейдімбектің «Қазақ әлемі» кітабының төртінші тарауы «Халықнама» деп аталып, онда қазақтың он екі ай атаулары, уақыт межесі, аспан денелері туралы қыруар мақал-мәтелдері, қазақтың дәстүрлі астрономиялық атауларының қазақша-орысша сөздігі берілген [13].

М.Қазбековтың құрастыруымен шыққан «Жаңғырған салт-дәстүрлер» атты жинақта Ы.Алтынсариннің, Ә.Диваевтың,

Ф.Куфтиннің, Х.Әбішевтің, М.Исқақовтың еңбектеріне сүйеніп, есепшілердің аспан денелерінің қозғалысын, түр-түсін және табиғат құбылыстарын бақылап, малға жайлы өріс белгілеу және халыққа қуатты қоныс таңдау сияқты маңызды істерді атқарғаны туралы айтылып, олардың бір жылды үшке, төртке, жетіге және тоғызға бөліп қарастырғаны: үш бунақ, төрт тоқсан, жеті амал, тоғыз тармақ, он екі апат ұғымдарына халықтық тұрғыдан түсініктемелер келтірген [14].

Жазушы-этнограф ғалым С.Кенжеахметұлы өзінің «Ұлттық-әдет-ғұрыптың беймәлім 220 түрі» атты көмекші оқу құралының «Жыл он екі ай» бөлімінде Күн санау, Ай санау, Жыл санау олардың қайдан шыққаны туралы, күн атаулары, ай атаулары, оларға байланысты пайда болған мақал-мәтелдер, қанатты сөздер мен өлеңдер, жырлар, халықтық түсініктер қызықты етіп баяндалған [15].

Балаларға арналған «Ғибрат» баспа үйі «Жаратылыс ғажаптары» сериясымен ұсынған «Жер кереметтері» және «Аспан кереметтері» кітапшаларын шығарған. Оларда Алла Тағаланы Жаратылыстағы белгілеріне қарап тану туралы қызықты да танымды әңгімелер берілген, яғни Жер кереметтері, аспан кереметтері, Жер мен аспанның міндет-қызметтері, сипаты, Алла Тағаланың Құран Кәрімде Жер мен аспанның жаратылысы жөнінде айтқандары, оның аспандағы айқын белгілері, Жер, Күн, Айдың және Жұлдыздардың қозғалыстары, олардың адам үшін, адам игілігі үшін жаратылғаны туралы сөз болған [16].

Монголоиядағы этнограф-ғалым Б.Кәмәләшұлы өзінің «Ауа райының қазақи дәстүрлі болжамдары» атты еңбегінде аспан шырақтарын, бұлт, тұман, боран, қырау, қылау, шық, шаңыттау, түрлі өсімдіктер, төрт түлік мал, құрт-құмырысқаларды, түрлі құстарды және табиғи құбылыстарды бақылау арқылы ауа райының өзгеруі халықтың тіршілігіне берік екенін сөз еткен [17].

Ал Қытайдағы қазақ тарихшы этнограф-ғалымдары А.Нүсіпоқасұлы мен Ә.Жапар-

ұлы «Қазақ салт-дәстүрі және оның ғылыми негіздері» атты кітабында астрономия, ауа райын бақылау (есепшілік), жаз есебі, қыс есебі, үш бунақ, төрт тоқсан, жеті амал, тоғыс, тоғыз тармақ, он екі жұт ұғымдарына халықтық түсінік тұрғысынан сипаттамалар берген. Мысалы, «Астрономия» тақырыбында «Қазақ халқы ертеде астрономия ғылымынан да мол сауаты болған. Мұнда, тұтас аспан әлемі мен жер жүзін, Ай, Күн, жұлдыз, өзен-көл, өсімдік және жан-жануарларды түгел барлап, бақылап, түрлі жаратылыстық апаттардың алдын алып, мал-жандарын қорғап отырған. Сондай-ақ, Ай, Күн, Жұлдыз аттарын ғылыми жүйеге келтіріп, күнтізбе жасап, оны ежелден пайдаланып келген. Тіпті, күннің қай күні жауып, қай күні ашылатынын, жаз бен қыстың қалай өтетінін бес саусақтарындай қанық біліп отырған, мал мен жанды жұтқа, апатқа бермейтін астрономдары (есепшілері) болған» деп, халықтық астрономияның мәні мен маңызын көрсеткен [18,107 б.].

Қазақтың халықтық астрономиясын білім беру саласында пайдалану бойынша әдістемелік құралдар саусақпен санаулы. Кеңестік дәуірде Ш.Төлегенов пен Қ.Бөлеевтің «Астрономия сабақтарында оқушыларға атеистік тәрбие беру» атты әдістемелік құралында 11 сыныпта оқытылатын «Астрономия» пәнінің бағдарламасындағы әрбір тақырыбында ғылыми астрономияның жетістіктері мен діни түсініктерді салыстыра отырып, оқушылардың атеистік көзқарастарын қалыптастыру мәселесі, сонымен қатар оқушыларды қызықтыратын халықтық астрономияның элементтері беріліп отырған [19].

Осы жұмыстың нәтижесінде Ш.Төлегенов «Орта мектеп оқушыларына ғылыми-атеистік тәрбие беруді жетілдіру» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғаған болатын. Онда астрономия пәнінің мектепте оқытылатын барлық пәндердегі астрономия элементтері арқылы байланысы негізінде оқушыларға ғылыми-атеистік тәрбие беру әдістемесі жасалынды. Жұмыста аспан денелері туралы қазақ халқының түсініктері де берілді [20].

Екінші әдістемелік құралды 1990 жылы мектеп мұғалімі А.Қарамурзин «Астрономияда қосымша оқуға арналған кебір мәселелер» деген атпен шығарды [21].

Онда астрономия сабақтарында оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыруда өтілген тақырыптарға байланысты қосымша әңгімелеп беру үшін падаланатын материалдар берілген. Оларда реті келген жерде халықтық астрономиямен байланыстырып, аз-кем мағлұматтар беруге талпынған.

Сонымен қатар мерзімді баспасөздерде, мерзімді көпшілік педагогикалық және әдістемелік журналдарда: «Земля и Вселенная», «Білім және еңбек», «Қазақстан мектебі» т.б. бірнеше мақалалар шыққанын анықтадық. Мысалы, Қ.Бөлеевтің СССР Ғылым Академиясының «Земля и Вселенная» атты ғылыми журналының 1979 жылғы №6 санында «Казахские названия небесных светил» атты мақаласы, «Білім және еңбек» көпшілік-ғылыми журналында «Халықтық астрономия терминдері туралы» (1975, №2), «Планета аттары қайдан шыққан?» (1980, №1), Т.Рақымжановтың сол журналда «Фольклор және байырғы болжамдар» (1972, №10), «Қазақстан мектебі» журналында

К.Мекебаевтың «Астрономия және ауыз әдебиеті» (1982, №12), Қ.Ароновтың «Термин сөздердің қалыптасуы мен қазіргі жайы» (1991, №2), М.Машановтың «Жұлдыз» журналында «Аспан ертегілері» (1958, №7), Қ.Нұрсұлтановтың «Білім және еңбек» журналында «Ежелгі хронология хақында» (1971, №2), т.б. бірнеше мақалалар жарық көрді.

Енді әдістемелік ұсыныс ретінде айтарым, сан ғасырлық жинақталған қазақтың халықтық астрономиясын қазіргі мектепте оқытылып жүрген «Қазақстанның физикалық географиясы», «Дүниетану», «Физика және астрономия» пәндерінің бағдарламаларына ендіріп, оны оқушыларға ұлттық тәрбие беруде кеңінен пайдалану керек.

Сонымен, Қазақстанда қазақтың халықтық астрономиясы біршама зерттеліп, оның ғылыми астрономияның пайда болып, дамуына негіз болғаны, сол халықтық мұраны бүгінгі білім беру жүйесінде пайдалану уақыты келгені, өйткені ол халық педагогикасының құрамдас бөлігі екені, әсіресе ол материалдар жас ұрпақтың ұлттық дүниетанымын қалыптастырудың басты құралы болғандықтан бүгінгі таңда оның қажеттігі айрықша мәнге ие болып отыр.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Абишев Х. Элементы астрономии и погода в устном народном творчестве казахов. - Алма-Ата: АН Казахской ССР, 1949. - 29 с.
- 2 Әбішев Х. Халық астрономиясы. – Алматы: ҚазМембаспа, 1959. - 32 б.
- 3 Әбішев Х. Аспан сыры. – Алматы: ҚазМемСаяси баспа, 1962. - 250 б.
- 4 Исқақов М. Қазақтың байырғы календары. – Алматы: Қазақстан, 1960. - 96 б.
- 5 Исқақов М. Халық календары. – Алматы: ҚазМембаспа, 1963. - 210 б.
- 6 Исқақов М.Ө. Жалпы білім беретін орта мектеп пен педагогтік училищеде календарды оқыту: п.ғ.к.дис. – Алматы, 1964.
- 7 Қазақ халқының мұрасынан / Құраст. М.Аяпұлы. – Алматы, 1993. - 19 б.
- 8 Құдайқұлов М. Ғылым және дін аспан денелері туралы. – Алматы: ҚазМембаспа, 1962. - 95 б.
- 9 Машанов М., Машанова Ж. Ғажайып от ошағында. – Алматы: Қазақстан, 1978. -144 б.
- 10 Ақпанбек Ғ. Қазақтардың дүниетанымы. – Алматы: Заң университеті, 1993. - 53 б.
- 11 Аронов Қ.Ғ. Қазақ тіліндегі халықтық космонимдердің этнолингвистикалық табиғаты: ф.ғ.к. дисс. – Алматы, 1992.
- 12 Мыңжани Н. Қазақтың қысқаша тарихы. – Алматы: Жалын, 1994. - 400 б.

- 13 Сейдімбек А. Қазақ әлемі: этномәдени пайымдаулар. – Алматы: Санат, 1997. - 464 б.
- 14 Наурыз: Жаңғырған салт-дәстүрлер / Құраст. М.Қазбеков. – Алматы: Қазақстан, 1991. - 256 б.
- 15 Кенжеахметұлы С. Ұлттық-әдет-ғұрыптың беймәлім 220 түрі. – Алматы: Санат, 1998. - 256 б.
- 16 Аспан кереметтері / Аударған К.Ибадуллаев. – Алматы: Ғибарат, 2002. - 50 б.
- 17 Бөлеев Қ., Төлегенов Ш. Астрономия сабақтарында оқушыларға ғылыми-атеистік тәрбие беру. – Шымкент, 1980. - 28 б.
- 18 Төлегенов Ш. Орта мектеп оқушыларына ғылыми-атеистік тәрбие беруді жетілдіру (астрономияның басқа пәндермен байланысы негізінде): п.ғ.к...дис. – Алматы, 1985.
- 19 Қарамурзин А. Астрономияда қосымша оқуға арналған кебір мәселелер. –Алматы: Рауан, 1990. – 82. б.
- 20 Кәмәләшұлы Б. Ауа райының қазақи дәстүрлі болжамдары. – Алматы: Өнер, 2006. - 50 б.
- 21 Нүсіпоқасұлы А., Жапарұлы Ә. Қазақ салт-дәстүрлері және оның ғылыми негіздері. – Алматы: Өнер, 2011. - 152 б.



Халық пен халықты, адам мен адамды теңестіретін нәрсе – білім

Мұхтар Әуезов.

С.Қ. Құсайынова

педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент

ҚАЗАҚТЫҢ ХАЛЫҚТЫҚ БИОЛОГИЯСЫ МЕН ХАЛЫҚТЫҚ МЕДИЦИНАСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Мақалада қазақ ғалымдарының қазақтың халық педагогикасының құрамдас бөлігі халықтық биология мен халықтық медицинаның зерттелу жайы және оларды дүниетану, биология пәндерінде оқушыларға ұлттық тәрбие беруде пайдалану жолдары көрсетілген.

Түйін сөздер: *төрт түлік мал, өсімдік, халықтық биология, халықтық медицина және санитария, халықтық ветеринария, халықтық гигиена, этноэкология, ұлттық тәрбие.*

В статье рассматриваются исследования казахских ученых по народной биологии и народной медицины как одни из составных частей казахской народной педагогики и их использование в национальном воспитании учащихся в процессе преподавания познания мира и биологических дисциплин.

Ключевые слова: *скотоводство, растениеводство, народная биология, народная медицина, народная ветеринария, народная гигиена и санитария, этноэкология, национальное воспитание.*

In the article researches of the Kazakh scientists on folk biology and ethnomedicine are examined as one of component parts of Kazakh folk pedagogics and their use in national education of students in the process of teaching of cognition of the world and biological disciplines.

Keywords: *cattle breeding, plant-grower, folk biology, ethnomedicine, folk veterinary science, folk hygiene and sanitation, ethnos ecology, national education.*

Қазақ халқы ерте заманнан бастап мал шаруашылығымен шұғылданып келгендіктен, ол - халқымыздың ата кәсібі болып саналады. Осыдан келіп, қазақ тілінде малға және мал шаруашылығына байланысты халықтық атаулар, терминдер, сөз тіркестері, мақал-мәтелдер, аңыз-әңгімелер, жұмбақтар, қанатты сөздер, ертегілер орасан көп және олар үнемі жетілдіріліп, дамып отырған.

Төрт түлік малдың шыққан тектеріне, тұқымына, төлдердің жасына, дене бітіміне, ен-таңбасына, жынысына, сымбаттылығына, мінез-қылықтарына, еті мен сүтіне, жүні мен майына, терісіне, сүйегіне, адамның өмір тіршілігіне керекті күш-көліктілігіне, малдың өнімді-өнімсіздігіне байланысты айтылатын көптеген халықтық атаулары пайда болған, мән-маңызы түсіндірілген.

Адамзат тіршілігінде өсімдіктер дүниесінің де маңызы зор, өсімдіксіз өмір жоқ, ол тіршілігімізге тірек, өмірімізге нәр, күнделікті тұрмысымызға көрік. Сондықтан ерте кезден бастап-ақ ата-бабаларымыз өсімдіктерді зерттеп, танып-біліп, оларға ат қойып, олардың жеміс-жидектерін, дәндерін азыққа, ал жапырақ, сабақ, гүл, тамырларын дәрі-дәрмекке, тері илеуге, түрлі нәрселерді бояуға, өсімдіктердің ішіндегі пайдалыларын қолдан өсіретін болды. Олардан көптеген азық-түліктік қорлар, әртүрлі өндірістік шикізаттар алып, құрылыс материалдары мен сәндік-өнерлік құралдар, дәрі-дәрмектер даярланады.

Жұмыр Жер беті, әсіресе Қазақ жері өсімдіктер дүниесіне өте бай. Дүние жүзінде олардың 500 мыңдай түрі өссе, Қазақ жерінде өсімдіктің 6000-нан астам түрі өседі.

Көптеген өсімдіктердің, әсіресе пайдалы өсімдіктердің ана тілімізде халықтық атаулары бар. Өсімдіктердің тұрмыс-тіршіліктегі маңызы, оларсыз өмір сүру мүмкін еместігін біліп сезген халық өсімдіктерге ат беріп, олар туралы ауыз және жазба әдебиеттерде көптеген шығармалар тудырғаны, олар халық арасында кеңінен тарағаны белгілі.

Міне осылайша, халық төрт түлік мал мен өсімдіктер туралы халықтық ұғымдар мен атауларды жинастыру арқылы биологиялық білімдер жүйесін жасап, ғылыми биологияның қайнар көздері мен негіздеріне айналдырған, оларды өмір сүру барысында кеңінен пайдаға жаратқан.

Қазақ халқының биологиялық білімдерін зерттеумен қазақ ғалымдары Ш.Жанәбілов, А.Бабалықұлы, И.Жұмағұлов, Х.Арғынбаев, К.Сабденов, Қ.Өмірәлиев, И.Жақыпов, С.Арыстанғалиев, Е.Р.Рамазанов, Б.Қалиев, Ә.Искендіров, М.Қажымұратов, Т.Мұсақұлов, т.б., Ол білімдердің адам денсаулығына пайдасының халықтық медицинадағы көріністерін Е.Оразақов, М.Әлімханов, А.Алдашов, С.Исаев, А.Мәдиева, т.б. айналысқанын анықтадық. Енді сол зерттеулерге қысқаша болса да мазмұндық талдау жасап көрелік.

Ш.Жанәбіловтың «Қазақша мал атаулары», Қ.Өмірәлиевтің «Төрт түлік», А.Бабалықұлының «Төрт түлік атаулары», К.Сабденовтың «Төрт түлік» атты еңбектерінде жылқы, сиыр, қой және ешкі түліктерінің пайда болуы мен шыққан тектеріне шолу жасалып, олардың түрлі толып жатқан ерекшеліктеріне байланысты халықтық атаулары жік-жігімен тақырыптарға бөлініп баяндалған [1-4]. Мысалы, Ш.Жанәбіловтың «Қазақша мал атаулары» атты зерттеу еңбегінде қазақ халқының ежелден мал шаруашылығымен айналысу дәстүрлері, жылқы туралы қысқаша мәлімет, оның тұқымдары, бие атаулары; дене бітісіне, құлындауына, күй-жайына, жасына, сауылуына; емшек пен желін бітіміне, сүтіне, мінезіне, жал-құйрық бітісіне, бойдақтығына байланысты атаулары; еркек, піштірілуі мен күш-көліктігіне

қарай аталуы, ат туралы мақал-мәтелдер, құлын атаулары, жылқының ортақ атаулары, жылқының тісіне, үніне және түрлі әрекеттеріне, жатып-тұруына, түсіне, түгіне қарай атаулары, жылқыда болатын ауру аттары және оларды емдеу; екінші тарауда түйенің пайда болуы, түйенің топ түрлеріне, түйе туралы мақал-мәтелдің, түйенің аурулары, оны емдеу; үшінші тарауда сиыр тұқымдарының пайда болуы, сиырдың күй-жайына, бұзауына, жынысы мен жасына, сауылуына, желін, емшегіне, дене бітіміне, мінезіне, топ-түрлеріне байланысты атаулары, сиыр туралы мақал-мәтелдер, сиырдың аурулары, оларды емдеу; төртінші-қой тұқымының пайда болуы, қойға қойылатын аттар, қой туралы мақал-мәтелдер, қойдың аурулары, оларды емдеу; бесінші тарауда ешкі тұқымының пайда болуы, ешкінің күйіне, төлдеуіне, жасы мен жынысына, мүйзіне, топ-түрлеріне байланысты атаулары, қойылатын аттар, ешкі туралы мақал-мәтелдер, ешкіде болатын аурулар, оларды емдеу; алтыншы соңғы тарауда мал туралы ортақ атаулар, мал туралы мақал-мәтелдер берілген.

Ал И.Жұмағұловтың «Түйе», Ә.Жақыповтың «Түйе өсірушінің түсіндірме сөздігінде» түйе малының тіршілігіне байланысты қазір ұмыт бола бастаған 500-ден астам атау енгізіліп, тақырыптардың мәніне қарай топтастырылған. Әрбір сөз, әрбір атау талданып, аңыз-әңгімелер, өлеңдер өріліп, мақал-мәтелдер ұтымды толықтырылған. Мысалы, түйе тарихынан бірер сөз, түйенің түрлері, түрлі ерекшеліктеріне қарай атаулары, түйенің аурулары олардың атаулары мен оларды емдеу жолдары, түйеден алынатын өнімдер, түйе атауларына байланысты адам, жерсу, өсімдіктер, жәндіктер мен құстар атаулары, түйеге қатысты әдет-ғұрыптар, мамандық атаулары, одағай сөздер, тұрақты және фразалық сөз тіркестері, жұмбақтар, жаңылтпаштар, мақал-мәтелдер, ойындар өте тартымды және қызықты етіп баяндалған [5-6].

Х.Арғынбаевтың «Қазақтың мал шаруашылығы жайында этнографиялық очеркінде» мал шаруашылығына байланысты қазақ

халқының әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері, олардың тұрмыстағы және қоғамдағы орны мен мәні этнографиялық тұрғыда баяндалған [7].

Қазақ халқы ғасырлар бойы мал шаруашылығымен шұғылданғандықтан төрт түлік малдың сыр-сипаты мен жай күйіне қанық болған малшылар үнемі мал сойып отырғандықтан малдың барлық денесінің анатомиялық құрылысы жөнінде мол білімге ие болды. Малдың барлық ұлылы-кішілі сүйектері мен өкпе бауырын, ішек-қарын, сіңір, тамыр, жүйке, тарамыс, бездеріне дейін бәрінің халықтық атын, тұрған орнын, атқаратын қызметін анық білді. Олар түрлі малдарда болатын ауруларға да әбден қанық еді. Осыдан қазақ мал дәрігерлік білімі - халықтың ғасырлар бойы жинаған тәжірибесі негізінде қалыптасты, яғни халықтық ветеринария пайда болған. Сол білімді игерген қазақ мал дәрігерлері ауырған малды түрлі дәрі-дәрмектермен емдеген. Асқынған аурулар мен жараларды емдеуде пышақпен сылап тастау әдісі жиі қолданылды. Жылқыдағы алақарак, шеміршек, ботадағы қос кіндік, қойдағы түйнек ауруларын операциялау арқылы емдеді. Жылқының маңқасын тамақ безін сылып, кеңсірігін кесіп, алмас салу арқылы жазды, мерткікен малды, сынған сүйектерді таңып, оларды орнына салып отырды.

С.А. Арыстанғалиев пен Е.Р. Рамазановтың «Қазақстан өсімдіктері» атты кітабында қазақ жерінде өсетін өсімдіктердің 126 тұқымдасы, 1024 туысы мен 5865 түрлерінің қазақ тіліндегі халық және ғылыми аталары келтірілген [8].

Кітаптың алғы сөзінде өсімдіктердің қазақша атаулары жөніндегі қазақ тіліндегі халық атауларын жинауға және оларды жариялауға белгілі шетелдік ботаник ғалымдардың көңіл бөлгендігі «Қазақстан флорасы» атты еңбекте өсімдіктердің сипаттамасы берілгені айтылған.

Бірінші тарауда өсімдіктердің қазақша-латынша-орысша атауларының систематикалық тізімі, екінші тарауда өсім-

діктер тұқымдасы мен туысының қазақша атауларының алфавиттік көрсеткіші, үшінші - өсімдік тұқымдасы мен туысының латынша атауларының алфавиттік көрсеткіші, ал төртінші тарауда өсімдік тұқымдасы мен туысының орысша атауларының алфавиттік көрсеткіші берілген. Көптеген өсімдік атаулары, әсіресе, пайдалы өсімдіктердің ана тілімізге тән халықтық атаулары бар екені, олардың пайда болу себептері туралы түсініктер де берілген.

Академик тілші-ғалым Б.Қалиевтің «Қазақ тіліндегі өсімдік атаулары» және «Өсімдік атауларының түсіндірме сөздігі» атты кітаптарында 6 мыңнан астам қазақша өсімдік атаулары қамтылып, олардың баламалары, биологиялық белгілері көрсетіліп, әрбір атауға толық жан-жақты анықтама берілген. Сондай-ақ қазақша өсімдік атауларының тілдегі қолдану өрісі мен стильдік ерекшеліктері (әдеби, халықтық, ғылыми, жергілікті, ауызекі сөйлеу) айқындалып, олардың көркем әдебиеттер мен ауыз әдебиетінің әртүрлі жанрларындағы көріністері танымдық тұрғыда қызықты баяндалған [9-10].

Қазақ халқының мәдени мұрасының бір саласы, халықтық биологиялық білімнің нәтижесі - халық медицинасы. Ол халқымыздың емдеу-сауықтыру тәсілдері оның өзімен бірге жасап, сақталып келеді деуге әбден болады. Сол халықтық медицинаны зерттеп, ғалым-дәрігерлеріміз бірнеше еңбектер шығарды. Мысалы, медицина ғылымдарының докторы Е.Оразақовтың «Қазақ халық медицинасы» атты еңбегінде халықтық медицина туралы және оның ғылыми медицинаның дамуына негіз болғаны жайында қысқаша шолу, қазақ халық медицинасының дәстүрлері, жазба деректердегі халықтық медицина, халықтық дәрі-дәрмектер, оларды пайдалану әдістері, халықтық хирургия, оларды жүзеге асыру, халықтық акушерлік және сәбилерге көмек көрсету, халықтық медицинаға қатысы бар әдебиеттерге, әңгіме-аңыздарға қысқаша шолу берілген. Сондай-ақ, бесіктің, инфекциялық аурулардың алдын-алу, ас-

аухаттың гигиеналық маңызы да сөз болған. Сонымен қатар орыстың прогресшіл дәрігерлерінің қазақтар арасында көмегі, фитотерапия - өсімдік дәрілерімен емдеу әдісіне де мысалдар келтірілген [11].

Ғалым-дәрігерлер М.Әлімхановтың «Қазақ халық медицинасы» және А.Алдашев пен М.Әлімхановтың «Қазақ халық медицинасының құпиясы» еңбектерінде сиқыр мен тылсымға негізделген аурулардан сақтану, сондай ауруды табу, сиқырға сеніп емдеу, бақылау мен тәжірибеге сүйенген халық дәрігерлері, ішкі ауруларды анықтап, емдеу, хирургиялық ауруларды емдеу, жүкті әйелді босандыруға көмек, жаңа туған нәрестені күту, оны аурудан емдеу, халықтың санитарлық-гигиеналық түсінігі және жұқпалы аурулардан сақтану амалы, дастархан мәзірі, астың қасиеті хақында, халық психотерапиясы, қорытынды ретінде халық медицинасының құпия сырлары баяндалған [12-13].

Фармацевт-дәрігер, әрі халық емшісі Ы.Бекжігітовтың «Халық медицинасының алтын ережелері» еңбегінде, автор 20 жылдан бері осы салада еңбек етіп, ауруларды емдеп жүрген тәжірибесін ортаға салған.

Автор онда ангина, ревматизм, асқазан гастриті, асқазан жарасы, бауыр ауруы, оны тазалау, өт жолдарының қабынуын емдеу, қуықты емдеу, еркектің қуатын күшейту, шыжыңды емдеу, қан қысымын төмендету, қабынуды, бронхитті, өкпе ауруын, күйікті, нерв жүйелері қызметінің нашарлауын емдеу, жүйке жүйесіне ем жасау, ұйқы безі, әйелдердің жыныс ауруларын емдеу, жатырдан қан кетуді тоқтату, өт қабында пайда болған тасты түсіру, бауыр ісігін емдеу, сыздауық пен шиканды емдеу, өкпе туберкулезін, артритті емдеу, қотырды, бүйрек ауруын, тері ауруларын, ас қорыту жолының созылмалы ауруларын, тамақтан улануды, созылмалы бронхитті, жөтелді, шуашты емдеу, рак, бауыр, бүйрек, гастрит, іш ауруларын, дизентерияны, ішек ауруларын, асқазан ауруларын емдеу мәселелерін баяндаған. Аталған ауруларды емдеуде өзі

ойлап тапқан қоспараларды, биоқоспараларды пайдаланады [14].

Ғалым-дәрігер С.Исаев пен А.Мәдиеваның «Халық емі» атты еңбегінде жүрек аурулары, витаминдерді сусындар, дәрілік өсімдіктер өсетін орындар, оларды жинау мезгілі, тыныс мүшелерінің аурулары, ішкі мүшелердің аурулары, аталған ауруларды емдік өсімдіктермен емдеу, емдік тамақтар, олардың қасиеттері мен құрамдары, түрлері туралы мәліметтер берілген [15].

М.Қажымұратовтың «Қазақстанда кездесетін пайдалы өсімдіктер» және Ө.Іскендіровтың «Қазақстанның дәрілік өсімдіктері» атты зерттеулерінде республикада кездесетін пайдалы өсімдіктердің морфологиялық-биологиялық сипаттамасы, дәрілік өсімдіктерді қандай ауруларға және қалай қолдану керектігі әңгімеленген [16,17].

Б.Әдетовтың аударуымен шыққан «Қазақ емшілігі» атты кітапта қазақ емшілігінде ертеден қолданылып, аурудың алдын алып сақтандыруда жақсы нәтиже беріп келе жатқан дәрілердің 335 түрі келтірілген. Дәрілер түрлі өсімдіктерден, жәндіктер мен хайуанаттардың, құс пен малдың өнімдерінен жасалған дәрілердің шипалық қасиеттері, ауру түрлеріне орай оларды пайдалана білу жолдарын көрсеткен. Еңбекте дәрілік өсімдіктердің пайда болуы мен қазірге дейінгі даму тарихы ұлы ойшылдардың физиологтар мен дәрігер-ғалымдардың емшілік туралы зерттеулеріне шолу жасау арқылы негізделген [18].

«Қазақтың халықтық медицинасының тарихына байланысты ұлы бабамыз Өтейбайдың Тілеуқабылұлы мен қазақ ағартушылары мен ғалымдарының жазған еңбектері туралы да қысқаша мәлімет беруді жөн көрдік. Мысалы, осыдан бес ғасыр бұрын жасаған ғұлама ғалым, шипагер бабамыз Ө.Тілеуқабылұлының «Шипагерлік баян» деп аталатын кітабы өз басынан өткізген төл тәжірибелерінен тұратын, халықтық медицина жөніндегі үлкен ғылымнамалық еңбек. Олай дейтініміз еңбекте тек шипагерліктің шын мәніне жету үшін халықтық астрона-

мияны, философияны, психологияны, этнографияны, ұлттық салт-сананы, тарихты, халықтық педагогиканы тығыз ұштастыра білуде. Кітапта адамның дене мүшелері, олардың қасиеттері, түрлі аурулардың пайда болуы, оларды емдеуге қажетті 1050 түрлі дәрілер, 4577 рецепті жасалынғаны белгілі болды [19].

Ж.Дауренбеков пен Е.Тұрсыновтың құрастыруымен жарық көрген «Қазақ бақсы-балгерлері» атты жинақта ежелгі тарихымызда, жырларымыз бен аңыздарымызда тылсым күштің, сиқырлы құдіреттің иесі болып саналатын - бақсылар туралы сөз болған. Шындығына келсек бақсылық - қазақ халқының тіршілігінде ұдайы бірге жасасып келе жатқан халық медицинасының бір саласы.

Қазақ бақсы-балгерлері туралы бұл тұңғыш кітапта қазақ және шетелдік ғалымдардың зерттеулері жинақталған, яғни онда Ш.Уәлихановтың, С.Сейфуллиннің, Х.Досмұхамедовтың, А.Байтұрсыновтың, М.Жұмабаевтың, Ә.Марғұланның, М.Әуезовтың, Қ.Жұбановтың, С.Мұқановтың, Ә.Қоңыратбаевтың, С.Мұхтарұлының, М.Жылқыбаеваның, Т.Дауренбековтың, К.Байбосыновтың, С.Өтениязовтың, сондай-ақ шетелдік ғалымдар А.Янушкевичтің, Ә.Диваевтың, Б.Залесскийдің қазақ бақсы-балгерлері туралы еңбектері берілген [20].

Ғалым-педагог Т.Мұсақұлов 1958 жылы «Биология терминдері, оларды қабылдаудың және жаратылыс ғылымдарын қазақ мектептерінде оқыту ісіндегі қолданудың принциптері» тақырыбына педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу бойынша орындаған диссертациясында биология терминдері, оның ішінде халықтық биологиялық атаулардың биология пәнін оқытуда қажеттігі дәлелденген. Жұмыстың «Қазақ тіліндегі биологиялық терминдердің дамуы» тарауында мәселенің тарихына әдеби шолу, көркем әдебиеттегі биологиялық терминдердің алғаш шыға бастауы, қазақ тіліндегі биологиялық терминдердің дамуы, осы күнгі қолданылып жүрген биология

терминдеріне сын және шолу жасалынған. «Қазақ тіліндегі биологиялық терминдердің көзі» атты екінші тарауда қазақтың ауыз әдебиетіндегі өсімдік пен жануарлар сипаттары, қазақтың ауыз әдебиетіндегі өсімдік пен жануарлардың аралас сипаты, қазақтың жазба әдебиетіндегі биологиялық ұғымдар мен терминдер, қазақтың жазба және ауыз әдебиетінен алынған ұғымдар мен терминдердің биологиялық пәндерді оқытудағы мәні, арнайы бөлімде биологиялық терминдерді қазақ тілінде қабылдаудың және жаратылыс ғылымдарын қазақ мектептерінде оқыту ісінде қолданудың 30-дан астам әртүрлі принциптері жасалып, оларды келешекте іс жүзінде қолданудың әдістемелік ұсынысы берілген [21].

Осы зерттеудің нәтижесінде автор «Орысша-қазақша түсінік беретін биологиялық сөздігін» шығарған [22].

Халық-жазушысы М.Әлімбаев пен дәрігер С.Сұбханбердиннің «Денсаулығыңды ойласаң...» атты кітапшасында дүние жүзі халықтарының, оның ішінде қазақ халқының денсаулық жөніндегі нақылдары мен мақал-мәтелдері парасатты тәрбиеші, әділ сыншы, адал ақылшы ғана емес, сонымен бірге есті, епті емшіде екендігін көрсеткен. Онда денсаулықты қалай күшейту керек, денсаулыққа зиянды әдеттер, аурудың алдын алу, жүйкені сақтау, жақсы сөз - жарым ырыс, ауру - дерт және оны емдеу, көтеріңкі көңіл күй, бақыт және қуаныш туралы ұлы ойшылдардың ой-пікірлері мен мақал-мәтелдер жинастырып мазмұндалған [23].

Мектептегі биология пәнінің тәжірибелі озық мұғалімі К.Әмірғазиев оқушылардың танымдық белсенділігі мен логикалық ойлауын дамытуда қазақ ауыз және жазба әдебиеттеріндегі жұмбақ жанырының рөлін жоғары бағалап, оны өз іс-тәжірибесінде пайдалану нәтижесінде «Биологиялық жұмбақтар» атты оқу-әдістемелік құралын шығарған. Онда төрт түлік мал, құс, түрлі тірі ұсақ жәндіктер туралы жұмбақтар, олардың жауаптары берілген [24].

Ғалым-педагогтар Н.Сарыбеков, М.Сарыбеков, Қ.-Д.Сарыбековтың «Қазақ

халқының табиғат қорғау дәстүрлері» атты еңбегі авторлар тікелей табиғатта, ел арасында ұзақ жылдар бойы жүргізген зерттеулерінің негізінде жазылған. Ол халқымыздың ғасырлар, бойы табиғатты аялауға байланысты асыл қасиеттерін жинақтап, жүйеге келтіріп, елге, әсіресе жас ұрпаққа, жастарға жеткізу мәселеріне арналған.

Кітаптың бірінші тарауы «Табиғат қорғау - халық дәстүрі» деп аталып, онда табиғат қорғауға байланысты халық дәстүрлі, олардың келешек ұрпаққа тигізетін пайдасы, екінші «Қазақ халқының өлі табиғатты қорғауға арналған дәстүрлері» тарауында ауаны, суды, пайдалы қазбаларды және топырақты қорғауға байланысты халық дәстүрлері, ал үшінші «Қазақ халқының тірі табиғатты қорғауға арналған дәстүрлері» тарауында өсімдіктер мен жан-жануарлар дүниелерін қорғауға байланысты халық дәстүрлерінің тәлім-

тәрбиелік мәндері ашылған. Авторлар зерттеу нәтижесінде халық дәстүрлері арқылы табиғат қорғау бойынша халықтық білімнің қалыптасқанын көрсеткен [25].

Қорыта айтарымыз, қазақ халқының сан ғасырлық жинақталған білімі - халықтық биологияны, ал оның халықтық медицинада пайдаланылғаны, сол биологиялық және медициналық білімдердің ғылыми биология мен медицинаның қайнар көзі және бастамасы екендігі жоғарыдағы зерттеулер дәлелдегеніне көз жеткізуге болады. Сонымен, қазіргі мектептерде оқытылып жүрген «Дүниетану», «Өсімдіктану», «Жануартану», «Тәнтану» пәндерінің оқу бағдарламаларына халықтық биология мен халықтық медицинаның элементтерін ендіру арқылы оқушылардың ұлттық дүниетанымын қалыптастыру мүмкіндігі мен қажеттілігін кең пайдалану керек дер едім.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Жанәбілов Ш. Қазақша мал атаулары. – Алматы: Қайнар, 1982. - 150 б.
- 2 Өмірәлиев Қ. Төрт түлік. – Алматы: Өнер, 2001. - 301 б.
- 3 Бабалықұлы А. Төрт түлік атаулары. – Алматы: Қайнар, 1992. - 85 б.
- 4 Сабденов К. Төрт түлік. - Алматы: Қайнар, 2002. - 184 б.
- 5 Жакыпов Ә. Түйе өсірушінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Қайнар, 1989. - 192 б.
- 6 Жұмағұлов И. Түйе. – Алматы: Қазақстан, 1965. - 40 б.
- 7 Арғынбаев Х. Қазақтың мал шаруашылығы жайында этнографиялық очерк. – Алматы: Қазақстан, 1969. - 76 б.
- 8 Арыстанғалиев С.А., Рамазанов Е.Р. Қазақстан өсімдіктері: ғылыми және халық атаулары. – Алматы: Ғылым, 1977. - 288 б.
- 9 Қалиев Б. Қазақ тіліндегі өсімдік атаулары. – Алматы: Ғылым, 1988. - 450 б.
- 10 Қалиев Б. Өсімдік атауларының түсіндірме сөздігі. – Алматы: Сардар, 2012. - 104б.
- 11 Оразақов Е. Қазақ халық медицинасы. – Алматы: Білім, 1989. - 80 б.
- 12 Әлімханов М. Қазақ халық медицинасы. – Алматы: Қазақстан, 1991. - 110 б.
- 13 Алдашов А., Әлімханов М. Қазақ халық медицинасының құпиясы. – Алматы: Қазақстан, 1992. - 165 б.
- 14 Халық медицинасының ережелері / Құраст. Ы.Бекжігіт. – Шымкент: Азиат, 2011. - 108 б.
- 15 Исаев С., Мәдиева А. Халық емі. – Алматы: Қазақстан, 1999. - 80 б.
- 16 Қажымұратов М. Қазақстанда кездесетін пайдалы өсімдіктер. – Алматы: Қайнар, 1975. - 219 б.
- 17 Исқедіров Д. Қазақстанның дәрілік өсімдіктері. – Алматы: Қазақстан, 1982. - 188 б.
- 18 Қазақ емшілігі / Аудармашы Б.Әдетов. – Алматы: Қайнар, 1988. - 258 б.
- 19 Тілеуқабылұлы Ө. Шипагерлік баян. – Алматы: Жалын, 1996. - 484 б.

20 Қазақ бақсы - балгерлері / Құраст: Ж. Дауренбеков, Е.Тұрсынов. – Алматы: Ана тілі, 1993. - 224 б.


21 Мұсақұлов Т. Биология терминдері, оларды қабылдаудың және жаратылыс ғылымдарын қазақ мектептерінің ісінде пайдаланудың принциптері: п.ғ.к... дисс. – Алматы, 1958.

22 Мұсақұлов Т. Орысша-қазақша түсінік беретін биологиялық сөздік. – Алматы: ҚазМемПедбаспа, 1959. - 180 б.

23 Әлімбаев М., Сұбханбердин С. Денсаулығыңды ойласаң... (Денсаулық жөніндегі нақылдар мен мақал- мәтелдер). – Алматы: Қазақстан, 1974. - 160 б.

24 Әмірғазиев Қ. Биологиялық жұмбақтар. – Алматы: Мектеп, 1972. - 86 б.

25 Сарыбеков Н., Сарыбеков М., Сарыбеков Қ.-Д. Қазақ халқының табиғат қорғау дәстүрлері. – Алматы: Рауан, 1996. - 52 б.



Өз білімін өмірдің, өндірістің тәжірибелерімен нығайтып, байытып отырған, тапқан ілімін, үлкенді-кішілі ашқан жаңалығын халықтың қажетіне беріп отыратын ғылым ғана өз дәрежесінде, заман талабының өресінде болады

Қаныш Сәтбаев.

ӘОЖ 8.80

Қ.Бөлеев

*педагогика ғылымдарының докторы, Ұлттық Білім академиясының академигі,
Тараз инновациялық-гуманитарлық университетінің профессоры*

С.Қ.Құсайынова

педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, академиялық профессор

Л.Қ.Бөлеева

педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент

ХАЛЫҚТЫҚ БІЛІМДЕРДІ ОҚУШЫЛАРҒА ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДЕ ПАЙДАЛАНУ ТУРАЛЫ

Мақалада қазақ ғалымдарының физикалық, химиялық және географиялық халықтық білімдерді және оларды пайдаланып, оқушылардың ұлттық дүниетанымы мен отансүйгіштік сезімдерін қалыптастыру бойынша зерттеулеріне ретроспективтік талдау жасалынған.

Түйінді сөздер: *физикалық халықтық білім, химиялық халықтық білім, географиялық халықтық білім, ұлттық дүниетаным, отансүйгіштік сезім.*

В статье сделан ретроспективный анализ исследований казахских ученых в области физических, химических и географических народных знаний и их использование в формировании этнического мировоззрения и патриотических чувств учащихся казахских школ.

Ключевые слова: *физическое народное знание, химическое народное знание, географическое народное знание, этническое мировоззрение, патриотическое чувство.*

In the article the retrospective analysis of researches of the Kazakh scientists is done in the areas of physical, chemical and geographical folk knowledge and their use in forming of ethnic world view and patriotic feelings of Kazakh schools of students.

Keywords: *physical folk knowledge, chemical folk knowledge, geographical folk knowledge, ethnic world view, patriotic sense.*

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан-2050» Стратегиялық бағдарламасын іске асыру мақсатында «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту - Қазақстан дамуының басты бағыты» атты халыққа Жолдауында «Оқыту үдерісінің тәрбиелік құрамдасын күшейту қажет. Олар -патриотизм, мораль және парасаттылық нормалары, ұлтаралық келісім мен толеранттылық, тәннің де, жанның да дамуы, заңға мойынұсынушылық», оларды ұлттық құндылық ретінде жас ұрпақ пен жастардың бойына «барлық оқу орындарында сіңірілуі тиіс» деп, айрықша атап көрсетті.

Бұл міндеттерді шешудің басты бір жолы оқыту үдерісінде қазақ халық педагогикасының материалдарын пайдалану арқылы

жеке тұлғаға ұлттық тәрбие беру. Өйткені халықтық педагогика адамгершілік, имандылық, ұлтаралық келісім, толеранттылық, салауаттылық, құқықтық тәрбиелерді берудің басты құралы.

Орта мектепте оқытылатын пәндердің барлығы, әсіресе жаратылыстану пәндерінің тәрбиелік мүмкіндіктерін ашу әдістеме ғылымында әлі де болса шешімін тапқан жоқ. Сондықтан ол пәндерді оқыту үдерісінде халықтық педагогиканың құрамдас бөлігі -ғасырлар бойы жинақталған халықтық практикалық білімдерді пайдалану арқылы олардың тәрбиелік құрамдасын күшейтуге

болады деп санаймыз. Жаратылыстану пәндері бойынша халықтық білімдер қазақ ғалымдарының зерттеулерінде баршылық. Ал оларды жинақтап, бір жүйеге келтіру және оқыту үдерісінде пайдалану, өкінішке орай, осы уақытқа дейін айтарлықтай зерттелмеген педагогикалық-әдістемелік проблема.

Өзіміздің осы саладағы зерттеу жұмысымызға сүйеніп, айтылған проблема бойынша ой-пікірімізді ортаға салуды жөн көрдік.

Мектепте оқытылатын жаратылыс пәндерінің бірі - физиканы оқытуда халықтық педагогиканы пайдалану мәселесі өткен ғасырдың 20-шы жылдарынан бастау алады. Мысалы, 1923 жылы Орынбордан Елдес Омаровтың араб графикасымен жазылған «Физика» оқулығы жарық көрген [1]. Оқулықтың көлемі 354 бет, онда қазіргі мектеп бағдарламасындағы кванттың физика мәселелері ғана кірмей қалған, сол кезеңдегі физика ғылымында ашылған жаңалықтар толық қамтылған.

Оқулық өте тартымды, қарапайым қазақ тілінде жазылған, ондағы келтірілген мысалдар, атаулар, қазақ халқының өмірінен, салт-дәстүрінен, әдет-ғұрпынан алынғандықтан оқушыға өте түсінікті. Мысалы, физиканың «Механика» бөлімінде тік бағыт-вертикаль, еркін заңы-инерция заңы, бәсеке қозғалыс-салыстырмалы қозғалыс, тел жылдамдық-қорытқы жылдамдық, маңыз-масса, тел күш-қорытқы күш, салмақ өлшемдері-қадақ, пұт, батпан, уақыт өлшемдері-бір сәт, қас қағым, сүт пісірім, ет асым, бие сауым, тәулік, мүшел, т.б. Оқулықтың басқа бөлімдерінде де осындай қазақша балама, түсіндірме сөздерді, атауларды кездесіруге болады. Сондықтан бұл оқулық қазақтың ұлттық тілімен, ұлттық салт-дәстүрімен, ұлттық танымымен жазылған физикадан төл оқулық.

Оқулықтағы физикалық атаулар С.Ерматов пен Е.Аққошқаровтың «Физика терминологиясы және аударма терминдер» атты сөздікте толық келтірілген [2].

Ендігі жерде қазақ мектептерінде физиканың тәрбиелік мәнін күшейту үшін осы Е.Омаровтың «Физика» оқулығын басшы

лыққа алып, жаңа оқулықтарды жазу қажет. 1998 жылы озық тәжірибелі мектеп мұғалімі Г.Б.Әлімбекова Е.Омаровтың оқулығының ұлттық ерекшелігін басшылыққа алып, Е.Омаровтың «Физика» оқулығының әдістемелік ерекшеліктері және оларды мектепте пайдалану жолдары» атты тақырыпта педагогика ғылымдарының кандидаты дәрежесін алу бойынша диссертациялық жұмысын орындап, ғалым-әдіскер атағына ие болды [3].

Сол жұмыстың нәтижесінде Г.Б.Әлімбекова мектеп мұғалімдеріне және студент-физиктерге арнап «Физика пәнін халықтық педагогика тағлымдарымен байланыстыра отырып оқыту» атты оқу құралын шығарды [4].

Құрал кіріспеден, бес тараудан, қорытынды мен пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Кіріспеде автор «Оқушыларды ұлтжандылыққа, халқын қастерлеп, оған қалтқысыз қызмет етуге тәрбиелеу және адамгершілікке, қайырымдылыққа баулу мақсатында күнделікті оқу-тәрбие жүйесіне халықтық педагогиканың тағлымдарын, оның ішінде орта мектепте физиканы оқытуда оны енгізу кең өріс алады» деген.

Бірінші тарау «Физика пәнін халықтық педагогика тағлымдарымен байланыстыра отырып оқыту» деп аталып, онда сабақ жоспарлары, тірек конспектсі көмегімен есеп шығару, «ғажайып қоржын», саяхат сабақтарының мазмұндарында халықтық педагогика элементтерін қолданған.

«Физика пәнін оқытудың әдістемелік негізі» атты екінші тарауда физика сабақтарында оқыту әдістері мен түрлерін қолдану, физика пәнін оқытудың қазіргі технологиялары, бақылау сабағы - физикалық диктант, физикалық құбылыстар құпиясы, физикалық сөзжұмбақтарды компьютерде орындау, физикалық жұмбақтар, дидактикалық карточкалармен жұмыс жүргізу әдістемелері қарастырылған. Ал «Іскерлік ойындар» тарауында физиканы оқытуда іскерлік ойындарды пайдаланудың маңызы туралы айтылып, «Әл-Фарабидің ғылыми мұралары» атты пәнаралық байланысқа негізделген іскерлік сабақтың мазмұны толық берілген.

Төртінші «Физика мен математиканы оқытудың педагогикалық және психологиялық негіздері» тарауында физика мен математиканы оқытуда пәнаралық байланыс арқылы дәстүрлі емес сабақ түрлерін өткізу, физика пәнінен зертханалық сабақтар өткізу, оқушыларды көрегендікке баулу бойынша ғылыми-зерттеу әдістерін оқыту үрдісінде қолдану бойынша сабақтарға мысалдар берілген.

Ә.Т.Қайдаров, Б.Өмірбеков, З.Т.Ахтамбердиеваның «Сырға толы түр мен түс» атты еңбегінде түстердің зерттелу тарихы, жарық сәулесі мен түр-түстің физикалық негізі, түр-түстерді тұрмыс пен өндірісте қолдану, түр-түс атаулары, түр-түстің табиғатын ғылыми жолмен және дәстүрлі түрде тану, түр-түс және символика, түр-түс және бояулар, төрт түліктің және өсімдіктердің түр-түстері, түр-түстің өмірдегі өрнектері, түр-түстерге байланысты жер-су атаулары, түр-түс және фразеологизмдер, түр-түс және мақал-мәтелдер мен жұмбақтар өте қызықты мысалдар арқылы баяндалған [5].

Еңбекті физика пәнінің «Оптика» бөлімінде пайдалануға әбден болады, олар оқушыларды табиғаттағы сұлу құбылыстардың физикалық мәнімен таныстырып, оларға эстетикалық тәрбие беруге ықпал етеді.

Қазақтың халық педагогикасын физиканы оқытуда пайдалану бойынша зерттеулер түрлі ғылыми конференциялар материалдарында және мерзімді баспасөз беттерінде соңғы 10-15 жылдың ішінде бірнеше мақалалар шықты. Мысалы, М.Құдайқұлов пен Х.Жанбатырованың «Физика сабақтарында оқушыларды ұлттық өнермен таныстыру», «Қазақтың тұрмыстық және сәндік бұйымдарының физика-математика негіздерін оқытуда пайдалану мүмкіндіктері», Қ. Бөлеевтің «Физиканы оқытуда мақал-мәтелдерді пайдалану» және «Пәнаралық эстетикалық экскурсиялар», Н.М. Көшеровтың «Физика сабақтарында жұмбақтарды пайдалану», А.А. Медетбекованың «Элементы народ-

ной педагогики в курсе физики», А.И. Жолтаеваның «Қазақтың тұрмыстық салтының элементтерін физика сабақтарында пайдалану», Е.Қаппаровтың «Физика пәнін оқытуда халықтық педагогиканың өшпес мұрасы - Абай өлеңдерін насихаттау», т.б. мақалаларды айтуға болады.

Орта мектепте химияны оқытуда халықтық педагогика элементтерін пайдалану мәселесі бойынша екі кандидаттық диссертация, бір оқу құралы және бірнеше мақалалар шықты.

2002 жылы ізденуші Ғ.С. Әбдіқадырова «Орта мектепте химия пәнін оқытуда халықтық педагогика элементтерін пайдалану әдістемесі» тақырыбына педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін диссертациялық жұмысын ойдағыдай қорғады [6].

Диссертацияның кіріспесінде автор «Орта мектепте химиядан білім беру стандарты қазіргі қойып отырған талаптар мен қазіргі таңдағы химияны оқыту үрдісінің арасында қарама-қайшылық тудыруда. Білімді өмірмен, салт-дәстүрмен байланыстыру, өлкетану принциптерін қамтамасыз ету өз деңгейінде жүзеге аспай отырғанын» айтып, зерттеу тақырыбын негіздеген.

Бірінші тарау «Химияны оқытуда халықтық педагогиканы қолданудың педагогикалық-психологиялық негіздері» деп аталып, онда орта мектепте химияны оқытудың қазіргі жайы, химия сабақтарында пәнаралық байланыс негізінде (химия - қазақ әдебиеті, химия - қазақ тілі, химия - тарих, химия - биология) халық педагогиканы пайдалану мәселесін шешу жолдары мен әдістемелік ерекшеліктерін, ал екінші тарауда зерттеу тақырыбы бойынша жүргізілген эксперименттік жұмыстың мақсаты, барысы, нәтижесі талданып, алған нәтижелері тұжырымдалған.

Жұмыста халық педагогикасының элементтері, әдістері, оқу ойындары химиядан білім сапасын арттырудың жолдары ретінде қарастырылған. Химияны оқытуда халық педагогикасына енетін ауыз әдебиетін, қолөнер туындыларын, халық шығармашылығын

және ақын-жыраулар өлеңдерін пайдаланудың жолдары, оны күнделікті іс-тәжірибеге енгізу әдістері сараланған. Осылайша орта мектепте химияны оқытуда қазақ халық педагогикасының элементтерін пайдалану әдістемесі жасалынған. Зерттеудің нәтижесін түрлі ғылыми конференцияларда баяндап, автор 9 мақала жариялаған.

Қорыта айтқанда, химияны оқытуда халықтық педагогиканы пайдалану арқылы оқушыларда ғылыми ұғымдарды қалыптасуын, дүниеге біртұтастық көзқарастың, тіл байлығының дамуын, ойлау қабілетінің, адамгершілік, ұлтжандылық, ұлттық мәдениетті дәріптеу дағдыларының жетілуін қамтамасыз ету мүмкіндігін туғызған.

2004 жылы ізденуші Д.Шардарбеков «Қазақ халқы жинаған практикалық білімдерді химияны оқыту процесінде қолдану әдістемесі» тақырыбына кандидаттық диссертация қорғап, педагогика ғылымдары кандидаты дәрежесіне ие болды [7].

Зерттеудің нәтижесінде мектеп мұғалімдеріне арнап «Халық қазынасының айнасы» атты оқу-әдістемелік құралын шығарған [8].

Құралдың кіріспесінде автор «Халықтық педагогикасының түрлі мәселелерін қазіргі замандағы білім беру процесінің сан-салалы түрлеріне қолданудың тиянақты бір жүйеге келтірілген жолы мен әдісі туралы көлемді еңбек жоқ. Нақтырақ айтсақ, ертедегі қазақ халқының тіршілік болмысы, халықтық шығармашылығы (ауыз әдебиеті, сазды өнері, сәндік-қолданбалы, тұрмыстық заттары, ұлттық ойындары және қару-жарақ жасау), салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары, даналық ой-пікірлері мен көзқарасын химия сабағында пайдалану туралы педагогикалық-әдістемелік басылым тым аз деп айтуға болады» деген.

Әдістемелік құралда қазақ халқының ғасырлар бойы жинақтаған практикалық химиялық білімдері археологиялық мұрағаттардан, тарихи жәдігерлерден, этнографиялық материалдардан және ауыз әдебиеті шығармаларына жинақталып мазмұндалған. Кітаптың мазмұнында ертедегі қазақ хал-

қының химиялық құбылыстар туралы түсініктері, қазақ шеберлері жасаған ұлттық мәдени мұралар және сәулет өнерінің туындылары, ертедегі қазақ халқы пайдаланған металдар, қазақтың металл өңдеу әдіс-тәсілдері, қазақ халқына ертеден таныс химиялық құбылыстар, Қазақстан аймағындағы металдарға байланысты жер-су аттары, Қазақстан жеріндегі ертедегі кен орындары, қазақтың металға және бұйымдарына байланысты мақал-мәтелдері, жұмбақтары, халық шежіресінде кездесетін металға байланысты есімдер, олардың солай аталу себептері туралы қызғылықты мәліметтер берілген.

Мектеп мұғалімдері химияны оқытуда мазмұндалған қазақтың халық педагогикасының материалдарын пайдалана отырып, оқушыларды елін, жерін, мәдениетін, Отанын сүйуге баулауда олардың патриоттық сезімі мен намысын қалыптастырады.

Қытайдағы қазақ-ғалымдары А.Нүсіп-оқасұлы мен Ә.Жапарұлының «Қазақ салт-дәстүрі және оның ғылыми негіздері» атты 2011 жылы «Өнер» баспасынан жарық көрген кітабындағы «Химия, физика ғылымы» тақырыбында қазақ халқының практикалық химиялық және физикалық білімдері туралы былай ой-пікірлерін айтқан:

«Қазақ халқы бұдан 7-8 мың жыл бұрын қола, алтын, күміс, мырыш, темір, қалайы, қорғасын, күкірт, сынап, т.б. элементтерді тапқан, сондай-ақ, кейбір элементтерді араластырып, булап, алуан түрлі бұйымдар жасаған. Қару-жарақ, сауыт-сайман және құралдар жасап пайдаланған. Оған қазақ халқының ертеде жасаған әртүрлі заттық бұйымдары мен жоғарыдағы элементтер атының химиялық элементтер кестесінде сақталып отырғандығы және тарихи жазба деректермен нылқыдағы (Нұра сайында) сақтардан қалған мыс кені, Орхон-Енисей құлпытастары, Күнесті, Моңғұлкүре, Үрімжі, т.б. жерлерден табылған алтын, күміс, мыс, қола, т.б. мұралар куә» [9, 106 б.].

Қазақ халқының өзен, көл, жер, су, тау, елді мекен атаулары туралы географиялық

білімдері біршама жақсы зерттелген. Осыдан келіп қазақтың «жер-су» аттарын зерттейтін Қазақстан топонимиясы ғылымы пайда болған, ол туралы бірнеше еңбектер жарық көрді.

Алғаш Қазақстан топонимикасы туралы сөз еткен географ-топонимист Ғ.Қоңқашбаев болды. Ол 1949 жылы, «Қазақтың географиялық терминдері» атты кандидаттық жұмысында географиялық терминдердің шығу жайы, ерекшелік жактары, олардың халықтың түрлі тұрмыс жағдайларымен байланысты туу себептерін, т.б. мәселелер қаралған [10]. Зерттеу нәтижесінде автордың бірнеше мақалалары және «Қазақтың географиялық атауларының сөздігі» жарық көрген [11]. Онда жер-су атауларының түсініктері берілген.

Қазақстан топонимдерін тарихи тұрғыда тұңғыш зерттеген Ә.Әбдрахманов болған. Ғалым алғаш рет топонимдерге тілдік талдау жасай отырып, оларды ғылыми негізде сөз етіп, қазақ топонимикасы ғылымын негіздеп, «Қазақстан этнотопонимикасы» еңбегін шығарды. Онда Қазақстан жеріндегі географиялық атауларының тарихын әртүрлі тарихи кезеңдерге бөліп қарайды, ол атауларды мынадай топтарға бөлген: Алтай дәуіріндегі атаулар, көне түркі дәуіріндегі атаулар, көне қазақ тіліндегі атаулар, жаңа қазақ тіліндегі атаулар, басқа тілдерден енген атаулар. Әрбір атау - белгілі бір халықтың тарихына, мәдениетіне және тіліне қатысты тарихи ескерткіш мұра [12].

Бүгінгі таңда қазақ топонимдері бойынша бірнеше зерттеу жұмыстары жүргізіліп Оңтүстік, Батыс, Орталық, Шығыс Қазақстан топонимдері туралы еңбектер шықты. Мысалы, Д.Жүнісовтың «Өзен-көл атаулары» кітабында Қазақстан жеріндегі өзен, көл атауларының шығу тегінің құпиясы жайлы таңғажайып болжамдар, ел аузында, көнекөз қариялардың есінде сақталған түрлі аңыз әңгімелер, халықтың шежіресі, өзгеріске түскен атауларға түсінік беріліп, оларға ғылыми-этимологиялық талдау жасалынған [13].

Ғалым-тілші Ә.Нұрмағамбетұлының «Жер-судың аты - тарихтың хаты» атты еңбегінде ата-бабалардың ой-ойпат, өзен-көл, тау-қырат аттарын кездейсоқ қоймағаны, олардың өзіндік сыры барын ғылыми жорамал, дәлелдер арқылы, олардың қайдан шыққандығы, қандай мағынаға ие болғандығы жайында айқын да, анық мағлұматтар берген [14].

Ғалым-тілші М.Қожанұлының «Атырау облысының жер-су аттары» кітабында қазақ топонимдерінің зерттеулері, дамуы мен қалыптасуы, Атырау облысы топонимдерінің шығуы мен дамуы және қалыптасуы, ал Атырау облысы топонимдерін лексика-семантикалық тұрғыда топтастырылуы» тарауында қоршаған ортаның физика-географиялық қасиеттерін көрсететін топонимдер, жер бедеріне байланысты топонимдер, сандық ұғымды білдіретін топонимдер, өсімдік пен хайуанаттар әлеміне қатысты топонимдер, қазба байлықтарына байланысты топонимдер, метафоралық топонимдер, адамның мәдени-тарихи және шаруашылығына байланысты топонимдер, аңшылық, балық аулау, мал және егін шаруашылығы, халықтың қоғамдық және рухани-мәдени өміріне, діни ұғымына, әдет-ғұрпы мен түрлі тарихи оқиғаларға байланысты топонимдер туралы географиялық ғылым тұрғысынан өте тартымды да нақты баяндалған [15].

Д.Жүнісовтың «Сулы, нұрлы Жетісу» атты кітабында Жетісу өлкесіндегі су атауларына тарихи-этимологиялық талдау жасалып, олардың шығу төркіні, мағыналары және су шаруашылығына байланысты термин сөздер мен сөз тіркестерінің орысша-қазақша сөздігі, суға байланысты қазақ халқының мақал-мәтелдері, олардың тәрбиелік мәні ашылып берілген [16].

Сонымен, жоғарыдан мазмұндық талдауға алынған географиялық зерттеу еңбектерін мектепте оқытылатын география пәніне қосымша материалдар ретінде пайдаланса оқушылардың ұлттық дүниетанымы қалыптасуына, олардың патриоттық сезімінің оя-

нуына, туған жерін, елін, Отанын сүйетін азамат болып өсуіне зор ықпал етер еді. Осы уақытқа дейін география пәнін оқытуда халықтық географиялық білімдерді пайдалану мәселесі арнайы зерттеу нысанына алынған жоқ. Тек қана мерзімді баспасөз беттерінде саусақпен санаулы ғана мақалалар шыққан.

Қазақ халқының физикалық, географиялық және химиялық халықтық білімдерін мектептің оқу-тәрбие үрдісінде пайдалану оқушылардың ұлттық дүниетанымын тұтастай қалыптастыруға әсері мен ықпалы айрықша болатынын көп жылғы зерттеу

жұмысымыздың нәтижесінде көз жеткіздік. Оның нәтижелерін мерзімді баспасөз беттеріне шығарып, түрлі ғылыми конференцияларда баяндап, мектеп мұғалімдерін қайта даярлауда және болашақ мұғалімдерді даярлауда оқу-тәрбие үрдісінде ендірудеміз. Даярланған мектеп мұғалімдерінің бір-қатар озық іс-тәжірибелерін жинақтап «Мұғалім және ұлттық тәрбие» атты оқу-әдістемелік құралын шығардық [17] және «Жаратылыстану-математикалық халықтық білімдерді оқушыларға ұлттық тәрбие беруде пайдалану» атты оқу-әдістемелік құралды даярлап, баспаға ұсындық.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Омаров Е. Физика. Оқулық. - Орынбор, 1923. - 354 б.
- 2 Аққошқаров Е., Ерматов С. Физика терминологиясы және аударма терминдер. - Алматы: Ғылым, 1974. - 150 б.
- 3 Әлімбекова Г.Б. «Физика» оқулығының әдістемелік ерекшеліктері және оларды мектепте пайдалану жолдары: п.ғ.к. ... дисс. – Алматы, 1998.
- 4 Әлімбекова Г.Б. Физика пәнін халықтық педагогика тағлымдарымен байланыстыра отырып оқыту. Оқу құралы. – Алматы: Литера, 2001. - 104 б.
- 5 Қайдаров Ә.Т., Өмірбеков Б., Ахтамбердиева З.Т. Сырға толы түр мен түс. – Алматы: Қазақстан, 1995. - 86 б.
- 6 Әбдіқадырова Ғ.С. Орта мектепте химияны оқытуда халықтық педагогика элементтерін пайдалану әдістемесі: п.ғ.к. ... дисс. – Алматы, 2003.
- 7 Шардарбеков Д. Қазақ халқы жинақтаған практикалық білімдерді химияны оқыту процесінде қолдану: п.ғ.к. ... дисс. – Алматы, 2004.
- 8 Шардарбеков Д. Халық қазынасының айнасы. Оқу құралы. – Алматы: Таймас, 2006. - 56 б.
- 9 Нүсіпоқасұлы А., Жапарұлы Ә. Қазақ салт-дәстүрі және оның ғылыми негіздері. – Алматы: Өнер, 2011. - 106 б.
- 10 Қоңқашбаев Ғ. Қазақтың халықтық географиялық терминдері: ф.ғ.к. ... дисс. – Алматы, 1949.
- 11 Қоңқашбаев Ғ. Қазақтың географиялық атауларының сөздігі. – Алматы: Қазақстан, 1963. - 160 б.
- 12 Әбдрахманов Ә. Қазақ этнотопонимикасы. – Алматы: Ғылым, 1979. – 210 б.
- 13 Жүнісов Д. Өзен-көл атаулары. – Алматы: Қазақстан, 1991. - 128 б.
- 14 Нұрмағамбетұлы Ә. Жер-судың аты - тарихтың хаты. – Алматы: Балауса, 1994. - 64 б.
- 15 Қожанұлы М. Атырау облысының жер-су аттары. – Астана: Атамұра, 2005. - 144б.
- 16 Жүнісов Д. Сулы, нұрлы Жетісу. – Алматы: Арыс, 2006. - 232 б.

17 Бөлеев Қ., Бөлеева Л.Қ. Мұғалім және ұлттық тәрбие. Оқу-әдістемелік құрал.
- Алматы: Нұрлы әлем, 2005. - 116 б.

ӘОЖ 7.74.01.09

К.И. Құдабаева

*Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетінің доценті,
педагогика ғылымдарының кандидаты*

П.М. Айтмуханова

*Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетінің
оқытушысы, техника ғылымдарының кандидаты*

ЖОҒАРЫ МЕКТЕПТЕ КӘСІБИ МАМАНДАРДЫ ДИЗАЙННАН ДАЯРЛАУ БАҒЫТЫ

Мақала қазақ халқының жоғары мектепте кәсіби мамандарды дизайннан ұлттық стильдегі даярлау бағыты бойынша жобалау мәдениеті – дизайн түрлері, олардың әр қайсысының негізгі атқаратын қызметі және өнер түрлерімен қатар пән аралық байланысы берілген. Әр анықтамалардың өз алдына сипаттамасы берілген. Сонымен қатар өнер және пән аралық байланысы беріліп отыр. Бүгінгі таңда қолданысқа енген дизайнер шығармашылығының бағыттарының жобалаудағы теориялық ерекшелік түрлерімен практикалық қолданыстары қарастырылған.

Түйін сөздер: *дизайн, протодизайн, этнодизайн, технология, жоспар, мақсат, шығармашылық ниет, жоба, сызба, есеп, конструкция, эскиз, сурет, кесте, композиция, туынды, өнер, этимология.*

В данной статье рассматривается преподавание предмета дизайна в высшей школе. Культура проектирование культуры дизайна и их конкретное назначение, а также связь с искусством и межпредметная связь в дизайне. Даны некоторые определение по дизайну. Рассматривается творческое направление современного дизайнера и его теоретическое и практическое проектирование и назначение.

Ключевые слова: *дизайн, протодизайн, этнодизайн, технология, план, цель, творческое направление, проект, чертеж, счет, конструкция, эскиз, рисунок, таблица, композиция, произведение, искусство, этимология.*

In this article, teaching of the article of design is examined at higher school. Culture planning of design culture and their certain setting, and also connection with an art and intersubject connection in a design. Some are given determination on a design. Creative direction of современного designer and his theoretical and practical planning and setting are examined.

Keywords: *design, protodesign, etnodesign, technology, plan, aim, creative direction, project, draft, account, construction, sketch, picture, table, composition, work, art, etymology.*

Бүгінгі таңда әр мемлекеттерде ғасырлар бойы қоғамды техникалық эстетика тұрғысынан дамыту жолдары алға қойылған. Техникалық эстетика-ол, дизайн. Дизайндың негіздері кибернетика, бионика, семиотика, эстетика-барлық ғылым дизайн әлемінде қарастыруды талап етеді. Дизайндың практикасында адамның өлшемін антропометрия көрсетеді. Антропометрия көбіне киімді көркем құрылымдауда қолданылады. Дизайн туралы белгіліден белгісіздіктер өте көп. Дизайнер–практик қателіктер жасамау үшін, оған теориялық білім беру керек. Теориялық білімі жоқ адам әр қашанда қателеседі. Қандай болмасын ғылым практикада, әлеуметтік қажеттілікте туындайды. Практика, одан кейін теорияға ауысады. Өйткені ол адам іс-әрекеті. Барлық іс-әрекеттің теориясы болуы мүмкін, бірақ ол іс-әрекеттің деңгейіне байланысты болады. Сонымен біз, дизайн міндеттерін шешуде, дизайнерлік жобалау іс-әрекетін терең талдаудан өткізіп, қандай ғылыми және көркемдеу құралдарымен байланысты екенін білуіміз керек. Жалпы дизайндың негіздері пластикалық пен көлемді пластикалық жазықтықта бейнелеумен байланысты.

Дегенмен өнеркәсіптік дизайнды жолға қою мәселесімен көптеген дизайнерлер айналысқан. Демек дизайнер шығармашылығының негізгі бағытына тоқталу қажет. Оларға графикалық, өнеркәсіптік, сәулет, орта дизайны. Бүгінгі таңдағы дизайн түрлері; орта дизайны-кеңістікті толтырып және безендіріп жобалауды қамтамасыз ету; графикалық дизайн-ақпаратты безендіріп жобалауды қамтамасыз ету; өнеркәсіптік дизайн-тұрмыстық заттар мен бұйымдар және киім-кешекті безендіріп жобалауды қамтамасыз ету; арт-дизайн-эстетикалық

тұрғыда безендіріп жобалауды қамтамасыз ету; сәулет - жалпы түрлі қоғамдық тұрғын ортаны безендіріп жобалауды қамтамасыз ету; ландшафты-ауланы және түрлі қоғамдық тұрғын ортаның ауласын безендіріп жобалауды қамтамасыз ету; фитодизайн- жалпы түрлі интерьерді, офис т.б. безендіріп жобалауды қамтамасыз ету; медиа-дизайн-интернетте web-сайт жобалау, web-сайт - образ және текстан тұрады. Бүгінгі дизайн келесідей жалғастырылады-инженерлік дизайн, экодизайн, экология дизайны, (дизайн торговли)-сауда дизайны, экспозициялық дизайн, эргодизайн, Стайлинг дизайн-ол, дайын форманың (интерьер-эстерьер) көркемдік адаптациясы; Публишъ дизайн-батыста орын алған халықтық (қалалық) дизайн (менталитет); Нон дизайны-өндіру процесін ұйымдастыруда, қызмет көрсету, шығысы мен кірісін анықтау, сонымен қатар білім берумен айналысады. Жарнама дизайны- коммерциялық құрылым, өнерден гөрі пайда түсіру жағы басым. Футоро дизайн-тарихи дизайн және болашақты болжайтын дизайн. Қолдан жасалған (Кустарный) дизайн-түйсінігіне байланысты жеке іс-тәжірибелік, көбіне қолөнер негізінде жасалады. Дизайн түрлері және оның негізгі атқаратын қызметі, сонымен қатар өнер және пәнаралық байланыс түрлерімен байланысы 1 кестеде, жобалау мәдениетінде көрсетілген. Мысалы, мекемелерде графикалық дизайнсыз, офисті дизайн киімінсіз, құрал-жабдықсыз, кабинеттерде формаобраздаусыз, содан басқа да аксессуарсыз т.б. мүмкін емес.

Дизайн түрлері және оның негізгі атқаратын қызметі, сонымен қатар өнер түрлерімен байланысы жобалау мәдениетінде көрініс береді 1– кестеде берілген.

№1 кесте. Дизайн түрлерін жобалау мәдениеті

Дизайн түрлері	негізгі атқаратын қызметі	өнер және пән аралық байланысы
Графикалық дизайн • Визуалды коммуникация • жарнама, қаптама (упаковка) • Фирмалық стиль • Полиграфиялық заттар және бұйымдар • Компьютерлік графика	ақпарат	Кескіндеме (живопись) Сәулет, Графика (сәулет графикасы), сызба геометрия, инженерлік графика, химия, физика, топография т.б.
Өнеркәсіптік дизайн • Машина жасау • Көлік шаруашылығы • Приборлар, құрал-саймандар • Жиһаз, сантехника • Тұрмыстық приборлар • Ыдыс-аяқ • Электроника • Мата, киім-кешек • Парфюмерия, Тұрмыстық химия • Бюжутерия, зергерлік бұйымдар	Өндірістік және тұрмыстық қажеттілік	Сәндік-қолданбалы өнер және мүсін. Графика сызба геометрия, инженерлік графика, химия, физика, топография т.б.
Арт дизайн	Эстетикалық сұраныс	Кескіндеме (живопись) және мүсін
Архитектурный дизайн • Жалпы тұрғын үйлер • Қоғамдық және өнеркәсіптік мекемелер здания • Инженерлік құрылыста	негізі өмірдегі тұрмыстық орта құру	Сәулет, Графика (сәулет графикасы), сызба геометрия, инженерлік графика, химия, физика, топография т.б.
Ландшафты дизайн • Жасанды және реабилитациялық қайта өңдеуді қажет ететін ландшафтар • Декоративтік дендрология	Экологиялық тепе-теңдік (равновесие)	Бау-бақша өнері. Сәулет, Графика (сәулет графикасы), сызба геометрия, инженерлік графика, химия, физика, топография т.б.
Орта дизайны • Интерьерлер • Калалық және ауылдық орта • Ісәрекет орталығы	Заттық-кеңістік комплексы	сәулет, сәндік-қолданбалы өнер, мүсін, қойылым-сценография. Сәулет, Графика (сәулет графикасы), сызба геометрия, инженерлік графика, химия, физика, топография т.б.

«Дизайн» этимологиясы

Дизайн (ағыл. design- ойдан шығару-замысел, ойлап табу- умысел, жоспар-план , мақсат- цель,алдынала бағытталу - намерение,шығармашылықта ойлау- творческий замысел, жобалау -проект, сызба- чертеж,есептеу -расчет, -құрылымдау -конструкция, нобай-эскиз, сурет-рисунок, ою-узор, композиция, искусство композиции- композиция өнері, өнердегі шығармашылық-(произведение искусства[2]).

«Дизайн» түсінігі

Дизайн- заттық форманың көркем-шығармашылығында құрылымдалған және

индустриальды өндіріс сферасында ғылыми инженерлік практикада негізделген жобалау іс-әрекетінің спецификалық түрі

«Дизайн» анықтамасы

Дизайн-ол шығармашылықтық әдіс, өнеркәсіптік заттар мен бұйымдарды көркем-техникалық жобалау процессі және нәтижесіндегі, олардың жүйесі мен комплексін, тұтас алғанда адамның мүмкүндігінше және қажетіне байланысты жетуге бағытталған құрылымдалған объектілер мен ортаның утилитарлық және эстетикалық тұрғыдан толық ұйқастырылған түрі.

Дизайн теориясы мен практикасы

Дизайн теориясы -техникалық эстетика

Дизайн практикасы-көркем құрылымдау

Дизайн пәні

дизайнерлік ісәрекет пәні-(бағытына байланысты) гармониялық негізде, объектінің формасын мазмұнды және мәнді тұрғыда қажеттілік құндылықта жасау немесе құрылымдау болып табылады.

Дизайн нысаны

Дизайн нысаны - адамдардың қандайда болмасын сферадағы өмірісіндегі (комплект, ансамбль, комплекс, жүйе), шынайы тұрғыдан жаңа техникалық өнеркәсіптік заттар және бұйымдармен әлеуметтік-мәдени тұрғыдағы қарым-қатынасы болып табылады.

Дизайнның негізгі әдісі

Дизайн объектісін көркем образда моделдеу – композициялық форма құрылымдау негізінде жобалау. Ол утилитарлық және эстетикалық тұрғыдан талдау нәтижесінің сұранысынан және дизайнды қажет ететін топтардың қалауынан, объектінің қабылдануы мен пайдалану ортасының ситуациясын ескеру барысында, сонымен қатар объектінің атқаратын қызметін талдау (қажеттілікке сай, оны өтейтін құрал ретінде) заттарды жасауда өңдеу материалдары мен конструкциялық және технологиялық нақты өнеркәсіптің бекітілген жағдайымен негізделеді

Дизайнның негізгі категориясы

Образ- дизайнердің қиялынан туындаған, көркем образды модель художественно-образная модель, объектісін идеалды тұрғыдан түйсініп қабылдау

Функциясы - зат немесе бұйымның атқаратын қызметі, сомен қатар заттың мәнді белгіде және құндылықта атқаратын қасиеті болып табылады.

Морфологиясы – дизайнердің ойдан шығарумен қамтылған заттық форманың құрылымы, құрылысы, оның атқару қызметіне байланысты, материалы мен дайындау тәсілі болып табылады.

Технологиялық формасы – морфология, заттың өнеркәсіптік өндіру тәсілімен қамтылған-дизайн нысаны- көркемдікті технологияда ойдан өткізіп жобалау нәтижесі болып табылады.

Эстетикалық құндылығы-объектінің негізгі мәнділігі, адамның эстетикалық ситуацияда қабылдау барысында анықталған, эмоционалды, сезімдік мазалануынан туындаған және объектінің эстетикалық идеал.

Жоғарыдағы мәселелерді дизайнер шығармашылығының негізгі бағытын 2 кестегідей қорытындылауға болады

Дизайнды жобалаудың ерекшелік түрлері - жобалау субъектісі, объектісі, іс-әрекетті атқару формасы, шығармашылық бағыты, жобалау объектісінің морфологиялық түрі [1]. Дизайнды жобалаудың ерекшелік түрлерін болашақ дизайнер; жобалау субъектісін, объектісін, іс-әрекетте атқару формасын, шығармашылық бағытын, жобалау объектісінің морфологиялық түрін білуі қажет № 2 кестеде берілген. Мысалы, № 2 кестеде графикалық дизайнда жобалау объектісінің морфологиялық түрі «жазықтық» деп берілген. Жазықтық екі өлшемді формат А4, немесе материалдағы банер, екі өлшемді жазықтықтағы пенопластан ойылған қаріп, т.б. болады. Суретші-конструктор - дизайнерінің киімді жобалау субъектісі болып, оның мазмұнды атқарған іс-әрекеттері жатады. Оған алғашқы нобайдағы іздестірген суреттерінен бастап, оны практика жүзінде іске асырудағы эксперименттік жұмыстарының нәтижесімен аяқтауы керек. Өнеркәсіптік дизайнның жобалау объектісі-машина, приборлар, тұрмыстық заттар, жиһаз, киім дизайны атқару. Іс-әрекеттік формасы; құрал-жабдықты және өнеркәсіпті, көлік, ғылым, мәдени-тұрмыстық секторды қамтамасыз ету. Шығармашылық бағыты; Типтік нақтыланған және тираждалған шешімдер қабылдау. Жобалау объектісінің морфологиялық түрі; материалда көлемде және олардың визуалды пластикалық трактовкасы болып табылады.

№ 2 кесте. Дизайнер шығармашылығының бағыттары

Дизайн түрлері														
Жоба-лау Ерекше түрлері	Графикалық дизайн	Өнер-кәсіптік дизайн	фитодизайн	сәулет дизайн	орта дизайн	ландшафт дизайн	Медиа-дизайн	Инженерлік дизайн	экодизайн	экология дизайн	саудадизайны	экспозициялық дизайн	эргодизайн	Арт - дизайн
Жоба-лау субъектісі	Суретші-график дизайнер іс-әрекетінің мазмұнды жұмысы	Суретші-онструктор-дизайнер іс-әрекетінің мазмұнды жұмысы	Өсімдіктер композициясы дизайні	Сәулетші-дизайнер іс-әрекетінің мазмұнды жұмысы	Сәулетші – дизайнер дизайн квалификациясы	ландшафт дизайнер іс-әрекетінің мазмұнды жұмысы	Web-дизайнері, Жарнама дизайнерінің іс-әрекеті	Инженер дизайнер іс-әрекетінің мазмұнды жұмысы	экодизайнер іс-әрекетінің мазмұнды жұмысы	Қалдық заттардан жобалау іс-әрекетінің мазмұнды жұмысы	сауда ортасын құрылымдау іс-әрекетінің мазмұнды жұмысы	Экспозицияны өткізу орнын безендіру іс-әрекетінің мазмұнды жұмысы	эргодизайнер іс-әрекетінен мазмұнды жұмысты ұйымдастыру	Арт - дизайнер іс-әрекетінің мазмұнды жұмысы және ұйымдастыру
Жоба-лау объектісі	Кітап графикасы, визуалды коммуникациясы, қаптау, фирмалық стиль	Машина, приборлар, тұрмыстық заттар, жиһаз, жұмысы	Үйлер, офис, пәтер т.б. интерьері	Қала, үй, өнеркәсіптік кеністік ортаны ұйымдастыру	Интерьерлер мен ашық кеністіктердегі заттар әлемі	Аула, парк, т.б.	интернетке web-сайт жасау, веб-сайт бейне мен текстан тұрады,	Көпірлер, лифты, плотина, экскаватор т.б.	Табиғат аясы	Қалдық заттар	Сауда орны, бутик, магазин, минимаркет т.б.	Тағамды, Заттарды, аяқ киімдерді, демонстрациялау	Интерьер мен заттар әлемінің тиімді өлшемі	Интерьер, заттар, аксессуарлар орны
Іс-әректі атқару формасы	Шрифтар, фотолар, суреттер, өнеркәсіптік композициялық шешімі	Құралдар және өнеркәсіптік қамтамасыз ету, көлік, ғылым, тұрмыстық к-мәдени сектор	Үйлер, офис, пәтер, интерьер, безендіру, өлшемі, түрі және жаңа рақтары	Ағаштан, тастан, жасанды материалдардан құрылымдау	Тұрғын, өндірістік, қоғамдық, қала объектілері мен жүйесін тұтастай ұйымдастыру, ету	Көгалдан-дыру және композицияда заттармен, жабдықтау	Кеністік ортада қарым-қатынасты образда және тексте ұйымдастыру,	Инженерлік техникалық бағыт	Өзін-өзі жанартып, тазартып тұратын өсімдіктер	Қалдық заттардан форма жасау	Сауда жүргізуге жағдай жасау	Компанияға имидж жасау	Трансформациялық формаларды жасау	Түстер мен кеністікті визуалды кеністікті үлкен етіп қабылдау
Шығармашылық бағыты	Қайталанбас «типтік жарнамалау» жобалар түзу	Типтік нақтыланған н/с тираждалған шешімдер	Функционды, пайдалы, сапалы нысандарын тұрғызу	Ортаға байланысты жеке, типтік кеністікті анықтайтын заттық, декоративтік жүйесі	Ортаға байланысты жеке, типтік кеністікті анықтайтын заттық, декоративтік жүйесі	мүсін, бардюр, тастармен, кіші формалармен үйлесімді безендіру	Компьютерлік бағдарламалар жасау техника жасау	Инновациялық материалдардан техника жасау	«Табиғат-адам-орта» үйлесімдігін орнату	Тасталған заттарды қайта өңдеп, жаңаша өмір сүлу	Сатушы мен сатып алушыға ыңғайлы және тиімді орындар құрылымдау	Ең соңғы жетістіктерді тиімді пайдалануды іздестіру	Ең соңғы жетістіктері материалдар мен автоматтандырылған жүйені пайдалануды іздестіру	Кеністік пен ортаны соңғы жетістіктер мен ұйымдастырып өткізуге талпыну
Жоба-лау объектісінің морфологиялық түрі	жазықтық	Көлем және олардың визуалды пластикалық тракто-касы	«Кеністік» орта қанқасы және оны өңдеу	Көпбағаты жүйесі деңгейдегі (заттық) жалапак және кеністік компоненттері	Көпбағаты жүйесі деңгейдегі (заттық) жалапак және кеністік компоненттері	Кеністік орта	Компьютер, теле мост, интернет	Құрал-саймандар, сым, темір, пласмасса т.б.	Қоғам, орта-адам-тірі табиғат	Заттар қалдықтары	Қоршаған орта қауіпсіздігі, адамдар-заттар-санитарлық гигиена	Жабық, ашық кеністік ортасы	Тірі және өлі табиғат және адам	Заттық-кеністік комплексі

Жобалау субъектісі кім – ол дизайнер. Дизайнер-біріншіден суретші-құрастырушы; екіншіден көркем және техникалық құрастыру әдістерін меңгерген жобалаушы; үшіншіден ойлап табушы, жаңа оригиналды заттар мен бұйымдарды жобалаушы адам. Дизайнер-практикалық логиканың терең ұйытқысы мен образды шығармашылық қабілетте ойлаушы және талабы мен дарыны үйлескен адам. Дегенмен, сапалы өнеркәсіптік бұйымдар мен заттарды жасаушы адам. Демек, негізінде дизайнды оқытуда тексті тірек жобаларда көзбен қабылдап, санаға қолды бағындырып шығармашылықта сурет салу мен жазып ойын жеткізу бүгінгі мәселелердің басты міндеті [3].

Дизайн – әлемдегі заттарды жобалау іс-әрекет түрі. Дизайнның негізгі мақсаты заттарды тиянақтау, оны пайдалануды

ыңғайлы және жеңіл, машина жүргізуді жеңілдету сияқты, эстетикалық ықтал ортасын әдемі құру [2]. Дегенмен, суретші-жобалаушы - дизайнердің заттары мен бұйымдары өнеркәсіптік жүйеде өндіруде бірінші орынға ие болуы тиіс. Демек, суретші жобалаушы-дизайнердің мақсаты; адамдардың қоршаған ортасын тұрмыста, өндірісте алдын ала перспективалық жобала жасауды ұйымдастыру, заттың жобасын ғылыми негіздеу. Қорыта айтатын болсақ студенттерге кесте түрінде берілген жұмыстар тез қабылданатындықтан осындай варианты ұсынуды жөн көрдік. Студентке алдымен сөзбен айтылып, әр кестені мұқият қарап шығу көзделген. Кестедегі сөз тиянақты және санаға қонымды қабылданатындықтан ұсынылып отыр. Бұның бәрі іс тәжірибеден қорытылып алынған.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Михайлов С.М. История дизайна Том 1, 2: Учеб. Для вузов.-2-е изд. – Москва: «Союз Дизайнеров России», 2004.-280с.

2 Теоретические и методологические исследования в дизайне. Избранные материалы/составители О.И.Генисаратский, Е.М.Бузунова. –М., [изд-во Шк. Культ. Полит.] 2004.-372 С.

3 Л.С.Выготский Психология. – М: Изд-во ЭКСМО-Пресс, 2000.–108с. (Серия «Мир психологии»).



Қандай ғылым болса да, ол – адам санасына дербес, ерекше мәндерді ұғыну арқылы ұялайды

әл-Фараби.

ӘОЖ 304.9

А.С.Сатыбаева

№39 қазақ орта жалпы білім беру мектебінің география пәнінің мұғалімі. Ақтөбе қ.

Н.Б. Маханова

ҚазҰПУ Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ҒЗИ expertі

ЖАСТАРДЫҢ МАМАНДЫҚ ТАҢДАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Мақалада жастардың мәселелері, мамандық таңдау сияқты күрделі әлеуметтік мәселені шешуге тура келетін, көбінесе өзінің арманы мен әлеуметтік сұранысы арасында болатыны талданады. Студенттердің болашақ мамандығын таңдау себептері, мамандықты таңдау салдары, осы мәселе бойынша жұмыс әдістері қарастырылған. Өз тағдырын өзі шешу түсінігіне түрлі ғылыми тәсілдер мазмұндалады, берілген түсінікке әлеуметтік тәсілдің өзгешелігі көрсетіледі. Зерттеудің статистикалық материалдарында болашақ мамандықтарын таңдау кезінде жоғары сынып оқушыларының өз тағдырын өзі шешуге әсер ететін факторлар талданады, жұмыс нарығы мен білім беру жүйесінің арасындағы үйлесімсіздігі айқындалады.

Түйін сөздер: *жастар, еңбек, мамандық, қабілет, мамандықты таңдау, әсер ететін факторлар.*

В статье анализируются проблемы молодежи, которой приходится решать сложную социальную проблему выбирать профессию, зачастую оказываясь между своей мечтой и социальными запросами. Рассматриваются причины выбора студентами будущей профессии, мотивы выбора специальности, проблемы, возникающие вследствие неправильного выбора, методы работы по этой проблеме. Излагается различные научные подходы к понятию самоопределения, выделяется специфика социологического подхода к данному понятию. На материалах статических исследований анализируются факторы, влияющие на самоопределение старшеклассников при выборе ими будущей профессии, раскрываются противоречия взаимодействия системы образования и рынка труда.

Ключевые слова: *молодежь, труд, профессия, способность, выбор профессии, влияющие факторы.*

The article analyzes the problems of young people who have to resolve a difficult social problem of choosing an occupation often being between one's own desire and social exigencies. Discuss the reasons for choosing a future profession students, motives choice of specialty, the problems arising from erroneous selection, methods of work on this issue. Sets out various scientific approaches to the concept of self-released the specifics of sociological approach to the concept. On materials of static research analyzed the factors influencing the determination of senior pupils in the choice of future profession, reveals contradictions interaction of the education system and the labor market.

Keywords: *youth, labor, profession, power, choice of occupation, influencing factors.*

Үлкен өмірге енді қадам басқан әрбір жас түлек үшін мамандық таңдау мәселесі ең маңызды кезең болып табылады. Олай дейтін себебіміз, қазіргі кезде жасөспірімнің алдында бірнеше мамандықтың ішінен өзіне сәйкес келетінін таңдау міндеті тұрады. Ол

тандалған мамандық өмір бойы шұғылданытын ісі, әлеуметтік ортасы және келешек өмірі деп айтсақ қателеспейміз. Әрбір адамның болашағы таңдаған мамандығына байланысты. Сол себептен, адамдар мамандықты жүрегінің қалауы бойынша таңдаса, өз

ісін жақсы көріп, үлкен жауапкершілікпен атқарғанда ғана бақытты болады.

Әлемде өзі қаламайтын мамандық иесі болып жүрген қаншама адам бар. Олар неше түрлі ықпалдардың әсерінен мамандығын дұрыс таңдамай, оқып бітірген соң, жұмыс барысында өзі қаламаған, еріксіз таңдалған, мамандықтың иесі болары айдан анық. Мамандығын ұнатпаған адамнан тәжіриелі кадр шығуы беймәлім. Мұндай өзекті мәселе еліміздің жастарында да кездесетін жағдай екені мәлім. Статистика көрсеткіштеріне зер салсақ, Қазақстанда 2012 жылы ЖОО бітіргендердің саны 160 мың адам, олардың 104 мың адамы жұмысқа орналасты. Сол жұмысқа орналасқанның 75 пайызы ғана өз мамандығы бойынша жұмысқа орналаса, 25 пайызы өз мамандығынан басқа мамандықта жұмыс атқарып жатқаны белгілі болды. Мұндай көрсеткіш бітірген маманның 25 пайызы өз мамандығын қалауы бойынша таңдамағандығын көрсетеді [6]. Сонымен қатар, ол қалауы болмағаннан кейін қоғамдық нарықта кәсіби, бәсекелес маман иесі бола алмайды. Соның әсерінен ғылымда жаңалықтың ашылуы, жұмыстың түрлі саласының дамуы, көрке-

юі бір қалыпта қалатындығын дәлелдейді. ЖОО бітіргендердің 160 мың адамнан 56 мың адамы жұмыссыз қалуының себебі де ойланбай, қалаусыз таңдалған мамандықты меңгергенін көрсетеді. Оның себебі кейбір жастар мамандық таңдау ережесін білмегендіктен өзі қызықпайтын мамандықты таңдайды. Осыдан өз мамандығына қанағаттанбаушылық, реніш сезімдері болып, тіпті алдарына жоспар да құрғысы келмейді. Бұл өзекті мәселенің себебін анықтау үшін, жас-өспірімдер қандай факторларға сүйеніп таңдайтынына төмендегідей сипаттама берейік.

Бүгінгі күні әлемде жастар мамандықты бірнеше факторға байланысты таңдап келеді. Мамандық таңдау сыртқы және ішкі болып екі факторға бөлінеді. Сыртқы факторларға: мамандықтың беделі, жұмыс нарығында оның сұранысы, еңбекақының жоғары болуы, мамандық бойынша жұмыстың табылу мүмкіндігі, жақындарының ойлары мен қалаулары. Мамандықтың беделі бойынша жастардың көп бөлігі таңдайтын негізгі фактор болып саналады. Жалпы сыртқы факторлардың әрбіреуі кемшіліктер мен артықшылықтарынан тұрады, ол туралы 1-кестеде көрсетілген [5].

Кесте – 1

<i>Сыртқы факторлар</i>	<i>+ жақсы жақтары</i>	<i>- жаман жақтары</i>
Мамандықтың беделі	ең маңызды ынталандырушы	жұмысқа орналасу қиындығы
Еңбекақының жоғары болуы	Бастапқы еңбекақының жоғарлығы	Тәуекелге бару. Кепілдемесіз
Мамандық бойынша жұмыстың табылуы	Кез келген қалада табылу мүмкіндігі	Бәсекелестердің көп болуы
Жақындарының ойлары мен қалаулары	Ата-аналардың өмірлік тәжірибесіне сүйеніп таңдау	Ата-ананың заманауи нарықпен көзқарасы сәйкес келмеуінің кесірінен, мамандықты дұрыс таңдамау

Сыртқы факторлардың кейбірін ескеріп тандаса да, тәуекелге баратындығы белгілі болды. Ішкі факторларға – қабілеттілігі, физикалық мүмкіндігі және адамның өз қызығушылықтары кіреді.

Қабілеттілігі. Кез келген маман иесі болу үшін, сол мамандыққа сай қабілеттілікті де талап етеді. Қабілеттілік дегеніміз белгілі қызметтің әдіс-тәсілдерін игерудегі тездік,

тереңдік және икемділік болып есептеледі. Қабілеті болмасада мамандықты таңдаған жағдайда жұмыста табысқа жетуі екіталай. Сондықтан, мамандық таңдауда қабілет ең маңызды фактор болып есептеледі.

Физикалық мүмкіндігі. Мамандықты таңдауда басты кедергілердің бірі – физикалық мүмкіндік. Белгілі бір ауру сырқатқа байланысты кейбір мамандықты таңдау құқығы-


нан айырылады. Мысалға келтіретін болсақ, жүрек ауруына шалдыққандар ұшқыш қызметін, ал аллергиямен ауыратындар химияшы бола алмайды. Адам сырқатына байланысты өз қалаған мамандық иесі бола алмайды.

Қызығушылығы. Адамның мамандыққа қызығушылығы ең басты фактор. Қызыққан бағытында білім алғанда, жұмыс істегенде үлкен ізденіспен, ерекше талпыныспен қарайды. Сондықтан, жұмыста табысқа оңай жетеді, армандарын іске асыра алады.

Елімізде жасөспірімдер арасында болашақ кәсібінің бағытын жоғарыда келтірілген сыртқы, ішкі факторларды ескеріп, сонымен қатар қалыптасқан салт бойынша мамандық таңдалып келеді. Отандық мамандық таңдау 1-суретте бейнеленгендей бас үш факторлар болып бөлінеді. Бірінші факторда, ата-ана жанұя қаражатына қарай баланың қалауы ескерілмей, сұралмай қолжетімді білім алуға

болатын мамандыққа оқытады. Жеке ойы әлі қалыптасып үлгермеген келешек жас түлек таңдалған бағыт бойынша маман иесі атанады. Екінші факторда, бала ұяда нені көрсе соны ұғады деген ұранмен, мамандық таңдауда ата-анасының кәсіби бағытын жалғастыратындары да көптеп кездеседі. Бұл маман болып қалыптасуда ата-ананың көмегіне арқа сүйеу мақсатында, ата кәсібін жалғастырушы ретінде саналады. Үшінші факторға келетін болсақ, жас түлектер сүйікті мамандығы туралы ойланбастан, грантқа түсуді көздеп, ҰБТ-те жинаған балына қарай автоматты түрде мамандық таңдайды. Жоғары балл алғандар ғана өз қалаған мамандықты таңдау мүмкіндігіне ие бол алады. Ол жүз пайыздан он пайызды ғана жоғары балға ие болып, қалаған мамандығына оқуға түседі. Яғни, бұл жүз пайыздан он пайыздайы ғана өз мамандығын қалап оқиды дегенді білдіреді.

1 – Сурет



Жоғарыдағы келтірілген факторлардың әсерінен жасөспірімдердің білімге деген құштарлығы төмен, үйренуге қызығушылығы жоқ болғандықтан, өмірлік мақсат қоюға талпынбайды.

Соңғы кездері, студенттерді ілімге қызықтыру, ынталандыру жұмыстары алға ілгерілеп келеді. Әйтседе, мамандықты қабілеті мен қалауы бойынша таңдау сияқты түпкі мәселені шешпей оқуға ынталандыру әдістерін қолдану қиынға соғады. Сол себептен, жастардың мамандықты дұрыс бағытта таңдау мәселесін шешу мақсатында бірнеше жолдарын ұсынамыз. Біріншіден, ата-ана өз баласының неге қабілетті, қандай бағытқа қызығатынын байқап, уақыт өте келе сұрап, ойымен бөлісіп отыруы керек.

Екіншіден, мектепте мамандыққа бағыт бағдар беру жұмыстары қарқынды жүргізілуі

тиіс. Атап айтқанда, 5 сыныптан бастап 11 сыныпқа дейін қосымша сабақ ретінде аптасына 2 сабақтан әлемдегі мамандықтар туралы курс өткізілсе деген ұсыныс. Өйткені, статистика көрсеткіші бойынша әлемде 500 мыңға жуық мамандық бар екен және жыл сайын оған 500-ге тарта жаңа түрі қосылып отырады. Сол мамандықтардың кәсіби өмірлік бағытты жобалау туралы толық, сала-саласымен маңызды мағлұматтар беру үшін біршама уақытты талап еткендіктен 5 сыныптан бастап оқытылуы тиіс. Заман талабына сай бұл курста мамандықтарды тануға қызықтыру үшін, әрбір мамандықтың қазіргі қоғамдағы мүмкіндіктері, жетістіктері, табысқа қалай жету керек, сол мамандықтың шешілмеген түйіні неде, қай бағытта және қай деңгейде дамыған деген сұрақтарға жауап беретін мазмұнда бол-

уы керек. Қабілеттілікті анықтайтын психологиялық тесттер беріліп, анықтауға болады. Сонымен қатар, мамандық таңдау ережелері туралы ғалымдардың еңбегіне бағдар беруі тиіс. Мысалға, мамандық таңдауда оқушылар белгілі жазушы, ғалым Жүсіпбек Аймауытовтың «Жан жүйесі және өнер таңдау» еңбегінен де жақсы ақыл кеңестер алуға болатынын хабарлау. Автор «Мамандықтың жаманы жоқ, бірақ мұнын кез келгеніне икемділік қажет, бұл жай күнелту, тамақ асыраудың ғана жолы емес, үлкен өнерді, зор шеберлікті қажет ететін нәрсе» дейді. Ал, басқа әлем ғалымдарының

тұлғаның мамандық таңдау мен мамандыққа бағдарлануы туралы В.Д.Шадриков, Т.В.Кудрявцев, К.А.Абульханова-Славская, Ю.П.Поваренков, Е.А.Климов еңбектерінде қарастырылғандығы туралы мәлім ету [7,8].

Қорытындылай келе, қазіргі елімізде орын алып жүрген дәстүрлі факторлар бойынша жасөспірімдердің мамандық таңдау ойын өзгертіп, өз жүрек қалауымен және қабілетіне қарай саналы түрде өзінің өмірлік бағытын таңдауға қалыптастыруымыз керек. Бұл келешек еліміздің көркейіп дамуының бірде бір кілті болып саналады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Макаренко А.С. Выбор профессии. Соч. т. 5. – М. 1958, С. - 394.
- 2 Скаткин М.Н., Костяшкин Э.Г. Трудовое воспитание и профориентация школьников. – М.: Просвещение, 1984. –191 с.
- 3 Захаров Н.Н. Профессиональная ориентация школьников. – М.: Просвещение, 1988. - 272с.
- 4 <http://old.liter.kz/articles/view/27015>
- 5 <http://www.grandars.ru/college/biznes/vybor-professii.html>
- 6 www.bnews.kz – статистика
- 7 Климов Е.А. Введение в психологию труда. – М.: Культура и спорт: ЮНИТИ, 1998.
- 8 Климов Е.А. Психология проффесонала. – М.: Воронеж, 1996.
- 9 Ұлттық тәрбие: Таңдамалы лекциялар курсы. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, 2011. - 276 бет.



ӨОЖ 37.018.11.- 055.25

Г.М. Әбжан

Абай атындағы ҚазҰПУ

«Мәңгілік ел және өзін-өзі тану» кафедрасының оқытушысы, филология магистрі

ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРЫ – ХАЛҚЫМЫЗДЫҢ АСЫЛ МҰРАСЫ

Мақалада автор қазақ халқының ұлттық ойындарын құнды мәдени игілік ретінде қарастырады. Ұрпақ тәрбиесінде ұлт ойындарының маңызы қарастырыла отырып, ғылыми тұрғыдан ойын теориясының қалыптасуы мен дамуын, ойын әрекетінің әлеуметтік жақтарын айқындап, оның бала қиялы мен ойлау қабілетіне оң әсер ететінін етінін анықтайды. Қазақ халқы қазынаға бай халық болғандықтан, ұлттық ойындардың бала тәрбиесінде тәлім-тәрбиелік орны ерекше.

Түйін сөздер: *ұлттық ойындар, ұлттық ойын-сауық, ата – бабамыз, тәрбиелеу, ұрпақ тәрбиесі.*

Данная статья посвящена казахским национальным играм которые являются культурным наследием народа. Рассматриваются вопросы национальных игр в воспитание подрастающего поколения, научное формирование и развитие теории игры. Определить социальные стороны игровой деятельности а также его роль в развитии воображения и мышления ребенка.

Ключевые слова: *национальные игры, воображение, воспитание, предки, развитие, формирование.*

This article is sanctified to the Kazakh national games that are cultural heritage of people. The questions of the national playing are examined education of growing up generation, scientific forming and development of theory of game. To define social parties of playing activity and also his role in development of imagination and thinking of child.

Keywords: *national games, imagination, education, ancestors, development, forming.*

Халқымыздың тарихи – мәдени мұраларының түрлері сан алуан. Солардың қай-қайсысы да адамға, соның игілігіне қызмет етуге бағытталған. Осындай аса құнды мәдени игіліктердің бірі – ұлт ойындары. Бүгінде ойынды адам баласы жасаған жеті кереметтің қатарына сегізінші етіп осы ойынның аталып жүруі де жайдан-жай емес. Бұрын ел қорғаушы батыр, жауынгер, халық қайраткерлері, ойын үстінде көрінеді. Сол ойын арқылы шынығып, өзінің бойындағы табиғи дарынын шыңдай түседі. Ұлт ойындары осылайша атадан-балаға, үлкеннен-кішіге мұра болып жалғасып отырған. Ойын тек адамның дене күш-қуатын молайтып, оны

шапшаңдыққа, дәлдікке т.б. тәрбиелеп қана қоймай, адамның ақыл-ойының толысуына, есейіп өсуіне де көп пайдасын тигізеді. Манашыұлы Тұяқпай жырында: «Балалармен ойнайды, ойнап жүріп ол бала кеудеге ақыл ойлайды» - деп түйіндейді. Бұдан көретініміз ойын тек көңіл көтеру мен ермек үшін жасалмаған, қайта халықтың жазу өнері әлі дамымаған, оқу орны болмаған кезде өз ұрпақтарын өмірге әзірлеу мүмкіншіліктерін пайдаланатын іс-әрекет қызметін атқарған. Ұлттық ойындар бала тәрбиесінде негізгі екі жауапты қызмет атқарады: біріншіден, жаттығулар жасап, ұлт ойындарын ойнаған кезде дене дамуы жақсарса, екіншіден, ұлт

ойындарының мазмұнын, ойлау тәртібін түсіндірген кезде ұлттық әдет-ғұрпымыздан, өткен өмірімізден хабар береді. Тәрбие жұмысын ұлттық дәстүрге сәйкес жүргізу, ал тәрбиенің негізгі мақсаты – дені сау, ұлттық сана сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, ар-ожданы мол, еңбекқор, іскер, бойында басқа да игі қасиеттер қалыптасқан адамды тәрбиелеу.

Ұлттық ойындар арқылы салауатты өмір сүруге тәрбиелеудің бірқатар мүмкіндіктері ашылады:

1. Ұлттық ойын бала денесінің дұрыс қалыптасуына мүмкіндік туғызады

2. Ұлттық ойын баланы тек денесін ширатып, денсаулықтарын жақсартып қоймайды, сонымен қатар пәндерден алған білімдерін толықтырады.

3. Ойын арқылы баланың ойлау қабілеті дамиды.

4. Ойын шыдамдылыққа, төзімділікке үйретеді, т.б.

Зигмунд Фрейд балалармен өте аз жұмыс жасаса да, бала ойынның мәнін айқын түсінеді. Ол былай деп жазды: «Біз бала басынан елестің алғашқы белгілерін іздеуіміз керек». Баланың ең сүйікті және тартымды іс-әрекеті – ойын. Ойын үстінде бала жазушыға ұқсас келеді: ол өзінің жеке жұмысын жасайды, келмесе жұмысын өзіне қалай ұнаса, солай етіп құрады. Ол өз әлемін шын етіп қабылдамайды десек, қателескен болар едік. Керсінше, ол ойынға шын беріледі және барлық эмоциясын салады».

Фрейдтің тұжырымы бойынша, бала үшін ойын ешкім үйрете алмайтын нәрсеге үйрету әдісі болып табылады. Бұл шын өмірдегі; кеңістік пен уақыттағы; заттардағы, жануар құрылымындағы және адамдардағы зерттеу және ориентациялау әдісі. Ойын процесіне араласа отырып балалар біздің символикалық әлемде өмір сүруге үйренеді.

Уолтман былай деп жазады: «Баланың өзінен туындайтын іс-әрекет өз тәрбиесін және соған байланысты сезімін» құруға мүмкіндік береді. Ойын сонымен бірге балаға өзіне жағымсыз жағдайларға жауап қайтаруға

мүмкіндік береді. Кішкентай балаға семантикалық жылдамдық жетіспейді, онда түсіну қабілеті енді ғана қалыптасып келеді.

«Ойын» сөзі мағынасының түп-төркіні қуаныш, әзілге сәйкес келеді. Мысалы, Ежелгі Рим халықтарында «ойын» сөзінің мағынасы қуаныш, мереке сөздерінің мағынасымен ұштасып жатыр, еврей тілінде әзіл мен күлкіні білдіреді, ал қазақ тілінде жас баланың іс-әрекетін, ересектер арасындағы әзілді, қалжыңды меңзейді. Бұл қазақ халқының мақал-мәтелдерінде анық байқалады. Мысалы, «Асық ойнаған – азар, доп ойнаған – тозар, кітап оқыған – озар» нақыл сөзінде ойын сөзі балалардың іс-әрекетін білдіреді. Өте ертедегі тұжырымда ойын адамдардың бос уақытына байланысты пайда болды деген пікір бар. Ежелгі уақытта ойынға діни-саяси жағынан мән берілді. Ежелгі гректер құдай ойынға қатысушыларды қорғайды деп ойлады. Сондықтан Ф. Шиллер ежелгі ойындар адамның бос уақытындағы қызметі деп тұжырымдады. Ежелгі Қытайда мерекелік ойындарды әмірші өзі ашып, оған өзі қатысқан. Әлемдік педагогикада ойын нақты мақсатқа жетуге бағытталған және белгілі шарттары (ережесі) бар әрекеттерден тұратын, ойынға қатысушылар арасындағы жарыс немесе сайыс ретінде қарастырылды.

Ойын әрекетінің философиялық негіздерін ғылыми тұрғыдан қарастырған К. Гросс, Г. Спенсер, И. Хейзинга, И. Кант, В. Вундт, Ф. Шиллер, К. Бюллер, В. Фриге, Р. Вандер Козей, В. Демин, М. Каган, К. Исупов, т. Б. Ғалымдар ойын теориясының қалыптасуы мен дамуын, ойын әрекетінің әлеуметтік жақтарын айқындап, оның бала қиялы мен ойлау қабілетіне оң әсер ететінін анықтаған.

Ойын жөнінде айтылған философиялық көзқарастар әлем мәдениетімен тығыз байланысты. Сонау ерте замандардағы эллиндік және римдік халықтар өмір сүрген дәуірдің өзінде-ақ ойынды балаларды тәрбиелеу құралына жатқызып, жауынгер ұландарды дайындау үрдісіне қосқан. Ойындар арқылы жас ұрпаққа соғыс өнерін үйреткен, мәдениет

пен сөз өнерін дарытқан. Ойындардың жастарды тәрбиелеу мүмкіншіліктеріне аса зор мән берген. Мәселен, сол дәуірде өмір сүрген грек ойшылдары Гераклит пен Платон ойынның философиялық жақтарын ашқан және олардың көзқарастары бірін-бірі толықтырған. Гераклит ойынды шексіз әлемге теңесе, Платон өзінің «Мемлекет» еңбегінде жас өскінге өмірлік қажетті іс-әрекеттерді үйретуші құралға, өмірге, трагедияға, сезімге жалпы ғарыштық әлемге теңеген.

XVII–XX ғасырларда ойын әрекетін түсіндіруде жаңа көзқарастар, пайымдаулар орнықты. К. Гросс адамдар мен жануарлардың ойындарын олардың бойында ген арқылы қаланған инстинкттің әсері деп түсіндіре келе, олар келешек өмірге қажетті дағдыларды ойын негізінде меңгереді деп пайымдаса, Г. Спенсер ойын балалардың ағзасындағы басты отын энергияның әсерінен, күшінің тасуынан пайда болады деп түсіндіреді.

Этнограф-ғалымдардың пайымдауынша, ата-бабаларымыздан бізге жеткен ұлттық ойындарымыздың тарихы Қазақстан жерінде б.з.б. бірінші мыңжылдықта-ақ қалыптасқан. Олардың ішінде тоғыз құмалақ, қуыршақ, асық ойындары, Азия елдерінде тайпалық одақтар мен алғашқы мемлекеттерде кеңінен тарады. Біздің қоғамыздағы ұлттық ойындардың негізі, шығу тегі халқымыздың көшпелі дәстүрлі шаруашылық қарекеттерінен бастау алады. Бұлардың көбісі мал шаруашылығына, аңшылыққа, жаугершілікке негізділген. Ахмет Жүнісовтың айтуынша, «Өзге халықтар сияқты қазақтың да ертеден қалыптасқан, атадан-балаға мұра болып жалғасып келе жатқан ұлттық ойын-сауық түрлері бар. Зер салып байқап отырсақ, ол ойын-сауықтар қазақтың ұлттық ерекшелігіне, күнделікті тұрмыс-тіршілігіне тығыз байланысты туған екен және адамға жастайынан дене тәрбиесін беруге, оны батылдыққа, ептілікке, тапқырлыққа, күштілікке, төзімділікке т.б. әдемі адамгершілік қасиеттерге баулуға бағытталған [1].

«Қазақстан. Ұлттық энциклопедия» кітабында қазақтың ұлттық ойындарының мән-маңызы туралы былай деп жазылған: «Қазақ ұлты негізінен ұрпақ қамын басты мақсат етіп қойып, балалардың нағыз азамат болып қалыптасуына аса зор мән берген. Нәтижесінде дәстүрлі бала тәрбиесінің басты құралы ретінде ұлттық ойынды орайластырып, дамытып отырған».

Халқымыздың ұлы перзенттерінің бірі, аса көрнекті жазушы М.Әуезов: «Біздің халқымыздың өмір кешкен ұзақ жылдарында өздері қызықтаған алуан өнері бар ғой. Ойын деген менің түсінуімше көңіл көтеру, жұрттың көзін қуантып, көңілін шаттандыру ғана емес, ойынның өзінше бір ерекше мағыналары болған», - деп тегіннен тегін айтпаса керек. Одан кейінгі кезеңде қазақ халқының бай этнографиялық материалдарын жинақтаған және оның ішінде ұлт ойынының тәрбиелік маңызы туралы пікір айтқандар К.А. Покровский, А.И. Ивановский, Н.И. Гродеков, Е.А. Алекторов, Ә.Диваев, А.Левшин, Н.Пантусов, Ф.Лазаревский, П.П. Пашин, Г.С. Запьянский, А.Шиле, А.Харунзин, А.Горячкин, П.Ходыров, Е.Букин, О.Әлжанов, т.б. болды делінген Е.Сағындықов өз еңбегінде: «Қазақтың ұлт ойындары тақырыпқа өте бай және әр алуан болады», - дей келіп, ұлт ойындарын негізінен үш салаға бөліп топтастырған.

Ә.Диваев «Игры киргизских детей» атты еңбегінде тарихта алғаш рет қазақтың ұлттық ойындарын үш топқа бөліп қарастырады.

Қазақ балаларының ұлттық ойынына тоқталғандардың бірі-орыс ғалымы А.Алекторов. Мәселен, оның «О рождении и воспитании детей киргизов, правилах и власти родителей» (Орынбор, 1891) атты еңбегін атауға болады.

Е.Сағындықовтың авторлығымен жазылған ғылыми монография «Ұлттық ойындарды оқу-тәрбие ісінде пайдалану» (Алматы, 1993) деп аталады [2]. Ғылыми еңбекте қазақ мектептерінде I–VI сыныптарда қазақ халық ойындарын жекелеген клас-

сификацияларға топтап, оны сабақта және сабақтан тыс тәрбие жұмыстарында қолдану әдістері анықталып, қазақ халық ойындарына педагогикалық талдау жасалып, оқу үрдісінде пайдалану қажеттілігі негізделген. Ә.Бүркітбаевтың авторлығымен 1985 жылы жазылған «Спорттық ұлттық ойын түрлері және оның тәрбиелік мәні» жинағында ұлт спорты түрлері мен ұлттық спорт ойындарының балалардың күнделікті өміріндегі алатын орны, тәрбиелік маңызы және ат спорты мен ұлттық ойындардың ережесі қарастырылса, М.Балғымбаевтың «Қазақтың ұлттық спорт ойыны түрлері» (Алматы, 1985) атты еңбегіндегі ат спортына қатысты бәйгені бастап жорға жарыс, аударыспақ, жамбы ату, аламан бәйге, т.б. жарыс түрлеріне салыстырмалы талдау жасалады. Бала өміріндегі ұлттық және спорттық қимыл-қозғалыстың және ойынның алатын орны, формасы және мазмұны үлкен адамның тұрмыстық күйімен, еңбек түрімен және мазмұнымен салыстырылса, қаладағы қажеттіліктің бір тұсы адамды дағдыға үйрету екендігін байқаймыз.

М.Жұмабаев ойындарды халық мәдениетінен бастау алар қайнар көзі, ойлау қабілетінің өсу қажеттілігі, тілдің, дене шынықтыру тәрбиесінің негізгі элементі деп тұжырымдайды. Кезінде ұлттық ойындарды зерттеген авторлар қатарында М.Тәнекеев, Б.Төтенаев, М.Балғымбаев, Ә.Бүркітбаев, т.б. зерттеушілердің есімдерін атауға болады.

Кенес Одағы кезіндегі ұлттық ойындардың маңызы мен қажеттілігін көрегендікпен қарастырған ғалым Б.Төтенаев «Қазақтың ұлттық ойындары» (Алматы, 1994) атты еңбегінде қазақ ойындарын бірнеше топқа бөліп, ойын шарттарын жазып, жастар үшін тәрбиелік мәнін зерделеп, ойын білдірген [3]. Қазақтардың ойындарында ежелгі заманнан келе жатқан тастан, ағаштан, аң сүйектерінен, кейін металдан жасалынған құралдар қолданатын. Кең дамыған халықаралық қарым-қатынастар ойын-сауықтың жаңа түрлерін тудырған.

Ғасырлар бойы балалар мен жастарды ерте жасынан ұлттық ойындарымен тәрбиелеу, қоғамдағы қарым-қатынасқа, қоршаған айналаға дұрыс қатынасу қалыптасуына әсер етті. Қазақтардың өнегелік-этникалық сұраныстарына сәйкес бозбала жасында күнделікті өмірде тәрбиеленеді. Қазақтардың салт-дәстүрі бойынша, бозбала тәрбиесімен ерлер айналысатын. Ұлдар ойындарында үлкендерге ұқсасып, олардың шаруашылық әрекеттерін жасайтын, ал қыздардың ойындарында тұрмыстық және отбасылық қатынастар көрінегін.

Көшпенді мал шаруашылығының өмірі жан жақты денелік дамуды қажет етті. Сондықтан ұлттық ойындар ереже түрінде ойнап тұрып өзінің іскерлігі мен күшін көрсетіп, өте ырықты болды. Ұлттық ойындар қоршаған ортаға, аңдарға қастерлеу қатынасты тәрбиелеп көрсететін. Халық шаруашылығының бір саласы аң аулау болғандықтан, қазақтарда ежелден аңдар мен құстар дауыстары мен құлықтарына ұқсату өнері атақты болған. Аңдардың құлықтарын имитациялайтын ойындар әліде кездеседі.

Қазақтың тайпалары өзінің тәуелсіздігі үшін күресіп, көптеген соғыстарды жүргізуге мәжбүр болды. Жігіттер өз ойындарында шабуылшы және қорғаушы аттыларға бөлініп, әскери әдістерге ұқсатып жасайтын. Қазіргі уақытта қазақтардың арасында діни ойды, ырымдылықты ойындары әлі бар. Мысалы: “Мырш-мырш” (лақап атауы), “Ханды-қарабасты” (Періште хан), “Жұмақ-тозақ” және т.б. Бірақ шыңында бұлардың діни бағыттылығы туралы атауымен ғана айтуға болады, ал бұл ойындардың нақты мазмұнның жалпыланған түрінде кесірлік пен жақсылықтың арасындағы ғасырлық күресін мінездеуге болады. Болашақ елдің алтын діңгегіне айналар балаларға тәлім-тәрбие беруге үлкен септігін тигізер қазағымыздың ұлттық ойындарының байқалмай, аты да айтылмай жүрген ойынына тоқтала кетенім артық болмас.

Ежелгі заманнан бізге жеткен көптеген ойындардың өздік мазмұны өзгермей сақ-

талды, бірақ тарихи мазмұнының үрдісінде өзінің атауын өзгерткен: «Қарагие» – «Найза лақтыру», «Аң аулау» – «Құспен аулау» (іскерлік құстармен аулау), «Қақпа тас» – «Бес тас», «Садақ ату» – «Жамбы ату»(садақпен ату) және т.б.

Сонымен, ұлттық ойындар ойналуы әр түрлі тарихи кезеңдерде халықтың өміріне қатысты нақты және объективті болып келді. Қазақтың ұлттық ойындарының мазмұны мен түрлілігі біздің күнімізге дейін жетті. Сонымен ұлт ойындары – ата-бабамыздан бізге жеткен, өткен мен бүгінгі байланыстыратын баға жетпес байлығымыз, асыл қазынамыз. Сондықтан оны үйренудің күнделікті тұрмысқа пайдаланудың маңызы өте зор. Ойын адамның алдынан өмірдің есігін ашып, оның творчестволық қабілетін оятып, өміріне ұштаса береді. Ойынсыз ақыл-ойдың қалыпты дамуы да жоқ, болуы да мүмкін емес. Ойын дүниеге қарай ашылған үлкен жарық терезе іспетті, ол баланың рухани сезімі жасампаз өмірімен ұштасып, өзін қоршаған ортаны тану арқылы түсінік алады. Ойын дегеніміз тынысы кең, алысқа меңзейтін, ойдан – ойға жетелейтін, адамға қиялымен қанат бітіретін осындай ғажайып нәрсе, ақыл – ой жетекшісі, денсаулық кепілі, өмір тынысы.

Ұлттық ойындармен сусындап өскен балалар-ұлттық сананы ерте қалыптастырады.

Қазақтың ұлттық ойындары танымал емес болса да, танымы мен тағылымы мол ұлттық ойындарды кезіктіре алуымыз тарихтың қойнауында жатқан мол мұралардың сарқыншағын қайтадан қалпына келтіруге жасалып жатқан шаралар – Ұрпақ тәрбиесіне бағытталған шаралардың жиынтығы болмақ. Балаларға арналған ұлттық ойындарды насихаттау жетіліңкіремейді. «Ұлт болам десең бесігіңді түзе» дейді дана халқымыз. Ұлттық ойындарды ойнайтын қазақстандықтар көбейсе нұр үстіне нұр болар еді. Топ болып ұлттық ойындарды ойнауды балабақшадан бастаған орынды.

Әр халықтың өзге халықтардан ерекшеленіп тұратын өзіндік белгісі, қасиеті, сипаты болады. Оларға салт-дәстүрімізді, өнерімізді, мәдениет пен ғылым, діни сенімдерді айта аламыз. Салт-дәстүрмен етене жақын, түп тамыры – тұрмыстық іс-әрекеттерден туындаған, өнердің өзгеше «өнері» саналатын қазақтың ұлттық ойындары – ұлтымызды шет елден даралап тұратын, қазақ елінің басты нышандарының бірі. Дегенмен де, барымызды бағаламай жүрген сияқтымыз.

Ұлтымыздың асыл жауһарларын сақтау, дамыту сіз бен біздің қолымызда!!! Ұлттық ойындардың жанашырлары ұрпағымызға нені мақтанышпен қалдыра аламыз, ойланайық...

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Ахмет Жүнісов. Фәниден бақиға дейін, – Алматы: Қайнар, 1994.
- 2 Е.Сағындықов. Ғылыми монография «Ұлттық ойындарды оқу-тәрбие ісінде пайдалану». – Алматы, 1993.
- 3 Б.Төтенаев «Қазақтың ұлттық ойындары». – Алматы, 1994.



ӘОЖ 82-1.82-14

Г.Қ. Әліпхан

А.Иасауи атындағы ХҚТУ оқытушысы

ТӨЛЕГЕН ТӘЖІБАЕВ, АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ОҚУ, БІЛІМ ЖӨНІНДЕ

Ғалым Т.Тәжібаев Абайдың оқу, білімді насихаттауға қосқан айрықша әрекетін орынды аңғарғандығы қарастырылған. Абай ақын ғана емес, ұлтының ұлы ұстазы. Тіпті адамзаттық ақиқатты айта алған хакім. Ғалым Т.Тәжібаев ұлт мақтанышына айналған Абайды тиісінше жоғары бағалап, қазыналы ойларын кәсіби тұрғыдан саралап шыққан.

Түйін сөздер: *оқу-ағарту, ғылым-білім, ақыл, адам болу, толық адам, Т.Тәжібаев зерттеуі.*

В статье рассматриваются мысли Абая об обучении и знании на основе научных исследований Т. Тажиева. Абай является поэтом просветителем казахского народа. Он свои произведения творил в жанре поэзии и прозы. В своих работах поэт затрагивал различные темы своего времени.

Ключевые слова: *просветительство, знание, наука, разум, стать человеком, совершенный человек, исследования Т.Тажиева.*

The article deals with Abay's thoughts in the field of education and knowledge based on the scientific researches of T. Tazhibayev. Abay is an enlightener poet of Kazakh people. He created his works in the genre of poetry and prose. The poet affected different themes of his time.

Keywords: *enlightening, knowledge, science, intelligence, to be a human, a perfect man,*

Ғалым Т.Тәжібаев Абайдың оқу, білімді насихаттауға қосқан айрықша әрекетін орынды аңғарған. Абай не айтса да, жарым-жартылап шындықтан жырақ кетпейді. Ол малды ғылым табу жолына жұмсауды жөн санаған. Осы орайда Т.Тәжібаев былай деп жазады: «Связывая просвещение народа с улучшением его материального благосостояния, Абай выступает перед нами как материалист, а не как фантазирующий утопист, отрывающий духовные потребности народа от его материальных нужд» [1.142]. Т.Тәжібаев Абайдың жас кезіндегі білім алуын есейген шақта кеш көріп, кем санап қомсынған әрі өкінген жайын оның жаратылыстану ғылымдарын меңгеруге мән бермеуінен деп біледі. Ғалым Абайдың шығыс мәдениеті мен діни медреседен алған білімін лайықты деңгейде болған деп санамайды: «Хотя он и

изучал историю Востока, но изучал ее только в виде хронологических дат и отдельных исторических событий, изложенных описательно, без необходимого анализа и обобщения, а поэтому он не мог понять действительных закономерностей развития общества и общественной жизни» [1.142]. Негізінде Абай қоғам мен заман және адамға қатысты біршама ақиқаттарды айта алған. Мысалы, Абай «Тотықұс түсті көбелек» атты өлеңінде мынадай терең шындықты жырға қосқан:

Өркімді заман сүйремек,
Заманды қай жан билемек?
Заманға жаман күйлемек,
Замана оны илемек [2.246].

Осында Абай заманның өз кезіндегі саяси-әлеуметтік, экономикалық қарым-қатынас

пен өзіндік жүйесі арқылы адамдар қауымын (адамдарды) өз ырықна көндіретінін айтып отыр. Заман өз кезіндегі жүйе мен сол жүйені сақтап, күзетіп отыратын билік арқылы жеке тұлғаларды тырп еткізбей өз жолына салатынын аңғартады. Немесе ақын «Адам бір - боқ көтерген боқтың қабы» атты өлеңінде: «Адамды сүй, Алланың хикметін сез, не қызық бар өмірде онан басқа» деп түйіндейді. Расында да өмірде орын алар көп қызықтың ішінде ақын айтқан осы екі қызықтан артық мақсат-мұрат болмайды. Мұнда гуманизм де, Алланың хикметі арқылы ғылымды әспеттеу сарыны да байқалып тұрады. Сол кездегі идеология мен орысшылдықтың әсері ғалым Т.Тәжібаевқа да ықпал еткені көрінеді. Ол орыс мәдениеті мен әдебиетін, тілі мен ғылымын аса жоғары бағалап, Абайдың өсу, өркендеу жолын осы орыс мәдениетімен көп байланыстырады. Ғалым ақынның орыс достары, орыс тілі мен әдебиеті, ғылымы арқылы тапқан табысын қомақты санайды. Ғалым өз ойын ақынның балаларын Семейдегі орыс мектебі мен алыс Петербургте оқытқанын айту арқылы да бекіте түседі. Ғалым өз пайымдауларын ақынның «Интернатта оқып жүр» өлеңін негізге ала отырып баяндайды. Ара-арасында ғалымның: «...Абай упрекает родителей за их желание непременно сделать своих детей чиновниками, а не просто культурными людьми» деген секілді түйінді ойларын жиі ұшыратамыз. Ғалым ақын өлеңінде сөз болған оқушы балалар мен жастарды пайда ойламай, ар ойлауға үндеген ойларды дұрыс аңғарған. Әдетте Абайдың орыс мәдениеті мен әдебиетіне, өнері мен тіліне қатысты ойын еске алғанда, оның «орыстың өнерін біл, тілін үйрен» деген насихатын жиі айтамыз. Ал мұның ар жағындағы ақынның өз еліне қатысты пайдалыны көздеп ой ойлағанын тасада қалдыратынымыз бар. Ғалым Т.Тәжібаев Абай сөзіндегі осындай жан-жақты шындықты түгел қамтып барып ой толғайды: « Русские видят мир. Если ты будешь знать их язык, то на мир откроются и твои глаза. Человек, изучивший культуру и

язык иного народа, становится с ним равноправным и не будет жить позорно» [1.143]. Байқағанымыздай, ғалым ұсынған ақынның бұл сөзінде елінің биіктерден көрінуін қалаған ізгі ниет бар. Елі ешкімге есесін жібермей, еңселі ел болса екен деген ой жатыр. Ғалым ақын өлеңіндегі ой ізімен жүріп отырып, түпнұсқадан ауытқымай ақын ойына ғылыми саралау жасайды. Ақын өлеңінің өзегін көріп, оқырманға соны айрықша бөліп, айқындап танытуға тырысады: «Наукой можно овладеть только тогда, когда ты расстанешься с ребячеством. Если любишь науку, никогда не говори «не могу»... наука - достояние» [1.144]. Абай өз өлеңдері мен қарасөздерінде ақылдың мән-мазмұны мен қасиетін біршама ашып, ақыл ұғымын түрлі қырынан танытады. Абайда жүрек культі, жүректі жоғары қою секілді сарындар орын алса да, ол ақылды - жүректің суаты санайды, яғни жүрек ақиқатты тануда ақылдың көмегіне сүйенеді. Өйткені ақыл - таным құралы, ақиқатты айтушы. Осы орайда Абай ақылға айрықша көңіл бөліп, тірлікте ақылдың тигізер пайдасы мол екенін айтады. Мысалы, ақын «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінде былай деп жырлайды:

Ақыл сенбей сенбеңіз
Бір іске кез келсеңіз.
Ақсақал айтты, бай айтты,
Кім болса, мейлі, сол айтты -
Ақылменен жеңсеңіз...
Ақыл – мизан, өлшеу қыл.

Абай өмірдегі барлық істе де ақылды көмекші әрі тірек етуді жиі айтады. Былайша айтқанда, Абайдың мойындайтыны - ақыл ғана. Бұл ойын ақын қарасөзіндегі иманға қатысты айтқан ойымен де танытады. Ақын 13-сөзінде иман және оның екі түрлі болатыны туралы айта келіп, оның бірі, яғни шын иман туралы былай деп жазады: «Әуелі не нәрсеге иман келтірсе, соның хақтығына ақылыбірлән дәлел жүргізерлік болып, ақылы дәлел испат (дәлелдеу, дәлелмен бекіту) қыларға жараса, мұны якини иман

десек керек» [3.109]. Абай осылайша ақылды танытуда оның артықша қасиет екенін жүйелі түрде байқатып отырды. Осы орайда ғалым Т.Тәжібаев ақын ойының ізімен былай деп жазады: «Поэтому с любовью относись к словам знающих людей. Но поверь им только тогда, когда сам познаешь их и убедишься в их правильности, а не потому, что они вышли из уст аксакала, бая или других авторитетов» [1.144]. Байқағанымыздай, Т.Тәжібаев ақын өлеңіндегі «ақыл» ұғымының мәнін ізерлей ашып, танытып жатпайды, тек «когда сам познаешь» деп қоя салады. Танудың ақыл арқылы жүзеге асатынын білеміз, сөйтсе де Абай мән беріп, айрықша бөліп айтқан «ақыл» ұғымының сырына ғалымның тереңдей еніп, тарата, таныта баяндағаны жөн болар еді.

Ғалым ақынның педагогикалық ой-пікірлерін тиянақты қарастырған. Ол ақынның оқыту мен тәрбиеге қатысты ойларын шашау шығармай танытуға тырысады. Абай жастарды қалайда оқыту жағына күш салған, халықтың қалтасынан қаржы жұмсаса да, өз ұрпағын білім алуға жетелеуін жөн санаған. Ғалым ақынның осындай өзекті ойларын дәл танып, дәл тауып саралайды. Ғалымның Абай туралы пікірі өте жоғары: «В своих высказываниях и в практической деятельности Абай выступает как настоящий педагог... Абай выступает против схоластики в обучении, против зубрежки и муштры. Он требует сознательного усвоения знаний» [1.145]. Ғалымның осындай биік бағасына Абай шындығында да лайық. Ақын 38-сөзінде былай деп жазады: «Ғылым-білімді әуелі бастан бала өзі ізденіп таппайды. Басында зорлықпен яки алдаумен үйір қылу керек, үйрене келе өзі іздегендей болғанша» [1.136]. Ғалым сондай-ақ Абайдың педагогикадағы баланы оқытудың жас ерекшелігіне қарай жүзеге асу қағидаларымен де таныстығын көрсетеді. Әлі ақылы толысып, өресі өспеген бала білімнің қадірін біле бермейді. Әуелгі білімнің ойын ретінде берілетіні де бар. Білімді жеңіл жолмен, ойын түрінде үйрете отырып, талап етуді де назардан

тыс қалдырмай оқытса, артынан бала да білім алудың дағдылы даңғыл жолына оңай түсіп кетеді. Абай ойлары педагогикадағы осындай танымға сілтеп, нұсқап тұрғандай көрінеді. Бұдан өзге Абайдың баланы әлі де адам қатарына қоса қоймайтыны байқалады да, оның адам қатарына қосылуын «қашан бір бала ғылым-білімді махаббатпеннен көксерлік болса, сонда ғана оның аты адам болады» деген игі әрекетпен байланыстырады. Ақын шығармаларындағы осындай өрелі, ең бастысы кәсіби ойларға ғалым назары ауып, ол жөніндегі пікірін былайша сабақтайды: «Но интерес к обучению является результатом времени и занимательности изучаемого предмета. Поэтому учитывая то обстоятельство, что на первых порах ребенок не может овладевать знаниями по своему собственному желанию, его необходимо на ряду с уговорами и наставлениями иногда и принуждать к учению. Со временем, когда у ребенка появится интерес к овладению знаниями, он сам будет стараться. Но настоящим человеком он станет тогда, когда со страстью будет мечтать о науке, когда он сможет действительно познать науку и употребить ее на пользу народу» [1.145].

Өмірде бәрі де тек, тамырынан бастау алып барып өсіп-өнеді. Сол секілді бала да әуелі өзінің туған тілін, ана тілін терең меңгеріп, үйреніп алуға тиіс. Ғалым осы ақиқатты К.Д. Ушинский пікірімен сабақтастырып, одан әрі Абаймен байланыстырып мынадай ойын ұсынады: «Чтобы обучение было успешным и полезным, Абай как и великий русский педагог К.Д.Ушинский предлагает сначала обучать детей родному языку, обучать действительным научным знаниям, а потом уже приступить к обучению иностранным языкам и в частности арабскому и фарсидскому» [1.145-146]. Бүгінгі үш тұғырлы тіл саясаты тұсында ғалым келтірген тұжырымды назарда ұстау пайдалы болмақ. Бала екі жақты, үш жақты болып әрі шала түсінікте қалып қиналмай, сондай-ақ өз тіліне де нұсқан келтірмей, ғалым жазғандай, жасы, өресі, ұлтына қарай әуелі ана тілін терең

меңгеріп, ақыл, өресі бекігенде ғана өзге тілді үйреніп жетілсе, нәтижесі де елеулі болар еді. Ғалым Т.Тәжібаев Абайдағы әуелі ана тілін терең меңгеріп алу туралы ойды діни-схоластикалық мазмұндағы араб, парсы оқуына қатысты айтқан. Шынында да мәселенің мәнін ұқпай, құр жаттаумен білмек болған әрекеттің нәтижелі болуы қиын.

Ғалым Т.Тәжібаев Абайдағы түпкі терең ойларды үнемі аңғарып, оны өз тарапынан саралап отырады. Бұрынғы, соңғы ойшылдарда әр нәрсені де бағалағанда, оның өзін ғана қадірлі көріп ойда ұстау жайы жиі айтылған. Бір нәрсені я біреуді олардың өзін емес, өздерінен тыс жанама жағын ескеріп барып жақсы көру адамды

адастырады. Осы орайда Абай отыз екінші сөзінде былай деп жазады: «Егер дін көңілің өзге нәрседе болса, білім, ғылымды бірақ соған себеп қана қылмақ үшін үйренсең, ондай білімге көңіліңнің мейірімі асырап алған шешеннің мейірімі секілді» [1.128]. Ғылыммен одан келер пайданы ойлап барып айналысу – ғылымның берер нәтижесін кемітеді әрі қадірін де азайтады. Ғалым Т.Тәжібаев ақындағы осы ойларды да өзінің ой талқысына салған.

Абай ақын ғана емес, ұлтының ұлы ұстазы. Тіпті адамзаттық ақиқатты айта алған хакім. Ғалым Т.Тәжібаев ұлт мақтанышына айналған Абайды тиісінше жоғары бағалап, қазыналы ойларын кәсіби тұрғыдан саралап шыққан.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Тажибаев Т. Философские, психологические и педагогические взгляды Абая Кунанбаева. - Тажибаев Т. Педагогическая мысль в Казахстане во второй половине XIX века. – Алма-Ата: Казахстан, 1965.
- 2 Абай (Ибраһим Құнанбаев). Шығармалар жинағы. I том. – Алматы: Жазушы, 1986.
- 3 Абай (Ибраһим Құнанбаев). Шығармалар жинағы. II том. – Алматы: Жазушы, 1986.



Алла деген сөз жеңіл,
Аллаға ауыз жол емес.
Ынталы жүрек, шын көңіл
Өзгесі хаққа жол емес

Абай.

ИСЛАМ ДІНІ – ТӘРБИЕ БЕРУДЕ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТЫҢ НЕГІЗІ

Мақалада еліміздің болашағы жастар болғандықтан, олардың рухани тәрбиесіне аса мән беру қажеттігі. Біліміміз бен білігіміз бабадан бізге жеткен имани негіздегі қазақы тәрбиемен қабыспаса, халықтық қасиеттерді насихаттаудың алтын арқауы, бағыт-бағдар алар айнымас темірқазығы екендігі айтылады. Ұлттық мінез, ұлттық жігер, ұлттық сана-сезім қалыптастыру жолындағы жауапкершілікті сезініп, ел болашағының жарқын болуы үшін айқын қадамдар керек екені баяндалады.

Түйін сөздер: *болашақ, жастар, рухани, иман, ұлт, тәрбие, тазалық, жан тазалығы, қоғам.*

Статья посвящена морально-психологическому воспитанию молодежи. Становлению суверенного, сильного и сплоченного государства, в первую очередь, связано с подрастающего поколения казахов. Будущее нашего народа связано с подрастающим поколением, отсюда необходимость уделения особого внимания их духовному воспитанию. В этом смысле становится наиболее важным высказывания Абая: «Человека воспитывает общество, если кто-либо плохо воспитан, в этом повинны его окружение» и Ахмета: «Если сына воспитываешь как сына, то он будет сыном, если воспитываешь как раба то он станет рабом»

Ключевые слова: *будущий, молодежь, духовный, нация, воспитание, чистота, душевная чистота, общество.*

The article is sanctified to morally-psychological education of young people. To becoming of the sovereign, strong and joined state, first of all, it is related to the rising generation of Kazakhs. The future of our people is related to the rising generation, from here necessity of sparing of the special attention to their spiritual education. In this sense becomes most essential expressions Abaya: «Man is brought up by society, if somebody is badly educated, his surroundings» and Ahmeta are herein guilty: «If bring up a son as a son, then he will be a son, if bring up as a slave that he will become a slave»

Keywords: *future, young people, spiritual, nation, education, cleanness, heartfelt cleanness, society.*

Егемен ел болып, еңсесін тіктеп, етек-жеңін жиып, елдігін ерекшелей түскен қазақ халқының айрандай ұйыған айбынды мемлекет болуы ең алдымен бүгінгі өскелең ұрпаққа тікелей байланысты. Ендеше, еліміздің болашағы жастар болғандықтан, олардың рухани тәрбиесіне аса мән беру қажет. Хәкім Абайдың: «Адам баласын заман өсіреді, кімде-кім жаман болса, оған замандастарының бәрі кінәлі», - деуі, Ахмет көсемнің: «Баланы ұлша тәрбиелесең - ұл

болып өседі, құлша тәрбиелесең - құл болып өседі», дегенінің астарында үлкен мән жатыр.

Халқымыз тәрбиелі, көргенді, инабатты, жүзі жылы адамды иманжүзді екен деп жағатады. Сондай-ақ, өмірден өтіп кеткен адамға иманды болсын, өліге иман, тіріге береке берсін деген сөздерді жиі естиміз. Олай болса, иман деген не? Иман тек өлген адамдарға қажет нәрсе ме? Иманның тірі адамның өміріндегі мәнісі қандай?

Иман – араб тілінен аударғанда сенім деген мағынаны білдіреді. Иманды болу Құранда «әмана» деген етістікпен беріледі. Өз кезегінде бұл сөз «әмин» қауіпсіздік деген мағынаны білдіреді. Иманды адам екі дүниеде де қауіпсіздікте болады. Бұл дүниеде тіршіліктің сергелдеңі мен уайымынан, мәңгі өмірде күйзелтуші мәңгі азаптан аман болады.

Шариғаттағы мағынасында иман: соңғы пайғамбар Мұхаммед салла Аллаһу алейһи уа саламның әкелген барлық нәрсесін (Құран, хадистер, құлшылықтар, әмірлер мен тыйымдар) мойындап, қабылдау, жүзеге асыру.

Абайша айтқанда: «Әрбір ақылы бар адамға иман парыз, әрбір иманы бар адамға ғибадат құлшылық парыз».

Хадиске жүгінсек: Иман тілмен айтылып, жүректе бекіп, дене мүшелерімен амалға асу керек.

Ардақты пайғамбарымыз өз хадисінде: «Иманның жетпістен артық бұтақтары бар: ең жоғарғысы – «Ла иләһә иләә Аллаһ, (Мұхаммадур расулуллаһ) Ең төменгісі - жолдағы кедергіні алып тастау» дейді [2].

Иманы жоқ адам тозақта мәңгі қалады. Олай болса бұл сөз біздің мәңгі бақытқа қол жеткізуіміздің кілті екен. Өкінішке орай, өз парыздарымызды үйрену мен орындауға келгенде белсенділігіміз бәсеңсіп қалатыны рас.

Дүниеде қаншама адамдар иманға келмеген соң жалған дүниенің алдамшы мақсаттарын қуып, құнды өмірін құнсыз нәрселермен өткізіп жүр. Шынайы иманға келген адамдар ғана өмірдің мәнісін түсініп, не үшін жаратылғанын біліп, жаратылысына құлшылық ету арқылы жаратылғандарға құл болудан азат етілуде. Осылайша имандылар ғана барлық жұмыс бастылардың басқа жақтан іздеп таппай жүрген бақытына қол жеткізуші.

Алла – тағала бізді не үшін жаратқанын Құранда былай хабарлайды. «Жындар мен адамдар тек қана құлшылық қылулары үшін жаратылған» (Зәрият).

Құлшылық қартайғанда қылынатын қарекет емес. Жастық шақта бойда күш буырқанып тұрғанда сол күшті күнәға жұмсамай тежеп, жақсы амалдарды атқаруға жұмсау. Шариғатта бәлиғат жасы деген түсінік бар: яғни 12 -15 жас аралығы. Міне, осы жастан бастап екі жақтағы періште адамның әр әрекеті мен сөзін жаза бастайды. Құлшылықтар да осы жастан бастап парыз болады. Олай болса, «маған намаз оқуға әлі ерте, зейнеткерлікке шығайын» деуіміз ыңғайсыздау.

Ал кім Аллаға құл болудан арланса немесе тәкаппар болса: «Кім оған құлшылықтан арланып дандайсыса, сонда оларды тұтас өз тарапына жинайды» (Ниса) 172.

Еліміздің әр азаматы иманды болса: арман бар ма? Қоғам имандылыққа қол жеткізсе жалқаулық, нашақорлық, зинақорлық сияқты қорлықтардан оңай құтылар едік, алайда бүгінгі қоғамда бәрі басқаша.

Өмірде мәңгі жасайтын ешкім жоқ. Иманға қарағанда ақша мен дүниені, сауық - сайран мен қызық қууды артық көргендер ақыретте қойылатын сұрақтарға жауап бере алмай кібірткітеп қана қоймай, қабір азабы мен тозақ отына душар болары хақ. Өйткені, Алла - тағала бізді өзіне құлшылық етуіміз үшін осы сынақ өмірге жіберді. Тіршіліктің түбі өліммен аяқталмасы аян. Адам мәңгі өмір үшін жаралған. Біреулер бұл дүниеде қиындыққа шыдап, мәңгі өмірдің рахатына бөленсе, енді біреулер алдамшы да өткінші өмірдің қызықтарына қызығып, мәңгі жаннаттан құр қалып азапқа сай болады.

Ендеше нағыз бақыт иманда екенін есте ұстайық, ағайын!

Имандылық тәрбие – ұлттық рухтың негізі, дем беруші күші екендігін естен шығармасақ қана ісіміз ілгері басады. Біліміміз бен білігіміз бабадан бізге жеткен имани негіздегі қазақы тәрбиемен қабыспаса, қатар дамымаса, қанатсыз құстың күйін кешері күмәнсіз. Жахандану уақытында тәрбие беру, имандылық пен ұлттық негізде жүйелеуді қажет ете бастады. Сондықтан, дәстүрлі ислами ілім мен ұлттық сипаты-

мызды жастар бойына сіңіре алсақ, оның қоғамға әкелер пайдасы көп. Мәселен, 1) бүгінде интернет пен жоғарғы технологиялар ғасырында, ақпараттар тасқындаған заманда, жастарымыздың таза ислами білімі болса, сырттан келген ақпараттарды «ішкі сүзгіден» өткізе алар еді; 2) дене тазалығы мен жан тазалығын сақтап, түрлі індеттерден өзімізді қорғай алар едік; 3) жетім-жесір, қараусыз қарт мәселелері кеміп, ел берекесі артады; 4) ислами тәрбие алған жас ұрпақ сыбайластық, жемқорлық сияқты қоғамдық дерттерден өзін аулақ ұстар еді; 5) қоғамға өзін қажетсіз сезіну секілді кеселдерден болатын суицидтен арылар едік. Міне, осындай құнды қасиеттерді ертеңгі ел иелерінің бойына қалыптастыру мәселесі жастардың білім аясын кеңіту, имандылық қуаты мен ұлттық қорғаныш қабатын қалыптастыру арқылы ғана шешіледі. Нақтылап айтқанда, ұлттық салт-дәстүр мен ата дініміз Ислам – тамырлы тәрбие сабақтарын, халықтық қасиеттерді насиқаттаудың алтын арқауы, бағыт-бағдар алар айнымас темірқазығы. Қазақтың тегінен дарыған, табиғатына тән, қанында бар қасиетіне салқындық таныту – ұлттық болмысымызға үлкен қиянат. Өкінішке қарай, бүгінгі таңда кейбір жастарымыз тура жолда қалыптасқан ұлттық құндылықтарымызды жоққа шығарып, Ислам діні деп басқа елдің дәстүрі мен құндылықтарын насихаттап жүрген жайы бар. Бұл мәселені діни сауатсыздық деп жастарға кінә арта салуға да болмайды. Ең біріншіден, сол жастарға тәрбие беретін ата-анасы мен ұстаздарын діни сауатсыздықтан арылтып, қоғамда жастардың таза ислами талдау жасай алатындай иммунитетін қалыптастыру бүгінгі күннің кезек күттірмейтін мәселесі екенін түсінуіміз керек. Мұның барлығы оңай бітетін іс емес. Адам тәрбиелеу, өзі туған ұлы мен қызын тәрбиелеу - мұсылманның ең бірінші аса маңызды міндеті.

Бүгінгі күні еліміз екі жолдың айрығында тұрғандай. Біріншісі – жас буын санасына құндылықтар рухын сіңіріп, ар-ожданын

кемелдендіру болса, екінші – төзімді тәрбиедегі қазақы құндылығымыздың өзегіне құрт түсіріп, болмысымызды кедейлендіріп, абыройымызды аласартып ұрпақ тәрбиесіне салғырттық таныту. Олай болса, ұлттық мінез, ұлттық жігер, ұлттық сана – сезім қалыптастыру жолындағы жауапкершілікті сезініп, ел болашағының жарқын болуы үшін айқын қадамдар керек екені анық. Ұлт мүддесін алға тартқан мәдениет, өнер қайраткерлері, зиялы қауым өкілдері мен басшылардан бастап, ауыл имамдарына дейін ұлттық тәрбие мәселелерімен айналысып, халықтың рухани өмірін жандандыруға өз үлестерін қосулары керек. Пайғамбарымыз Мұхаммед Мұстафаның с.ғ.с. «Сіздердің әрқайсыңыз бақташысыздар, барлығыңыз да қол астындағыларға жауап бересіздер», - деген өсиетін негізге алатын болсақ, ұлттың болашағы үшін әрқайсымыз жауаптымыз [3].

Осы жерде салт-дәстүріміз бен ұлттық өнерімізді менсінбейтін, ана тілінен безген мәңгірттер ойға оралып, халқымыздың рухани жебеушісі Ахмет Иассауидің «Менің асыл хикметімді жаны ауырмасқа айтпағын, баға жетпес інжуімді құнын білмеске сатпағын» деген сөздері еріксіз еске келеді. «Құйрығы жоқ, жалы жоқ, құлан қайтып күн көрер» - дегендей, алдында үлгі болар үлкені жоқ, өнеге етер үрдісі жоқ, қаны қазақ болғанымен, тілі, діні жатқа айналған кейбір замандастарымды көргенде көңілге кірбің ұялап, бойымды оларға деген бір аяныш сезім пайда болады.

Сөз бен істің сәйкессіздігі - азғындаудың басты белгісі екен. Мұндай адамдарға жүрегінің түбінде ешқандай аяншы сезімі оянбайды.

Қоғамымыздың әр мүшесін, әр мұсылманды тозаққа тартып тұратын нәпсіге еріп кетуден бой тарта білу керек. Сондықтан, өзінің нәпсісіне қарсы, биік адамгершілік мұраттарға ұмтылу, ізгі істер жасау, жамандық атаулыдан бас тартып, шын мұсылманға тән парызы болуға тиіс.

Қазіргі кезде адамға өз бойындағы кемшіліктерді танып-біліп, дін жолына таза

түсу арқылы осындай жаман әдеттерден арылудың қаншалықты маңызды екенін сонда ғана түсінгендей болдым.

Ал қазір қала, ауылдағы әйелдердің ер адамның киімін түгел киіп алды. Одан қала берді, кіндігін ашып сала берді. Әйел адамның үстіндегі киімі тәні көбірек көрінген сайын ол уақыт лебіне үн қосқандай болып санала ма, әлде әдемірек көрінетін болған ба, әйтеуір, осындай бір үрдіс белең алып тұр. Кейінгіге үлгі болар кексе әйелдердің басына кигені қазан, табақ, тарелке тектес шетелдік бас киім. Өз дініміздегі мұсылмандық бас киімі орамалды әйел көзден ғайып болып барады. Өзінің салтын білмеген, өзгенің салтын қайдан біледі. Өзін сыйлата алмаған, өзгені сыйлап қаны-қарық қыла қоймас. Өзімізді дұрыс тани білу үшін біз кімнен үлгі-өнеге аламыз. Әр адам өз бойында адамгершілік қасиеттерді қалыптастыруға, дінге шын берілу арқылы ізгілікті мұрат тұтуға осыны ұдайы сезініп жүруге ұмтылу керек.

Адамдарға Ислам діні өз денесін әр түрлі сырқаттар мен жарақаттардан сақтау, және рухани жағынан жетілуге көмектеседі. Сау адам болу үшін тек денесінің сау болуы, әр нәрседен аман болуы өте қажет. Пайғамбарымыз Мұхаммед Мұстафа (с.ғ.с) бір хадисінде: «Аллаһ сендердің сыртқы түрлеріңе қарамайды, сендердің іштеріңе, жүректеріңе қарайды», - деген еді. Демек, ішкі рухтың кінәратсыз тазалығы Ислам діні үшін аса қажет. Адамның өзінің алдындағы ең үлкен борыштарының бірі болып есептелетін нәрсе, сол-рухани жағынан жетілуге ұмтылу, бұзық әрі жарамсыз пікірлерден өзін тазалау, басқалар жайында жаман пікір айтуға өзін тию.

Ислам діні біздегі, бойымыздағы ауруды екіге бөледі: бірі-заттық денелік кесел болса, екіншісі, рухани кесел. Денелік кесел адамның түрінен, бойынан көрініп тұрады. Бойымызды түрлі денелік кеселдерден сақтау-өзіміздің алдымыздағы борыштарымыздың бірі.

Рухани кесел денеден көрініп тұрмайды. Ғайбат, жалғандық, жала, алаяқтық, өтірік-

шілдік, сараңдық және жалқаулық сияқты кеселден де сақтану керек.

Пайғамбарымыз (с.ғ.с): «Екі күнін бірдей бос өткізген адам зиян табады», - деп айтқанды. Таза мұсылман адам өз келешегі үшін әрекет етуші және үнемі өзін жетілдіру үстіндегі адамдар. Көп оқыған, көбірек еңбек еткен, әрі көбірек ізденген адам өзіне, халқына және дініне пайдалы болмақ. Өзінің борышын жақсы түсінген адам сол-өзін жақсы тәрбиелеген адам.

Көшеде өтіп бара жатқан сұлу әйелден көзімізді тайдырып әкетудің өзі иманымызды нығайта түседі, сөйтіп мәңгілік құндылықтарды қадірлей білуге жетелейді. Ер мен әйел өзіндік құндылықтарын, арнамысын өзгеге тапталмай, өздерін сыйлата білсе, заманымыз азбайды да тозбайды. Өзге дін табалдырығымыздан аттауға да қаймығады.

«Үй иесі нашар болса, қонағы билер» - деген сөз осыдан шықса керек. Әйеліміз ер намысын ойрандады. Еріміз намысын қолдан беріп жаутаңдады. Сонда бұл Аллаһқа қарсы шыққан емес пе. Әйелдер-ау, қалай киініп, қалай билесендер де, ер адамның табанынан биікке көтеріле алмайсың.

Өмір өзегі әйелдер-ау сіздерден бастау алады. Сондықтан сіздерге артылар ұрпақ тәрбиесіндегі үлкен жауапкершілік жүктеледі. Ол үшін сіз: иманды да саналы, мейірімді де парасатты, білімді де талапты, кішіпейілді де қарапайым, ажарлы да сымбатты, ұқыпты да ынсапты, ақылды да ардақты, өнерлі де өмірлі, адал да шыншыл, ел дәстүрін сақтайтын, намысты өзгеге сатпайтын текті де киелі қара шаңырақ ордасын биіктерден көрсетуге, ұл-қыз тәрбиелеуде алатын орныңыздың ерекше екендігін білуіңіз шарт.

Иман-сенім деген ұғымды білдіреді. Дінге сенуге байланысты бұл ұғым халық арасында адамгершіліктің мәнін беретін ұғыммен ұштасып, әлеуметтік әдептілікті көрсететін мәнге ие болды. Ақ ниетті, адал жүректі, көпшіл адамды-иманды адам дейміз. Иманды адам-айналасындағыларға

және бүкіл адамзатқа тек жақсылық ойлайды, оларға мейір-шапағатын төгіп, жанашырлық қамқорлық жасауға әзір тұрады, әркімге әдеппен, ізетпен, инабатпен қарайды. Иманды адамды бет-бейнесінен тану арқылы иманжүзді адам дейді. Иманды адамның әділетті, шыншыл болатыны, қонақжайлылығы, кеңпейілділігі, жомарттығы, дос көңілділігі - имандылықтың белгісі. Имандылық дәстүрін қастерлей біліп, иманды адам болу - кісілік борыш. Иманы кәміл адам мейірімді болады. Мейірімділік-адам бойындағы қасиетті сезім. Ата мейірімі, әке мейірімі, ана мейірімі, отбасындағы адамдардың бір-біріне деген мейір шапағаты - әсем құбылыс, түйсікті баурап алатын түсінік, ұлағатты ұғым, адамгершіліктің асқар шыңы. Мейірімді адамның мерейі үстем болу үшін ол ойлаған жақсылық жақсы көрген адамдарының жан саулығы мен денсаулығы оны қуанышқа бөлеуі тиіс.

Рухын, көңілін дүние және ахиретке пайдалы болатын әр түрлі біліммен қамтамасыз етеді. Сөйтіп, өзін өтіріктен, мақтаннан және білімсіздіктен қорғайды.

Жаратылысты да Алланың жаратқаны деп, шынайы жақсы көреді.

Ұлы Тәңірдің бүкіл адам баласының тең құқықты жаратқанын біледі. Сондықтан өзін басқалардан жоғары көріп, дандайсымайды. Ал, сондай-ақ, өзін басқалардан төмен санап, ешкімге бас иемейді. Алладан басқа ешкімге құл болмайды.

Жаратқанға және жаратылыстарға деген міндетін толық орындайды.

Сөйтіп, адамға адамшылыққа жарасатын бүкіл жақсы мінездерге ие болып, әр адам баласы үшін пайдалы болып, әрі толық мүмкін болады.

Адамтану. Бұл жатқан ұшы қиыры жоқ ғылым. Бүкіл тұла бойың санаңа қатысты сөйлеген сөз, істеген іс, жақсы мен жаманға, ащы мен тұщыға, айнала қоршаған ортаға, маңайындағы адам жанының құбылыс, қимылына сенің адамдық көзқарасың.

Әр адамның жаратылысында жаратушы алла берген қайрат, қуат, ақыл, парасат

қылығы бар. Ол сонысымен ерекшеленіп, өзгешеленеді. Абай «жанның жарығын бәрімізге де бірдей ұғарлық қылып беріп пе?» деп сұрақ қояды. Сөйтіп соған «Адам алдын артын, осы күнін үшеуінде тегіс ойлап тексереді. Хайуан артын, осы күнінде бұлдыр біледі, алдыңғы жағын тегіс тексермекке тіпті жоқ...» - деп сабақтап ой өрбітеді. Осыдан адам өзінің адамдық басын алып жүруді, адамтанудың пәлсапалық пайымдауы етіп сызады. Абайдың әр өлеңі, қарасөздері адамтану. Ал осындай адамтану әр адамның өзінен басталатынын, алдымен өзіне қарауды ұсынады.

Адамдықтың жолында адамды масқаралау пасықтық үлкен күнә. Адамды адам масқаралап тұрған жоқ, адам атты өзінде кемсітіп тұрғанына ойлануы керек. Аристотел «Адам өз кемшіліктерін айыптаушы ал басқалардың кемшіліктері туралы сөз қозғағанда олардың қорғаушысы болуы тиіс» деп ой түйеді. Кемел адам ақыл есі дұрыстығы, нағыз адамгершілік ізгілікті білімдарлық мәдениетті болып көрінеді. Адамның нәпсі тежеуі адамдық, ар, ұят есім түйсігіне әсердің өзі, адам бойындағы қадір қасиет сапасы екені де анық.

Халықта «жақсымен жолдас болсаң, аз ақылың көбейеді, жаманмен жолдас болсаң, көп ақылың азаяды» дәл осындай «Кісі болар кісінің, кісіменен ісі бар. Кісі болмас кісінің, кісіменен несі бар» дегенде адам адамды толықтырып отыратын әсерлік ықпалы бар қасиетін меңзейді. Адамды адам, аздырады, тоздырады деген ұғым береді. Ал талдасаң, жан жақты ғылым. Құдайға шүкір оқыған, тоқығанны сөйлеген сөзі, мықты ғалымдығы басым қазақ жетіп асады. Алайда, адамдықтың белгісін өзімізден әлі көп іздеу керек болып тұрғаны да, бүгінгі қазақы көрінісімізден байқалады.

Қорыта айтқанда, адам болып келген соң, дүниеге тап-таза бір рухпен келген адам баласы өзіндегі қабілетті иман нұрымен нығайтып, дүниедегі адамгершілік міндетін толық атқарғандықтан көңілі жай тауып, Аллаға қауышады.

Өмір тәжірибемнен алынған, көкірегімнен шыққан ой-тұжырымдарымнан.

Автор: Қаражанова Клара Әзіржанқызы

1. Надан болма, адам бол!

Надандық қажытады,

Адамдық дамытады.

2. Наданмен жақын болсаң, жер боларсың,
Жақсымен жақын болсаң, нұр боларсың.

3. Өмірдің мәні - жаман-жақсыны айыра білген.

4. Бақыт, байлық не керек,

Өзіңде ынсап болмаса.

5. Наданның хайуандық пиғылын көргенде,
өзімді одан жоғары екендігімді байқадым.

6. Надан адам - жаман адам. Өйткені, өзін
адам қатарына қосуға талпынбайды.

7. Адам болып келген соң, адамдық
қалпыңды сақтауға тырыс.

8. Сапарларда көп болған, көп жүрген,
халықпен тікелей қарым-қатынаста болған

адам өмірден түрлі сабақтар алады.
Өйткені, адамдардың әр түрлі жаманын көріп
налиды. Жақсысын көріп үлгі алады.

9. Ақ пен қара жуыспайды,

Жақсы-жаман адам сиыспайды.

10. Надан өз қамын ойлар, Адал адам көп
қамын ойлар.

11. Ақыл санасызға бітпейді,

Санасыз діттегенге жетпейді.

12. Әр адам, адамдарға жақсылықпен іс
қылса, сол ісі арқылы өзі ләззат алса, нағыз
шынайы қуаныш иесі.

13. Ақша наданды көкірегін көкке өрлетеді,

Саналыны ісімен өрнектетеді.

14. Менің байлығым қиялымдағы ой-
санам,

Санаммен жерді қазып, жеміс алып ойла-
намын.

15. Ізгі ақ ниетті адамдармен сұхбат-
тасқанда, көңіл көк жиегім масаттанады да
қиялыма шабыт бітеді.

16. Бір адамның бойында түрлі қасиеттер
бар. Барлық іске қабілетті, өзін де, өзгені
де қатты сыйлайды. Өзін өзгелерге талан-
тымен табындыра алады. Бірақ, бірдене
жетіспейтіндей өзіне қанағаттанбайды.
Оның сырын таба алмай өмірі ізденумен
өтеді.

17. Өмірін ісімен өрнектеген адамды
қатты сыйлай отырып табынамын.

18. Ұрпағын дұрыс адам қылуға тәрбиелей
алмаса, ол адамды тумаған артық. Жер бетін
хайуан жайласа сонда болашақ не болмақ.

19. Жақсы тәрбие және кері тартпа кереғар
тәрбие баланы есалаң қылады. Бәрібір
кереғар өзіне тарпай қоймайды.

20. Қыңыр мінез қынжылтады. Ісінді алға
бастыртпай етегіңнен тартады.

Қиналғаннан не пайда, өміріңді сорлата-
ды.

21. Наданның ойы біреуге ор қазу,

Білмейді ол орға өзінің түсерін.

22. Біреуден бірдене сұрама,

Біреу сенен сұрасын.

23. Өзгеге сенбе, өзіңе сен.

24. Өзіңді тану, өзгені тану.

25. Сәби періштені бастан қақпа, бағын
тайдырасың,

Кісіден кір іздегенше, өзіңнен мін ізде.

26. «Ісің тұзу болса, құдайдың көзі тұзу
болады»

27. «Адамның қандай екенін, сөйлеген
сөзімен ісінен аңғаруға болады.»

***Бұл – менің өмір тәжірибемнің көрінісі,
осыны өзгелерге үлгі ретінде ұсынамын.***

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Ислам өркениеті. 2013ж № 31. 1-10 желтоқсан. 5 б.

2 Дербісәлі Әбсаттар. Ислам және заман. – Алматы, «Б.о.ж», 2003. -560б.

3 Мәмежанов Қ.Ш. Ислам тағылымдары. – Алматы, «Б.о.ж», 2003. -448б.

Қ.Б. Әмірова

№83 гимназияның қазақ тілі және әдебиет пәнінің мұғалімі

ІЗГІЛІКТІ ТҮЛҒА ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Мақалада жас ұрпақтың бойында ізгілікті қасиеттерді; қамқорлықты, рухани құндылықтарды, ақылдылықты, адамдық қасиеттерді дамыту үшін отбасының, мұғалімнің, қоршаған ортаның әсері мол екендігі сөз болады. Оқу-тәрбие үрдісінде оларды дұрыс жолға қоя білу, ұштастыра білу қажеттігі қарастырылған. Сонымен қатар отандық ғалымдардың «ізгілік» ұғымына берген ой-пікірлерін кесте бойынша көрсеткен.

Түйін сөздер: *жас ұрпақ, ізгілік, құндылық, тәрбие, ой-пікір, рух, қасиет.*

Трудности в воспитательном процессе относятся сегодня к самым острым и актуальным не только в педагогическом, но и социальном плане. Сущность нравственного развития и воспитания. Роль самовоспитания в нравственном развитии личности. Данная статья посвящена роли семьи, учителя и окружающей среды в развитии таких человеческих качеств как забота, духовные ценности и разум.

Ключевые слова: *ценности, воспитание, качества, мнение, личность, развитие.*

Difficulties in an educator process behave today to the sharpest and actual not only in a pedagogical but also social plan. Essence of moral development and education. A role of self-education is in moral development of personality. This article is devoted role of family, teacher and environment in development of such human qualities as caring, spiritual values and reason.

Keywords: *values, education, qualities, opinion, personality, development.*

Қазақстан Республикасының «білім туралы» заңында білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың ұстанымдарының бірі – ол білім берудің ізгілікті және дамытушы сипаты, жеке адамды қалыптастыруға бағытталған рөлі және педагог, қызметкерлер, оқушылардың мемлекеттік білім беру стандартыда көзделген деңгейден төмен емес, білім, білік, дағды алуын қамтамасыз етуге, олардың жеке шығармашылық қабілеттерінің дамуы үшін жағдай жасау қажеттігі болып отыр [1].

Қазіргі нарықтық экономика жағдайында адам бойында адамгершілік нышандардың тапшы болуы, оқу-тәрбие үрдісін ізгілендіру қажеттілігін күшейтіп отыр. Жасөспірімдерді оқу-тәрбие үрдісінде «адам-қоғам-құқық» жүйесінде құрылуы қажет болып отыр.

Ізгілікті қасиеті адам баласына қоғамның дамуы мен жалпы адамзаттық

құндылықтардың бастауы ретінде адаммен бірге дамып келеді.

Әл-Фараби жастарға білім мен ізгілікті тәлім-тәрбие берудің, адам ақыл-ойының дүние танудағы құдіретін, адамның ақылына, талантына, біліміне зорлықсыз бір жүйемен оқытуға тікелей ықпал ететінін сол кезде аңғарған. Жүсіп Баласағұн, Махмұд Қашқари ізгілік адамның жүрегінде орнығатын қасиет деп тұжырымдады.

Ізгілендіру мәселесінің жалпы философиясының негізін зерттеген адамның қоғамдық мәнін, рухани жан дүниесіндегі сезімдік қасиеттерін, жеке адамның қоғамдағы рөлін ашып көрсеткен. Оқу-тәрбие үдерісінің гуманизациясы мен гуманитаризациясы пәнаралық байланыстың, жаһандық білім беру кеңістігіндегі ғылым мен практика интеграциясының негізі ретінде педаго-

гика ғылымдарының докторы, профессор А.А. Бейсенбаеваның жетекшілігімен дайындалды. Оның ғылыми мектебі аясында бүгінгі күнге дейін гуманды тұлғаны жалпыадамзаттық және әлемдік мәдениетке қатыстыру арқылы тәрбиелеуге бағытталған білім беруді ізгілендіру, гуманитарландыру идеясы ерекше маңызға ие.

Ғалымның пікірінше: «Білімді ізгілендіру мектепті ұлттық және әлемдік мәдениетке, рухани құндылықтарға мән беруін, тұлғаның рухани мәдениетін қалыптастыратын кез келген халықтың байлығы мен көптүрлілігін, ұлттық және жалпы адамзаттық мәдениет құндылықтарын түсінудегі оқу пәндері рөлінің өсуін, «саяси салада – қоғамның консенусы мен тұрақтылығына бағдарланған; ұлттық қатынастарда – ұлтаралық келісімді нығайтуға бағдарланған гуманды тұлғаны қалыптастыру механизмдерін дайындауды» қамтамасыз етеді. Бұл ғылыми мектеп шеңберінде ізгі тұлғаның моделін дайындау құрылымында пәндік білімдерді меңгеру ғана емес, ана тілі мен басқа тілдер білімінің көзі ретінде рухани-адамгершілік байлықты меңгеруді дамытудың қажеттілігі; өзінің және басқа халықтың тарихын, мәдениетін, дәстүрі мен салтын сыйлау-

ды қалыптастыру маңызды болып табылады. Г.Шолпанқұлова гумандық қарым-қатынас ұғымын анықтай отырып, оның құрылымдық бөліктерін көрсететін оларға гумандық қасиеттерді шынайы жалған және гумандыққа жат қасиеттер деп топтастырды. В.П. Кәріпжанова гумандық сенімділікті қалыптастыру мәселесін және оның құрылымдық компоненттерін анықтады. Қ.Т. Өтемова жүрек, ақыл, қайратқа қатысты қасиеттерін жіктеп көрсеткен. Г.С. Құрманбаеваның ғылыми еңбегінде әдебиет сабағында оқушылардың табиғатқа ізгілікті қатынасын қалыптастырудың ғылыми теориясының негіздерін белгілеу, әдістемелік жүйесін жасау – өзекті мәселесі [2].

Қазіргі уақытта жаһандану заманында қоғам өмірінің ғаламдық өзгерістері адамның өмір сүруіне өз әсерін тигізіп отыр. Қай кезеңде болмасын қазақ халқы ұрпақ тәрбиелеуді өзекті мәселе ретінде қарастырған.

Жас ұрпақтың бойында ізгілікті қасиеттерді, қамқорлықты, рухани құндылықтарды, ақылдылықты, адамдық қасиеттерді дамыту үшін отбасының, мұғалімнің, қоршаған ортаның әсері мол. Оқу-тәрбие үрдісінде оларды дұрыс жолға қоя білу, ұштастыра білу қажет.

1-кесте «Ізгілік» ұғымының контент-талдауы.

Авторлар	Еңбектері	Анықтамалары
Әл-Фараби	<i>Әл-Фараби Трактат «Қазақстан»</i> баспасы, Алматы 1971 -1706	«Ізгі» ұғымын жеке тұлғаға бағытталған қозғаушы күш. Ізгілендірудің түпкі мақсаты оқушыны белсенді тануға ұмтылатын субъект етіп, шығармашыл тұлға етіп, қалыптастыру, дамыту.
Қожа Ахмет Иассауи	<i>Иассауи Қожа Ахмет «Диуани хикмет»</i> Алматы, 1993 -2606	Қ.А. Иассауи еңбектерінде ізгілік мәселелері дінмен байланыстыра айтылады. Мейірімділік білдіру, жанашырлық пен қайырымдылық жасау бұл ізгіліктің негізгі түйіні деп түйіндейді.
А. Құнанбаев	<i>Құнанбаев А. Шығармалар толық жинағы. –Т.2-Алматы: Ғылым, 1987. 280б</i>	Білім сол мәдениетті ізгілендірудің және оны келешек ұрпаққа жеткізудің басты құралы болып табылады. Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, сонда толық боласың елден бөлек дейді.

ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ

Ы. Алтынсарин	<i>Ы. Алтынсарин. Таңдамалы педагогикалық шығармалары. Құр. Қалиев С – Алматы: Рауан, 1991-221б</i>	<i>Қарап тұрсақ Ы.Алтынсарин еңбектерінің барлығы балаларды ізгілікке, білімділікке үгіттейтін тәрбиелік мәні жоғары педагогикалық шығарма.</i>
М. Жұмабаева	<i>Таңдамалы. –Алматы. Ғылым, 1992-270б</i>	<i>Адамға қалайда болса қашанда болса пайда келтіретіндей ой, ләм іс ізгілік-деп атады. Ізгілікке ұмтылу жауыздықтан безу адам жаратылысының өзінде бар нәрсе.</i>
М. Әуезов	<i>Адамның негізі-әйел. 20 томдық шығармалар жинағы т15. Алматы; Жазушы, 1984. -79б</i>	<i>Жазушы ізгі ниетті азаматтың қалыптасуын отбасынан, қоршаған ортасынан бастау алады, сонымен қатар, ізгілік – бұл адам бойынан көрініс тапқан қасиеттер арқылы анықталады деп түсінеді.</i>
Д.Кішібеков	<i>Философия – Алматы: Рауан, 1991, -316б</i>	<i>Адам бойындағы ізгі қасиеттердің үш кезеңде болатындығын түсіндіреді.</i>
О.Нұсқабаева	<i>Нұсқабаев О. Мектеп жас ұрпақты әлеуметтендіру институты. Алматы: Қазақстан, 1997-152б</i>	<i>Білім мәдениетті ізгілендірудің және оны келешек ұрпаққа жеткізудің басты құралы болып табылады.</i>
Р.Н.Нұрғалиев	<i>Философиялық сөздік. Алматы: Қазақ энциклопедиясы бас редакциясы, 1996. -342б</i>	<i>Гуманизм (иманды) – адамның қадір-қасиеті мен құқын құрметтеуді, оның жеке тұлға ретінде бағасын адамның игілігіне, оның жан-жақты дамуына, адам үшін қолайлы қоғамдық өмір жағдайын жасаған қамқорлықты білдіретін көзқарастардың жиынтығы.</i>

Бұл кестеден біз отандық ғалымдардың адам бойындағы ізгілік қасиеттерді, мейірімділікті, адалдықты, әдептілікті, парасаттылықты, қайырымдылықты, төзімділікті, тағы да басқа қасиеттерді қалыптастыруды жан-жақты ұғын-дырғанын білеміз. Жас ұрпақтың бойына асыл қасиеттерді сіңіруді жас кезден бастаған дұрыс. Ол туралы Ж.Аймауытұлы: Бала әдетті жасынан тамызықтап жинайды. Баланы бұзуға, түзеуге себеп болатын бір шарт-жас күнде

көрген өнеге. Ол өнеге әке-шешенің тәрбиесі болуы керек. Жаста алған мінезді жүре түзеп әкетуге адамның жанында өзгеше бір қуат болу керек [3].

Қорыта айтқанда, қазіргі күнде оқу-тәрбие үрдісінде руханилық проблемасы шеттеп қалмай, жас ұрпақтың бойында ізгілік қасиеттерді, адамгершілік құндылықтарды сақтауға мүмкіндіктер, қажеттіліктер жасалуы керек деп топшылаймыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қазақстан Республикасының Білім туралы заңы, 2007ж
- 2 Ұлттық тәрбие негіздері. Дәрістер курсы. Авторлар ұжымы. – Алматы, 2010. - 91б.
- 3 Ж.Аймауытов. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989. -560б.

ӘОЖ 372.881.1

Г.М. Ибраимова

№83 гимназияның қазақ тілі және әдебиет пәнінің мұғалімі

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ТІЛДІК ДАҒДЫЛАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Мақалада жаңа қоғамның ертеңгі болашағын оқыту мен тәрбиелеу жайы айтылған. Сонымен қатар белсенді оқыту арқылы білім алушының жеке басының дара және дербес ерекшеліктерін ескеріп, олардың өз бетінше ізденуін арттыру, шығармашылығын қалыптастыру мәселелері қарастырылған.

Түйін сөздер: қоғам, болашақ, оқыту, тәрбие, белсенді оқыту, шығармашылық, оқытушы.

Статья посвящена использованию методов активного обучения. Дается определение активного обучения как процесса, в котором учащийся имеет возможность управлять собственным образованием. В качестве средства «активизации» обучения предлагается технология критериальной оценки учебных результатов. В статье также рассматриваются технологии постановки целей и оценки их достижения в ходе использования методов активного обучения.

Ключевые слова: общество, будущее, учеба, активное обучение, творчество, преподаватель.

The article is sanctified to the use of methods of hands on training. Determination of hands on training is given as a process in that studying has the opportunity to manage own education. As means of «activation» of educating technology of criterion estimation of educational results is offered. In the article technologies of raising of aims and estimation of their achievement are also examined during the use of methods of hands on training.

Keywords: society, future, studies, hands on training, work, преподаватель.

Білім деңгейі, ой-өрісі дамыған, өз ойын қазақ тілінде еркін жеткізе алатын, туындаған мәселелерді шеше білетін шынайы өмірге бейім жаңашыл ұрпақ тәрбиелеу-XXI ғасыр мұғалімдерінің басты міндеті. Қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде оқытуда отандық және халықаралық озық үлгілерді тиімді пайдалану, оқушылар бойында тілдік дағдыларды қалыптастыру - бүгінгі күннің басты талабы. Қазақ тілі сабақтарында еркін қарым- қатынас жасауға, сыни тұрғыдан өз көзқарасын білдіруге, өз ойын жеткізіп, шешім қабылдауға дағдыландырса, оқушы қазақ тілінде берілген кез келген ақпараттарды тиімді қолдана отырып, өзіне қажетті мәліметті ала алады. Осы мақсатта Назарбаев Зияткерлік мектептерінде тілді кіріктірілген бағдарлама негізінде оқыту

жобасы жүзеге асырылуда. Бағдарламаның негізгі мақсаты – сөйлеу әрекетінің түрлерін (айтылым, жазылым, тыңдалым, оқылым) дағдыларын қалыптастыру. Мектеп бітірген оқушылар ана тілін C1 деңгейінде, екінші тілді C2 деңгейінде меңгерулері қажет. Осы деңгейлерге жету үшін қазақ тілі сабақтарында келесі тілдік дағдыларды қалыптастыру қажет [1, 7-6].

Тыңдалым дағдысы бойынша:

- негізгі ойды түсіну;
- ақпаратты анықтау;
- түсінгенін практикада қолдана білу;
- ақпаратқа өз көзқарасын білдіру;
- ой қорыта білу дағдылары.

Айтылым дағдысы бойынша:

- ◆ белгілі бір тақырыпқа қатысты ойын білдіру;

- ◆ өз көзқарасын дәлелдеу;
- ◆ шешім шығару, қорытынды пікір жасау;

- ◆ зерттеушілік (анализ, синтез);
- ақпаратты өңдеу дағдылары.

Оқылым дағдысы бойынша:

- ◆ мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты ажырата білу;
- ◆ астарлы ойды анықтау;
- ◆ шығарма кейіпкерлерін салыстыра білу;
- зерттеп оқу;
- ◆ сыни тұрғыдан бағалай білу дағдылары.

Жазылым дағдысы бойынша:

- ◆ тақырыпты аша білуі;
- ◆ өз ойын сыни тұрғыда дәлелдеуі;
- ◆ қорытынды шешім шығаруы;
- ◆ өз көзқарасын дәлелдеуі;
- ◆ цитатамен жұмыс істеу дағдылары бағаланады.

Осы дағдыларды қалыптастыруда мына әдіс-тәсілдерді пайдалануға болады: [2, 6-6].

- ◆ оқытудағы басты принцип – оқушының жеке, өзіндік мүмкіндіктерін ескеру;

- ◆ барлық оқушының сабаққа белсенді қатысуын қамтамасыз ету үшін деңгейлік тапсырмалар арқылы оқыту;

- ◆ өзін ойын жеткізу, өзіндік таңдау жасауына мүмкіндік тудыра отырып, оқушының танымдық және шығармашылық қабілетін дамыту;

- ◆ проблемалық оқыту арқылы оқу материалын өмірмен байланыстыра отырып, оқушыларды білімді өз бетімен меңгеруге талпындыру;

- ◆ сыни тұрғысынан ойлау технологиясын қолдану;

- ◆ мақсат қою, мәселені зерттеу, жауап іздеу, мәселені талқылау, ой қорытындылау;

- ◆ өз ойларын ашық айта білетін азамат тәрбиелеу;

- ◆ ұжымдық оқыту технологиясының мақсаты - оқушының қабілетін дамыту, еңбек етуге баулу, ұйымшылдық қабілет-

терін ояту, ынтымақтастыққа тәрбиелеу, өзін-өзі басқару.

- ◆ жаңа идеялар ұсынуда және жаңа мүмкіндіктерді көруде, мәселелерді шешуде ұжымдық оқыту технологиясының маңызы зор;

- ◆ Оқушы өзінің көзқарасын қалыптастырып, басқалардың да пікірін ескереді;

Сабақты өткізуде мұғалім ескеруі қажет:

- ◆ сабақтың мақсаты мен күтілетін нәтиже анық болу керек;

- ◆ тілдік төрт дағдыны (оқылым, тыңдалым, жазылым, айтылым) дамыту;

- ◆ белсенді оқыту түрлерін қолдану арқылы оқушы уәжін арттыру;

- ◆ мұғалім мен оқушы арасындағы кері байланыс;

- ◆ оқу жетістігін критериалды жүйе арқылы бағалау.

Нәтижесінде оқушылардың бойынан мынадай өзгерістер байқалды:

- Ынтымақтастыққа үйренеді;
- Жеке, жұппен, топпен жұмыс істеуге үйренеді;

- Өз ойларын еркін жеткізуге үйренеді;
- Өзіне өзі баға беруге, сыныптастарын бағалауға үйренеді;


- Бір-бірін тыңдауға, талдауға, салыстыруға, сабақты қорытындылауға, қорғауға үйренеді.

«Шет тілдерді игерудің жалпы еуропалық құзыреттері: зерттеу, оқыту, баға стандартында бұл «қатысымдық тұлғалар» - тілдік дағдылар деп аталған. Тілдік төрт дағды (айтылым, тыңдалым, жазылым, оқылым) оқушының сөйлеу әрекетін қалыптастырады.

Осылардың ішінде басқа дағдыларды қалыптастырудың негізгі алғышарты – тыңдалым әрекеті болып табылады. Өйткені күнделікті өмірде оқушы көптеген ақпаратты сағат сайын естіп, көріп тыңдайды. Бірақ кез келген ақпаратты тыңдау арқылы түсіну сөйлеу әрекетін қалыптастырады. Егер оқушы өзіне керек мәліметті тыңдау арқылы тауып үйренсе, ол басқа үш дағдыны (айтылым, жазылым, оқылым), яғни айтылып

жатқан мәліметті түсінеді; өз пікірін білдіре алады және басқалармен қарым-қатынас жасай алады; тақырыпқа қатысты деректі түсініп оқиды; көтерілген мәселеге қатысты өз көзқарасын жазбаша жеткізе алады.

Қазіргі кездегі барлық білім берудің жаңа әдіс-тәсілдерінің алдына қоятын басты мақсаты – білім алушының жеке басының дара және дербес ерекшеліктерін ескеріп, олардың өз бетінше ізденуін арттырып, шығармашылығын қалыптастыру болып табылады. Ал оқу мақсаттары белсенді оқыту топтық, жеке, жұптық жұмыс түрлерін қолдану арқылы іске асырылады. Мұғалімнің іс-әрекеті оқушыны бақылауға, бақылау нәтижесін өңдеуге, бағыт-бағдар беруге, күтілетін нәтижені анықтауға арналады. Оқушының іс-әрекеті өз көзқарасын салыстыруға, топтық, жұптық жұмыста бірлесе шешім шығаруға, өз жетістіктерін бағалауға арналады. Белсенді оқыту тілдік дағдыларды қалыптастыруда – оқытуды дамыту, өздігінен дамитын, дұрыс шешім қабылдай алатын, өзін-өзі жетілдіретін тұлға қалыптастыруға негіз болады. Сонымен қатар, білім алушылардың өз бетімен ізденуін арттыру мен шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. Сабақ процесі оқушыны белсенді іс-әрекетпен белсенді ойлауға, белсенді оқытуға бағытталады. Топтық жұмыста айтылым дағдысын қалыптастыруда «Пирамидалық талқылау» белсенді оқытуы өте тиімді. Топ мүшелері өз пікірін жеке жазып, ортада талқылап ортақ пікір қалыптастырады. Топ мүшелерінің саны 4 оқушыдан болуы керек. Әр топ тартылған флипчарт қағазға тапсырмаға байланысты жеке өз ойларын жазады. Қағазды бұру арқылы бір - бірінің жауабымен танысады. Жауаптарымен танысып ортақ пікірді қағаз ортасына жазып, ойларын қорғайды [3,17-б].



Топтастыру. Сабақ басында жаңа сабаққа бағыт беру үшін тақтаға жазылған сөздерге болжау жасайды. Оқушы осы сөздерге қосымша сөздер қосады. Содан соң кезекпен сөздердің мағынасын анықтайды. Анықталған сөздің мағынасын дауыстап оқиды, ал басқалары жазып алады. Осы әдіспен оқушылардың жазылым, тыңдалым дағдыларын дамытуға болады [3,15-б]. Айтылым және жазылым дағдыларын қалыптастыруда «ПОПС» формуласын қолдану өте тиімді. Тақырып бойынша өз пікірін дәлелдеп, көзқарасын білдіріп, шешім шығарады.

Бірінші сөйлем «Менің ойымша,»

Екінші сөйлем «Себебі, мен оны былай түсіндіремін»

Үшінші сөйлем «Оны мен мына фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын».

Соңғы сөйлем «Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім».

«Жасырын сурет» белсенді оқытуы айтылым дағдысын қалыптастыруға әсер етеді. Топтардан бір оқушыдан шығып 20 секунд уақыт ішінде суретті есте сақтайды. Топ мүшелеріне көрген суреті бойынша сипаттайды, олар түсінгенін суретке салады. Көрген суретін топ жандандыруға тырысады. Суреттер тақырыпқа сай болуы керек. Оқушыда топ үшін жауапкершілік пайда болады және бірлесе жұмыс істеуге дағдыланады [3,18-б].

Қорыта келе, белсенді оқыту арқылы білім алушының жеке басының дара және дербес ерекшеліктерін ескеріп, олардың өз бетінше ізденуін арттырып, шығармашылығын қалыптастыру болып табылады. Ұрпақ тәрбиесі – келешек қоғам тәрбиесі. Сол келешек қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл-парасаты мол, мәдени-ғылыми өрісі озық етіп тәрбиелеу – біздің де қоғам алдындағы борышымыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Үш тілде білім беруді іске асыру бойынша мектептерге арналған нұсқаулар. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2014. - 184б.

2 nis.edu.kz/kz/programs/integ-edu-program/ Кіріктірілген оқу бағдарламасы, негізгі мектеп.

3 CLIL әдісіне негізделген әдістемелік нұсқаулық. – Астана 2013.

ӘОЖ 371.3

Э.М. Құлғанатова

*№39 қазақ орта жалпы білім беру мектебінің ағылшын тілі пәнінің мұғалімі,
Ақтөбе қаласы*

**АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА КОММУНИКАТИВТІК ОҚЫТУДЫҢ
ЭЛЕМЕНТТЕРІН ҚОЛДАНУ**

Мақалада ағылшын тіл сабағында коммуникативтік элементтерді қолданып оқыту тақырыбына арналған. Коммуникативтік элементтерді қолданудың артықшылығы, оның сабаққа ықпалы, оқыту атмосферасын жетілдіру, ағылшын тілін қабылдау тиімділігін жоғарлату бейнеленген.

Түйін сөздер: *оқытудың түрлері, жіктелуі, коммуникация әдістері, ағылшын тілін оқыту, ұстаным.*

Данная статья посвящена теме преподавания английского языка с использованием коммуникативных элементов. В статье отображаются преимущества использования преподавания коммуникативных элементов, их влияние на урок, на улучшение атмосферы обучения, повышение эффективности восприятия иностранного языка.

Ключевые слова: *виды обучения, классификация, методы коммуникации, преподавания английского языка, позиция.*

The article displays the importance of using elements of communications in teaching English language. This article shows that using this types of teaching can highly improve the effect of accepting the language during the lesson; it is also develop their interest to the lesson and affect the lesson beneficially.

Keywords: *kinds of learning, classification, methods of communications, teaching English language, position.*

Шет тілді меңгеру бүгінгі күннің өзекті мәселесі екендігі баршамызға белгілі. Бұл іс біріншіден, әлеуметтік сұранысқа негізделген мемлекеттік қажеттілікті нысана еткен жағдайда, екіншіден, бүгінгі оқыту жүйесіндегі ағылшын тілінен берілетін білім нәтиже берген жағдайда ғана алға басады.

Ағылшын тілін оқыту жалпыға міндетті мемлекеттік білім стандарты, базистік оқу жоспары, тілді оқыту тұжырымдамасы және мемлекеттік оқу бағдарламалары негізінде жүзеге асырылады. Ағылшын тілі мемлекеттік білім стандарттарына сай жалпы білім беретін мектептің үш сатысында да

міндетті пән деп саналады. Әр саты бойынша даярланған оқу бағдарламаларында ағылшын тілінен берілетін білім мазмұны мына ұстанымдар негізінде құрастырылған.

1 Тақырыптық ұстаным. Бұл жерде ағылшын тілін практикалық бағытта

оқыту көзделеді. Барлық грамматикалық формалар сөйлеу моделі арқылы диалогтік, монологтік сөйлеу түрінде лексикалық тақырыптар арқылы практикалық жолмен меңгеріледі.

2 Жүйелілік ұстаным. Дидактикалық ұстаным бойынша

тілдік материалдар жүйелілік ұстанымға негізделі құрылып, жеңілден ауырға қарай күнделікті қарым-қатынас жасау мақсатында сөйлеу тіліне қарай іріктеліп беріледі.

3 Оқушының ана тілін негізге алу. Бұл ұстанымда коммуникативтік қарым-қатынас жасауда баланың ана тіліндегі білім мен сөйлеу дәрежесі негізге алынады.

4 Функционалдық ұстаным. Бұл ұстаным бойынша ағылшын тілін функционалдық дәрежеде меңгеруге болады деген мәселе ескеріледі.

Осы ұстанымдарды тірек ете отырып, бағдарламада оқушы сөйлеп үйрену үшін қандай грамматикалық формаларды меңгеруге, білуге тиіс және оған қажетті лексикалық, грамматикалық минимумдар жүйесін жасау, сөйлеу модельдерін беру, т.б. мәселелер ескеріліп, әр сыныпта оқылатын материалдар оқушының сөйлеу, ойлау қабілеті мен тілін дамытуға бағытталады.

Коммуникативтік әдіс – оқушы мен мұғалімнің тікелей қарым- қатынас арқылы жүзеге асатын, белгілі бір тілде сөйлеу мәнерін қалыптастыратын, тілдік қатынас пен әдістемелік категорияларға тән басты белгілер мен қағидалардың басты жүйесінен тұратын, тіл үйретудің тиімді жолдарын тоғыстыра келіп, тілді қарым - қатынас құралы ретінде іс-жүзіне асыратын әдістің түрі.

Коммуникативтік әдіс – тәсілдердің ағылшын тілі сабағында қолданылуы

Еркін сөйлеудің 3 түрі бар:

1) Қайталап сөйлеу:

- Мұғалімнен немесе диктордан кейін, дыбысты, сөзді немесе сөз тіркесін ауызша қайталап айту.

- Жазбаша жаттығуды дауыстап оқу.

2) Репродуктивтік сөйлеу:

- Қойылған сұрақтарға жауап беру;

- Мәтіннің соңында берілген сұрақтарға жауап беру;

- Ауызша аударма жасау.

3) Еркін сөйлеу;

а) Монолог

- Белгілі бір тақырыпта белгілеу;

- Суретті сипаттап айту;

- Мәтіннің мазмұнын ауызша баяндау немесе монолог.

ә) диалог.

- алма- кезек ауысып сөйлесу;

- біріншіден, сөйлеушінің сөзін түсіну, екіншіден дереу жауап қайтару;

Коммуникативтік ойлау іс-әрекетіне дайын болатын когнитивтік компетенцияның керекті компоненті болып табылады. Ағылшын тілі сабақтарында оқушылардың тіл- ойлау қабілетін дамытатын жағдайлар:

- мәтінмен жұмыста;

- мәселемен жұмыста;

- ойындық есеп жұмысында

Оқушылар еркін сөйлеу нәтижесінде өздерінің бұған дейін алған фонетикалық, лексикалық грамматикалық білімдерінің жиынтығын кластер стратегиясы, ассоциация, Венн диаграммасы, аудирование, резюме элементтерін пайдаланған кезде көрсете алады.

Аталған стратегиялардың тиімділігіне тоқталсақ:

1. Ассоциация.

2. Аудирование:

а) Тыңдау, түсіну, ойын жеткізу, мақал-мәтел немесе қанатты сөзбен байланыстыру.

в) негізгі түйінін ашу;

с) өмірмен байланыс жасау.

3. а) Оқушыларды елжандылыққа, туған жер, Отанын сүюге тәрбиелеу, патриоттық тәрбие беру.

в) Басты мақсатым оқушылардың таным

деңгейін, білім, билік дағдыларын дамыту, пікір айта білуге, өз пікірін қорғай, дәлелдей білуге баулу.

II. 1) Резюме

Оқушылар өздерінің резюмесін жазып келеді. Бір-біріне сұрақ қояды.

III. 1) Венн диаграмма стратегиясы:

«Қазақтың батыр қыздары»

2) Батырлар, Отан туралы мақал- мәтел табу.

3) Пән- аралық байланыс

- математика

- география

- тарих

4) Схема бойынша оқушыларды :

- патриоттыққа

- адамгершілікке

- сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

Ойлау – сөйлеуді керек ететін кез келген жағдайда үш компонент өзара байланысады: шешілетін мәселе, бар білімдері, зерттеу әрекеттері.

Коммуникативтік оқыту тілдік әрекетінің барлық түрінде қалыптасады – тыңдауда да, сөйлеуде де, оқығанда да, жазғанда да, өйткені ол оның іске асуын қамтамасыз етеді.

Лингвистикалық, әдістемелік әдебиеттердің көпшілігінде сөйлесім әрекетін төрт түрге бөліп қарастыру тұрақты орын алған.

Олар: сөйлеу, оқу, жазу, түсіну.

Коммуникативтік оқыту:

ОҚУ, СӨЙЛЕУ, ТЫҢДАУ, ЖАЗУ – ауыз-

ша өзара қатынас, жазбаша өзара қатынас біркелкі, бір уақытта дамиды.

Жоғарғы сөйлемде айтылғандай коммуникативтік оқытудың сөйлеу әрекетінің барлық төрт түрінде де қажеттілікпен қатысып тұрғаны көрінеді. Өйткені ол ауызша да, жазбаша да қарым-қатынас жасаушылардың бір-бірін тілдік қабылдауы мен түсінігін қамтамасыз етеді.

Қорыта келе, коммуникативтік оқыту арқылы оқушылардың танымдылық қабілеттері, танымдық процестері дамып, сөздік қоры молаяды, оқытуда жағымды әрекет қалыптасады. Бұның бәрі дамығаннан кейін оқушының қиялы мен ойлауы, есі мен қабылдауы, зейіні дамып қалыптасады. Танымдық қабілеттер, танымдық процестер әрбір технология барысында дамиды. Ал қажеттілікті қанағаттандыру әр түрлі әлеуметтік жағдайларда бағыт-бағдарда жоғалтпау, адамдардың эмоционалдық жағдайлары мен жеке тұлғаның ерекшеліктерін анықтау, олармен қарым-қатынастың тепе-тең түрлерін таңдау, өзара іс-әрекет процесінде сол түрлерін іске асыру, зейін аудару, психологиялық қатынас орнату, сөйлеу мәдениеті дамиды. Ал сөздік қорының дамуы мәтінмен жұмыс істегенде, белгілі бір мәселені шешкенде дамиды.

Осы технологияның элементтерін ағылшын тілі сабақтарында қолдану көптеген жетістіктерге әкелетініне көзім жетуде.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Иманқұлова С. Жаңаша оқыту әдістемесі. Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің хабаршысы. – Алматы, 2006. - №1Б. 97-98.

2 Сақтағанова М.С., Алиева Н. Қ., Айтбаева Н. Қ. «Коммуникативтік оқытудың элементтері» – Білім. №5, 2007 ж.

3 Skrivener J. Learning teaching. Guidebook for English Language teachers, 2-nd. ed. Macmillan Education, 2005. – 431p.

МАЗМҰНЫ – СОДЕРЖАНИЕ

Табылды Ә. «Әдептік сабақтар» (5-11-сыныптарға арналған) оқу құралынан үзінді.....	6
Ғаббасов С. Өткен күнде – белгі бар.....	10
Нуриев М.А., Кдыралиева Ж.Б. Білімалушылардың шығармашылық қабілетін дамыту.....	18
Нуриев М.А., Советканова Д.М., Садыкова А.Е. Теоретические основы технологии проектного обучения.....	22
Бөлеев Қ. Қазақтың халықтық астрономиясының зерттелу жайы.....	26
Құсайынова С.Қ. Қазақтың халықтық биологиясы мен халықтық медицинасының зерт-телуі	33
Бөлеев Қ., Құсайынова С.Қ., Бөлеева Қ.Л. Халықтық білімдерді оқушыларға ұлттық тәрбие беруде пайдалану туралы.....	40
Құдабаева К.И., Айтмуханова П.М. Жоғары мектепте кәсіби мамандарды дизайннан даярлау бағыты.....	46
Сатыбаева А.С., Маханова Н.Б. Жастардың мамандық таңдау мәселелері.....	52
Әбжан Г.М. Қазақтың ұлттық ойындары – халқымыздың асыл мұрасы.....	56
Әліпхан Г.Қ. Т.Тәжібаев Абай шығармаларындағы оқу, білім жөнінде.....	61
Қаражанова К.Ә. Ислам діні – тәрбие беруде ұлттық құндылықтың негізі.....	65
Әмірова Қ.Б. Ізгілікті тұлға қалыптастыру мәселелері.....	71
Ибраимова Г.М. Қазақ тілі сабақтарында тілдік дағдыларды қалыптастыру.....	74
Кулганатова Ә.М. Ағылшын тілі сабақтарында коммуникативтік оқытудың элементтерін қолдану.....	77

Мақалаларды журналға басып шығарудағы талаптары

Мақаланы «Ұлттық тәрбие» журналына тапсыру үшін журналдың жауапты хатшысына қағаз түрінде басылып шыққан файл көшірмесі мен кез келген электронды таратушыда өткізу керек. Дискетадағы ақпарат қағаз түрінде басылып шыққан ақпаратқа сай келуі қажет.

Мәтін Microsoft Word мәтіндік редакторда, Times New Roman шрифтпен, шрифттің өлшемі № 12 терілуі қажет. Мақаланың көлемі 5 беттен кем болмауы тиіс. Беттің параметрлері: үсті – 2 см, асты – 2 см, сол жағы – 3 см, оң жағы – 1,5 см. Жоларалық интервал – дара (одинарный).

Мақала автордың аты-жөні, қызметі, ғылыми лауазымы, мақаланың атын көрсетумен басталады, мақаланың соңында үш тілде түйін беріледі. Мақала терілгеннен кейін автор өзі тексеріп, қателерін түзеп, соңғы нұсқасын беруі қажет. Мақала мазмұнына автор өзі жауап береді.

Әдебиеттерге сілтеме міндетті түрде жасалсын. Олар мәтінде аталуына қарай таяқшада сан түрінде көрсетіледі. Мақаланың соңында берілетін әдебиеттер тізімінде алдымен автордың аты-жөні, мақаланың немесе кітаптың аты, сонан кейін кітаптың жалпы мәліметтері көрсетіледі.

Мақаланың соңында қызмет және үй телефон нөмірлерін көрсетулеріңіз қажет.

Түп нұсқалар, қойылған талаптарға сай келмеген жағдайда баспаға қабылданбайды. Мақалалар кері қайтарылмайды және өңделмейді.

Мақаланы баспаға шығару ақысы университеттің қассасына төленеді немесе банк арқылы төлеуге болады. *Қойылған талаптарға сәйкес мақаланы журналға шығару бағасы 1500 теңге.

Бір жылға жазылу бағасы 3104 теңге. Журналға жазылу «Қазпошта» бөлімшелері арқылы жыл бойына жүреді. **Индекс: 74310**

Требования к оформлению статей, публикуемых в журнале

Материалы для журнала «Ұлттық тәрбие» сдаются ответственному секретарю журнала в распечатанном виде с приложением копии файла на любом электронном носителе. Информация на электронном носителе и в распечатанном виде должна быть идентичной.

Набор должен быть произведен в текстовом редакторе Microsoft Word шрифтом Times New Roman, кегль – 12. Статья должна быть не менее 5 страниц. Параметры страницы: верхнее – 2 см, нижнее – 2 см, слева – 3 см, справа – 1,5 см. Междустрочный интервал – одинарный.

Статья должна начинаться с указания ФИО автора, занимаемой должности, ученой степени, названия статьи. В конце статьи обязательно наличие резюме на трех языках. Текст должен быть тщательным образом выверен и отредактирован автором после набора. Автор сам отвечает за содержание статьи.

Ссылки на литературные источники обязательны. Они даются в тексте цифрами в сносках по мере упоминания. В списке литературы, который дается в конце статьи, вслед за фамилией и инициалами автора идут название статьи или книги, а затем остальные выходные данные.

В конце статьи необходимо указать номер служебного и домашнего телефона.

Оригиналы, оформление которых не будет соответствовать указанному требованию, к публикации не принимаются. Статьи не возвращаются и не рецензируются.

Материалы, поступившие в редакцию, в дальнейшем не будут использоваться в других изданиях.

Оплата за публикацию вносится в кассу университета, либо производится по безналичному расчету. *Стоимость статьи в журнал 1500 тенге.

Подписная цена за год 3104 тенге. Подписка на журнал проводится в течение года в отделах «Казпочта». **Индекс: 74310**

*Реквизиты: РГП ПХВ Абай атындағы Қаз ҰПУ
ИИН KZ17856000000086696
БИН 031 240 004 969
РНН 600900529562
АГФ ОАО «БанкЦентрКредит»
МФО 190501719, код 16
Свидетельство о постановке на учет по НДС:
Серия 60305 № 0005741 от 13.01.04

Ескерту:

Жекелеген авторлардың журналда жарияланған мақалаларындағы пікір-ұсыныстары редакцияның түбегейлі көзқарасын білдірмейді.

Мазмұнды, әрі мағыналы жазылған мақалалар редакцияда қаралып, ақысыз жарияланатын болады.

Примечание:

Мнения и предложения авторов статей опубликованных в журнале могут не совпадать со взглядами и мнением редакции.

Лучшие статьи по мнению редакции будут печататься в журнале бесплатно.

Құрметті оқырмандар!

«Ұлттық тәрбие» журналын «Қазпошта» АҚ мекемесінің кез келген бөлімшесінен жаздырып ала аласыз. Журналға жазылу жыл бойына жүргізіледі.

«Ұлттық тәрбие» журналын жаздырып алуға және мақала жариялап, өзіндік тың ой қосуға асығыңыз, ағайын!

Мына мекен-жайға хабарласуларыңызға болады: Жамбыл көшесі, 25 үй, 24 каб. Тел: 291-88-83. E-mail: nitso@mail.ru

**050010, Алматы қаласы, Достық даңғылы, 13
Абай атындағы ҚазҰПУ**

Абай атындағы ҚазҰПУ-нің «Ұлағат» баспасының баспаханасында басылды
Отпечатано в типографии издательство «Ұлағат»
КазНПУ имени Абая

*Жауапты редактор/Ответственный редактор – Жанар Сейсенбаева
Жауапты хатшы/Ответственный секретарь – Жадыра Байбатшаева
Беттеген/Верстка – Жадыра Байбатшаева*

Редакция мекен-жайы:

050010, Алматы қ., Жамбыл к-сі, 25-үй,
Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ҒЗИ, каб. 24.
Тел/факс: 8(727) 291-88-83, 87026338899
электрондық мекен-жай: nitso@mail.ru

Басылымға жіберілді: 05.02.2015 ж. Пішімі – 60x84 ¹/₈.
Қағаз - сықтықкар. Басылым – офсет. Көлемі – 10.25 б.т.
Таралымы – 400. Тапсырыс – № 306



АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АБАЯ

ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ НАЦИОНАЛЬНОЕ ВОСПИТАНИЕ

Екі айда бір рет шығатын

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-КӨПШІЛІК ЖУРНАЛ

2010 ЖЫЛДЫҢ НАУРЫЗ АЙЫНАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

1 (27) 2015

(қаңтар-ақпан)

1
